«НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРІ» ДЕРБЕС БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНЫҢ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ 2013

# МАЗМҰНЫ


**КІРІСПЕ** ... 3

**ЦИФРЛАР МЕН ФАКТІЛЕР** ... 4

1-БӨЛІМ. БІЛІМ БЕРУДІҢ МАЗМҰНЫ ... 5
- 1.1 Білім беру бағдарламалары ... 5
- 1.2 Үш тұғырлы білім беру ... 10
- 1.3 Тәрбие жұмысы ... 12
- 1.4 Білім беру ресурстары ... 16

2-БӨЛІМ. ОҚУШЫЛАРДЫ БАҒАЛАУ ЖӘНЕ МЕКТЕПТЕРДІ АККРЕДИТТЕУ ЖҮЙЕСІ ... 20
- 2.1 Зияткерлік мектептердің 7-сыныптарына оқушыларды конкурстық іріктеу жүйесін әзірлеу және енгізу ... 20
- 2.2 8 – 9-сыныптарға оқушыларды конкурстық іріктеу ... 23
- 2.3 Критерийлік бағалау жүйесін енгізу ... 26
- 2.4 Оқушылардың жеке-дара прогресі мониторингі жүйесін әзірлеу және енгізу ... 28
- 2.5 Түлектерді сырттай тәуелсіз қорытынды бағалау жүйесін әзірлеу ... 34
- 2.6 Зияткерлерлік мектептерді аккредиттеуге дайындау ... 36

3-БӨЛІМ. ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРДІҢ ОҚУШЫЛАРЫ ... 39
- 3.1 Оқушылардың контингенті ... 39
- 3.2 Виртуалдық және демалыстық мектептер ... 39
- 3.3 Элективті курстар ... 41
- 3.4 Оқушылардың халықаралық және республикалық олимпиадаларға, ғылыми конкурстарғ, конференцияларға қатысуы ... 44
- 3.5 Оқушылардың үлгерімі және білім сапасы ... 44

4-БӨЛІМ. ПЕДАГОГ КАДРЛАР ... 53
- 4.1 Мұғалімдерді конкурстық іріктеу ... 53
- 4.2 Педагог кадрлардың сапалық құрамы ... 54
- 4.3 Зияткерлік мектептер педагогтарының біліктілігін арттыру ... 59
- 4.4 Педагог қызметкерлерді және оларға теңестірілген адамдарды аттестатау ... 66
- 4.5 Мұғалімдердің жетістіктері ... 67

5-БӨЛІМ. ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕР ТӘЖІРИБЕСІН ТАРАТУ ... 69
- 5.1 Біліктілікті арттыру ... 69
- 5.2 Онлайн сабақтар, онлайн семинарлар ... 75
- 5.3 Халықаралық конференциялар мен семинарлар ... 76
- 5.4 Базалық мектептермен жұмыс ... 79
- 5.5 Орта білім берудің жаңартылған мазмұнын енгізу жөніндегі жұмыс ... 80

6-БӨЛІМ. ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕР ЖЕЛІСІ ЖӘНЕ РЕСУРСТАР ... 82
- 6.1 Зияткерлік мектептер желісін дамыту ... 82
- 6.2 Ресурстар ... 83

7-БӨЛІМ. ИМИДЖДІ НЫҒАЙТУ ... 91

8-БӨЛІМ. БАСҚАРУ ЖӘНЕ МЕНЕДЖМЕНТ ... 95

# ҚЫСҚАРУЛАРДЫҢ ТІЗІМІ

**ҚР** – Қазақстан Республикасы

**ДББҰ** – «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы

**Даму стратегиясы** – «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының 2020 жылға дейінгі даму стратегиясы

**Зияткерлік мектеп** – «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының филиалы

**ПШО** – «Педагогикалық шеберлік орталығы» дара мекемесі

**ПӨО** – «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының «Педагогикалық өлшемдер орталығы» филиалы

**БББО** – «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының «Білім беру бағдарламаларының орталығы» филиалы

**ББРО** – «Білім беру ресурстық орталығы» дара мекемесі

**КХЕК** – Кембридждің Халықаралық Емтихан Кеңесі

**ФМБ** – физика-математика бағыты

**ХББ** – химия-биология бағыты

# КІРІСПЕ

2013 жылы ДББҰ желісін 15 Зияткерлік мектепке дейін кеңейтті. Ақтөбе, Атырау, Қарағанды, Қызылорда, Павлодар, Тараз және Шымкент (2) қалаларында 8 жаңа мектеп ашылды. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББ-ның филиалы Астана қаласының Халықаралық мектебі ашылды.

2013 жылдың сәуірінде Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың қатысуымен Жоғары қамқоршылық кеңестің отырысы өткізілді, онда ДББҰ-ның 2020 жылға дейінгі даму стратегиясы бекітілді, сондай-ақ Қамқоршылық кеңес мүшелерінің құрамы 15 адамға дейін ұлғайды.

# «НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРІ» ДЕРБЕС БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫ ЦИФРЛАР МЕН ФАКТІЛЕРДЕ 2013 ЖЫЛ

Ақтөбе, Атырау, Қарағанды, Қызылорда, Павлодар, Тараз, Шымкент (2) қалаларында **8 ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕП АШЫЛДЫ**

**«НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРІ» ДББҰ-НЫҢ ФИЛИАЛЫ АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МЕКТЕБІ АШУ**

Астана (2), Ақтөбе, Атырау, Қарағанды, Көкшетау, Қызылорда, Павлодар, Семей, Талдықорған, Тараз, Өскемен, Орал, Шымкент (2) қалаларында жұмыс істейтін **15** Зияткерлік мектептегі **ОҚУШЫЛАРДЫҢ КОНТИНГЕНТІ 9700 ОҚУШЫҒА ДЕЙІН АРТТЫ** (олардың ішінде ауылдық мектептерден келген 1108 оқушы интернатта жатады)

**5508 ОҚУШЫ** елде (жазғы мектептерді қоса алғанда) және шетелде элективті курстардан өтті

**411 ОҚУШЫ** әртүрлі олимпиадалардың, конкурстар мен ғылыми жобалардың жеңімпаздары болды, олардың ішінде халықаралық деңгейде – 159, республикалық деңгейде – 252

**451 ТҮЛЕК** Зияткерлік мектептерді бітірді (олардың ішінде «Алтын белгі» белгісімен – 78, үздік аттестатпен – 46)

**427 ТҮЛЕК** білім беру грантына түсті (олардың ішінде – 140 түлек Назарбаев Университетіне түсті)

**ТҮЛЕКТЕРДІҢ 76 %** техникалық, медициналық және ғылыми мамандықтарға түсті (тиісінше 47%, 16% және 13%)

**1805 МҰҒАЛІМ** Зияткерлік мектептерде сабақ береді (олардың ішінде 260 шетелдік мұғалім, 1517 қазақстандық мұғалім, 28 мұғалім бірлесіп қызмет атқарушылар)

**1805 МҰҒАЛІМНІҢ** 705-ін ерлер, 1100-ін әйелдер құрады

**34 БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ КУРСЫНАН** Зияткерлік мектептердің педагогтары өтті (олардың ішінде 8 шетелдік курс, 22 ел ішіндегі курс, 4 мектеп ішіндегі курс)

**15 ПЕДАГОГ** «Болашақ» бағдарламасының стипендиаты болды

**ҚР МЕКТЕПТЕРІНІҢ 5237 МҰҒАЛІМІ** ПШО базасында деңгейлік бағдарламалар бойынша оқудан өтті

# 1-БӨЛІМ.
# БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ

## 1.1 Білім беру бағдарламалары

Даму стратегиясына сәйкес Зияткерлік мектептерде екі білім беру моделі іске асырылады:
- Интеграцияланған білім беру бағдарламасы;
- Халықаралық Бакалавриат Бағдарламасы.

2013 жылы ДББҰ Қамқоршылық Кеңесінің шешіміне сәйкес Астана қаласының Халықаралық мектебі құрылды, онда Бастауыш мектепке арналған халықаралық бағдарлама (International Primary Curriculum) енгізілді.

### 1.1.1 Интеграцияланған білім беру бағдарламасы

2013 жылға арналған жоспарларға сәйкес Интеграцияланған білім беру бағдарламасын (бұдан әрі – Білім беру бағдарламасы) іске асыру шеңберінде ДББҰ-ның қызметкерлері Зияткерлік мектептердің мұғалімдерімен бірлесіп, мынадай бағыттар бойынша жұмыс істеді:
- Оқу бағдарламалары мен жоспарларын әзірлеу;
- Білім беру бағдарламасын енгізу;
- Білім беру бағдарламасын енгізу мониторингі;
- Білім беру бағдарламасын тану.



***Оқу бағдарламалары мен жоспарларын әзірлеу***

БББО-ның қызметкерлері Зияткерлік мектептер мұғалімдері мен КХЕК халықаралық консультанттарының қатысуымен 1-6 сыныптарға арналған 66 оқу жоспарын және 9 және 10-сыныптарға арналған 28 оқу жоспарын әзірледі. Бұл үшін 30-дан астам семинар ұйымдастырылды.

1-6 сыныптарға арналған
***66 оқу жоспары;***
9 және 10-сыныптарға
арналған
***28 оқу жоспары*** әзірленді

Осы бағыт шеңберінде КХЕК-пен бірлесіп, жоғары мектепке арналған «Жаһандық перспективалар мен жобалау жұмысы» пәні бойынша оқу бағдарламасы пысықталды.

Осылайша, 1-ден бастап 12-сынып аралығындағы барлық пәндер бойынша оқу бағдарламалары мен жоспарлар әзірленді[1].

***Білім беру бағдарламасын енгізу***

***57 пәндік тренинг***
өткізілді;
Зияткерлік мектептердің
***802 мұғалімі***
оқытылды

Жоспарланған іс-шараларға сәйкес Білім беру бағдарламасын пилоттық енгізу 2012-2013 оқу жылында 7 және 11-сыныптарда, 2013-2014 оқу жылында 1, 8 және 12-сыныптарда жүзеге асырылды.

[1]«Дене тәрбиесі» мен «Құқық негіздері» пәндерінен басқа, бұл пәндер бойынша оқу бағдарламалары мен жоспарларын 2014 жылы әзірлеу жоспарланып отыр.

Зияткерлік мектептердің педагогтарын Білім беру бағдарламасы бойынша дайындау мақсатында 2013 жылдың жазында Зияткерлік мектептерде жергілікті жерлерге барып семинарлар ұйымдастырылды.

2013 жылдың маусымынан бастап тамызы аралығында КХЕК халықаралық консультанттарының қатысуымен 32 тренинг өткізілді, онда Зияткерлік мектептердің 1, 8 және 12-сыныптарының 484 мұғалімі оқытылды, сондай-ақ БББО-ның пәндік қызметкерлерімен 21 тренинг өткізіліп, онда 7 және 11-сыныптардың 318 мұғалімі оқытылды.

КХЕК-пен келісім бойынша мұғалімдерге мектептерге бару арқылы әдістемелік қолдау көрсетудің жаңа нысаны ұйымдастырылды. Мәселен, КХЕК халықаралық консультанттары Көкшетау және Талдықорған қалалары Зияткерлік мектептерінің бастауыш сыныптарына барды, оның нәтижелері бойынша мектептерге жұмысты жақсарту жөнінде ұсынымдар берілді.

Зияткерлік мектептердің мұғалімдерін қолдау үшін ДББҰ және БББО қызметкерлері мыналарды әзірледі:

1. «Зияткерлік мектептерде 2012-2013 оқу жылында Интеграцияланған білім беру бағдарламасын енгізу кезінде 1, 8 және 12-сыныптарда сабақ берудің ерекшеліктері туралы» нұсқаулық-әдістемелік хат;
2. «Информатика» пәнінде бағдарламалауды оқыту кезінде сабақты жоспарлау жөніндегі әдістемелік оқу құралы;
3. Жаңа оқу бағдарламалары мен жоспарларына шолу жасау жөніндегі әдістемелік ұсынымдар;
4. Мектептерді Шолу жасау үшін баруға дайындау жөніндегі басшылық;
5. «Қазақстан тарихы» және «Қазіргі әлемдегі Қазақстан» пәндері бойынша CLIL (тілге баулу) әдістемесіне негізделген сабақтар сериясы;
6. «Дінтану негіздері» факультативтік курсы бойынша ұсынымдар;
7. «Назарбаев Зияткерлік мектептерінде пәндік-тілдік интеграцияланған оқытудың (CLIL) әдістерін пайдалану» әдістемелік оқу құралы;
8. Үй тапсырмасын орындау жөніндегі ұсынымдар.



### *Білім беру бағдарламасын енгізу мониторингі*

*2012-13 оқу жылы білім беру бағдарламасын енгізу мониторингі*

Білім беру бағдарламасын 7 және 11-сыныптарда енгізу мониторингінің нәтижелері бойынша 2012 жылғы қыркүйектен бастап 2013 жылғы мамыр аралығында негізгі және жоғары мектептердің *14 оқу бағдарламасына* және 7 және 11-сыныптар үшін *18 оқу жоспарына* шамалы өзгерістер енгізілді.

Оқу бағдарламалары мен жоспарларына өзгерістер енгізу КХЕК және БББО әзірлеген әдіснама негізінде жүзеге асырылады, ол Зияткерлік мектептердің және КХЕК мұғалімдерінен белгілі бір *санаттар* бойынша проблемалық мәселелерді жинауды болжайды.

*Проблемалық мәселелерді санаттарға бөлу:*
***1-санат.*** Оқу бағдарламалары мен жоспарларын әрбір сыныпта толық енгізгеннен кейін енгізілген өзгерістер.
***2-санат.*** Жыл сайын анықталған проблемалық мәселелерге қатысты енгізілетін өзгерістер.
***3-санат.*** Анықталу шамасына қарай енгізу қажет құжаттарға техникалық өзгерістер.
***4-санат.*** өзгерістер енгізуді талап етпейтіндер.

2013-14 оқу жылында білім беру бағдарламасын енгізу мониторингі

Зияткерлік мектептердің 1, 8 және 12-сыныптарында Білім беру бағдарламасын енгізу мониторингін жүзеге асыру үшін БББО қызметкерлері қазақстандық және халықаралық мұғалімдердің, оқушылардың, мектеп әкімшілігінің, мектеп психологтарының, мектепке жетекшілік етушілердің, әдістемелік бірлестіктер басшыларының, пәндер бойынша үйлестірушілердің және оқушылардың ата-аналарының қатысуымен 14 Зияткерлік мектепке сапар ұйымдастырды.

Сапар барысында БББО-ның қызметкерлері 1, 7, 8, 11 және 12-сыныптардағы 500-ден астам сабаққа қатысып, «сұрақ-жауап» және топтық жұмыс форматында әңгімелесу өткізді.

Сабақтарды, сауалдар мен әңгімелесулерді байқау қорытындылары бойынша барлық мүдделі тараптар Білім беру бағдарламасын енгізудің оң аспектілерін атап өтті, атап айтқанда:

1. төрт қызмет түрін: аудиоға түсіруді, айтуды, оқуды және жазуды дамытуға бағдарланған қазақ, орыс және ағылшын тілдерін үйренудегі жаңа көзқарас;
2. мұғалімдердің белсенді оқу, парлар мен топтарда жұмыс істеу әдістерін қолдануы, бұл мотивацияны арттырады, оқушыларда коммуникация және ынтымақтастық дағдыларын дамытады;
3. жаратылыстану пәндері бойынша сабақтарда практикалық және зертханалық жұмыстардың көп болуы, бұл алынған білімді практикада қолдануға мүмкіндік береді.

Алайда, Білім беру бағдарламасын іске асыруда «көшу проблемалары» деп аталатын бірқатар қиындықтар да байқалды:

1. дайындалмаған аудитория үшін орыс тілінде оқитын сыныптарда «Қазақстан тарихы» және «География» пәндерін қазақ тілінде оқыту;
2. Зияткерлік мектептер мұғалімдерінің қазіргі заманғы оқыту әдістерін жеткілікті игермеуі, әсіресе, жаңадан ашылған Зияткерлік мектептерде;
3. қажетті ресурстардың, әсіресе, қазақ тіліндегі оқу ресурстарының жеткіліксіздігі.

Осы «өту проблемаларын» шешу үшін Зияткерлік мектептердің базасында жазғы тілдік мектептер, «Пәндік-тілдік интеграцияланған оқуды» (CLIL) қоса алғанда, мұғалімдерді қазіргі заманғы педагогикалық көзқарастар бойынша оқытуды ұйымдастыру шешілді.

Мектептерден енгізіліп отырған білім беру бағдарламасы бойынша кері байланысты жинаудың маңызды құралдарының бірі Зияткерлік мектептердің мұғалімдерін қолдау үшін әзірленген онлайн форум болып табылады. Бір жылдың ішінде онлайн форумда 1099 жаңа пайдаланушы тіркелді, 1460 жаңа тақырып пен 3599 хабар жасалды.

Мониторинг барысында анықталған проблемалар бойынша есептер дайындалып, мектептерге ұсынымдар әзірленді. Бұдан басқа, жинақталған деректер 2013-2014 оқу жылы аяқталғаннан кейін оқу бағдарламалары мен жоспарларын санаттарға бөлу және оларға өзгерістер енгізу үшін пайдаланылады.

***Білім беру бағдарламасын тану және бағалау***

2013 жылы Қазақстан мен әлемнің жоғары оқу орындарының Білім беру бағдарламасын тану мен бағалау жөнінде жаңа жоба басталды. Білім беру бағдарламасын тану мен бағалау оқушыларды орта білімнен жоғары білімге табысты көшу мүмкіндігін қамтамасыз етуді болжайды. Осы жоба шеңберінде ел ішінде және КХЕК консультанттарының қатысуымен

халықаралық деңгейде тану жөнінде екі семинар ұйымдастырылды.

Семинар кезінде КХЕК консультантары Ұлыбритания, АҚШ, Канада сияқты елдердің, сондай-ақ Еуропа, Азия және Тынық мұхиты елдерінің жоғары оқу орындарына оқушыларды есепке алу процестері мен саясатын көрсетті. Нәтижелері бойынша: Танылу жөніндегі іс-қимыл жоспары, Білім беру бағдарламасы және бағалау жүйесі туралы брифинг құжат, сондай-ақ тану жөніндегі нысан әзірленді.

Қазақстанда танылу процесі оларды Зияткерлік мектептердің Білім беру бағдарламасының және бағалаудың ерекшеліктерімен танысу үшін жоғары оқу орындарымен және жұртшылықпен тұрақты жұмыс істеуді болжайды. Мәселен, Назарбаев Университетінің өкілдерімен кездесу өткізілді.

***2014 жылға арналған жоспар***

- «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзілік тарих», «Қазіргі заманғы Қазақстан» және «Жаһандық перспективалар мен жобалау жұмысы» пәндері бойынша 1, 8 және 12-сыныптар, сондай-ақ 7 және 11-сыныптар үшін оқу бағдарламалары мен оқу жоспарларын қайта қарау жөніндегі жұмысты жалғастыру. «Дене тәрбиесі» мен «Құқық негіздері» пәндері бойынша оқу бағдарламалары мен жоспарларын әзірлеу.
- 2 және 9-сыныптарда Білім беру бағдарламасын енгізу, КХЕК-тің қатысуымен мұғалімдер үшін тренингтер ұйымдастыру.
- КХЕК бағдарламаларын енгізу мониторингі шеңберінде мүдделі тараптардың кездесулері және сынып сабақтарын байқау болатын Зияткерлік мектептерге баруды жүзеге асыру. Мониторингтің қорытындылары бойынша әзірленген әдіснамаға сәйкес оқу бағдарламалары мен жоспарларына тиісті өзгерістер енгізілетін болады.
- Білім беру бағдарламасын ел ішінде және халықаралық деңгейде тану жөніндегі жұмысты жалғастыру.

## 1.1.2 Халықаралық Бакалавриат бағдарламасы

Астана қаласының Зияткерлік мектебінің Даму стратегиясына сәйкес есепті кезеңде мынадай бағыттар бойынша жұмыс жүзеге асырылды:

- жоғары мектептер үшін Халықаралық Бакалавриаттың Дипломдық бағдарламасын (IB DP) авторландыру және іске асыру;
- негізгі мектеп үшін Халықаралық Бакалавриаттың бағдарламасын (MYP) авторландыруға дайындау.

***Жоғары мектепке арналған дипломдық бағдарлама***

2013 жылдың сәуірінде Астана қаласының Зияткерлік мектебі ХБ-ның Дипломдық Бағдарламасын табысты авторландырып, ХБ-ның Дүниежүзілік Мектебі мәртебесін алды.

Астана қаласының Зияткерлік мектебі ***ХБ-ның Дипломдық Бағдарламасын авторландырудан табысты өтті.***

Дипломдық Бағдарлама үшін бұрын әзірленген оқу бағдарламалары жоғары мектептерде сынақтан өткізуді жалғастыруда. 2013 жылдың сәуірінен бастап мектеп әкімшілігі сабақтарға бүкіл ұжымның қатысуын ұйымдастырды. Мектеп мұғалімдері сыни ойлауды, оқушылардың бағалауды, тұтастай алғанда, мектептен тыс жерлердегі және мектеп ішіндегі семинарларда үйренгендердің барлығын практика жүзінде пайдалануды қаншалықты дұрыс пайдаланатындығына назар аударылды.

Дипломдық Бағдарламада мұғалімдерді кәсіби дамыту жөнінде және оқушының бейінін дамыту жөнінде тренингтер мен семинарлар ұйымдастырылды. Бұл тренингтер мен семинарларды Дипломдық Бағдарламада жұмыс тәжірибесі мол шетелдік әріптестер мен тартылған сарапшылар ұйымдастырды.

Кеңейтілген эссе жазу жөніндегі басшылық әзірленді, себебі кеңейтілген эссе Дипломдық Бағдарламадағы негізгі бағдар болып табылады.

***Негізгі мектепке арналған бағдарлама***

Астана қаласының Зияткерлік мектебі негізгі мектеп бағдарламасын авторландыру үшін «мектеп-кандидат» мәртебесін алды - MYP.

Астана қаласының Зияткерлік мектебі негізгі мектеп бағдарламасын авторландыру үшін ***«мектеп-кандидат» мәртебесін*** алды - MYP.

негізгі мектеп үшін 17 пән бойынша ***31 оқу бағдарламасы*** әзірленді.

Астана қаласы Зияткерлік мектебінің мұғалімдері негізгі мектеп бағдарламасына арналған 17 пән бойынша 31 оқу бағдарламасын әзірледі.

Осы бағдарламаларды сынақтан өткізу басталды, оның шеңберінде мұғалімдер теоретикалық білімдердің және практикалық машықтары мен дағдыларының мазмұнына, үйлесіміне басты назар аударды, оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескерді, таңдалған ресурстардың сәйкестігін тексерді. Сынақтан өткізу барысында бағдарламаларды жетілдіру үшін толықтырулар мен өзгерістер енгізілді, сабақтарды жоспарлау және оқушылардың жетістіктерін бағалау үшін Unit-жоспарлар әзірленді.

Негізгі мектеп бағдарламасын енгізу үшін Астана қаласының Зияткерлік мектебінде мектеп әкімшілігінің және Халықаралық Бакалавриат бағдарламалары бойынша жұмыс тәжірибесі бар халықаралық мұғалімдердің ішінен жұмыс тобы құрылды.



***2014 жылға арналған жоспар***

- Негізгі мектепті авторландыруға дайындау.
- Негізгі мектептегі оқу бағдарламаларын сынақтан өткізу.
- Доплaverдық бағдарлама оқушыларының ішкі және сыртқы емтихандар бойынша жұмысын ұйымдастыру.
- Оқушылар мен мұғалімдердің мәдениаралық хабардар болуын дамыту.
- Оқу процесіне Халықаралық Бакалавриаттың негізгі және жоғары мектептер бағдарламасының сындарлы ережелеріне негізделген жаңа білім беру технологияларын оқу процесіне енгізу арқылы оқу пәндерін оқыту әдістемесін жетілдіру (сабақтардың проблемалық-іздестіру сипаты, топтық технологиялар, оқу қызметін ұйымдастыруға тұтас көзқарас, оқуды дамытатын транстәртіп, рефлексия).
- Мұғалімдерді кәсіби дамыту.
- ХБ-ның халықаралық сарапшылармен және мектептермен ынтымақтастығы жөніндегі жұмысты жалғастыру.

## 1.1.3 Бастауыш мектепке арналған халықаралық бағдарлама

Астана қаласының Халықаралық мектебі (бұдан әрі – АХМ) International Primary Curriculum (IPC) бағдарламасына лицензияланған қатысушы болып табылады. АХМ үшін бағдарламаны таңдау үш білім беру моделін салыстырмалы түрде таңдауға негізделген:

***Астана қаласының халықаралық мектебін*** ашу

- Халықаралық Бакалавриаттың бастауыш мектепке арналған бағдарламасы (Primary Years Programme);
- Бастауыш мектепке арналған Кембридж бағдарламасы (Cambridge Primary Curriculum);
- Бастауыш мектепке арналған халықаралық бағдарлама (International Primary Curriculum).

IPC пайдасына таңдау жасау мыналарға негізделген, бұл бағдарлама:

1. мазмұнды кез келген елдің халықаралық стандартына интеграциялауға мүмкіндік береді;
2. оқушылар мен олардың дағдыларын 21-ғасырда табысты өмір сүру үшін тұтастай дамытуға бағдарланған;
3. бүкіл әлемге танымал – бастауыш мектепке арналған барлық бағдарламалардың ішінде ең тез дамып келе жатқан білім беру бағдарламасы болып табылады;
4. үш бағдарламаның ішінде жалғыз болып табылады, оны мектепті авторландырмастан, яғни мектеп ашылған сәттен бастап енгізуге болады;
5. Болашақта Халықаралық Бакалавриат философиясына сәйкес бастауыш мектепке арналған бағдарламаларды әзірлеу үшін таптырмас алаң.

IPC ерекшелігі, ол жеке басты дамытуға, дағдыларды дамытуға, жаһандық ойлай білуді қалыптастыруға, пәнаралық тақырыптарды, жаһандық тақырыптарды, жергілікті мұраны зерделеуге бағытталғандығында, сондай-ақ нейрофылымды зерттеуге негізделгендігінде болып табылады.

IPC бойынша оқу оқушыларға мынадай сұрақтарға ойлануға мүмкіндік береді – «біз кімбіз?», «біз уақыт аралығында және кеңістікте қайдамыз?», «әлем қалай жаралған?», «біз ғаламшарда қалай бірлесіп тұрамыз?». Бұл сұрақтарға балалар пәндердің нақты әлемдегі өзара байланысын көрсететін пәнаралық модульдер шеңберінде зерделенетін әртүрлі қызықты тақырыптар бойынша зерттеу жүргізе отырып, жауап іздеуде. Бұл бағдарлама оқытудың көптілді ортасын кезең-кезеңімен құруды ескереді. IPC бағдарламасы АХМ-ның 1-сыныптарында енгізілген.

IPC ***әлемде 87 елдің 1600-нан астам мектебінде*** пайдаланылады.

***2014 жылға арналған жоспар***

- Халықаралық Бакалавриаттың IPC негізінде бастауыш мектепке арналған бағдарлаамасын авторландыру жөніндегі жоспарды әзірлеу.
- Әрбір сынып үшін оқу курсының мазмұнын әзірлеу.
- Мектеп күні мен академиялық жылдың құрылымын айқындау.
- Сыныптан тыс бағдарлама жасау.
- Оқушыларды және білім беру процесін қолдау жүйесін құру.
- Білім беру процесі сапасының жоғары стандартын бағалау және дамыту үшін сабақтар мониторингі бағдарламасын енгізу.
- АХМ базасында балабақша ашу.

## 1.2 Үш тілде білім беру

Зияткерлік мектептерде үш тілде білім беруді іске асыру ДББҰ қызметінің маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Мынадай жұмыс істелді:

- Үш тілде білім беру жөніндегі құжаттар пакетін әзірлеу;

- Халықаралық сарапшыларды қатыстыра отырып, тілдік және тілдік емес пәндердің мұғалімдерін оқыту;
- Жазғы тілдік курстарды ұйымдастыру;
- Тілге ерте баулу әдістемесін енгізу.

***Үш тілде білім беру жөнінде құжаттар әзірлеу***

Үш тілде білім беруді табысты іске асыру үшін бірқатар құжаттар мен саясат әзірленді:
- Зияткерлік мектептерде үш тілде білім беру саясаты;
- мектептерге үш тілде білім беруді іске асыру бойынша ұсынымдар;
- «Пәндік-тілдік интеграцияланған оқыту» (CLIL) көзқарасын қолдану бойынша мұғалімдерге арналған басшылық;
- билингвальдық және үш тілде білім беру саласындағы халықаралық ғылыми зерттеулерге шолу жасау;
- командалық оқытуға шолу жасау.

Үш тілде білім беру жөніндегі құжаттарды талқылау және талдау үшін жетекші халықаралық сарапшылармен билингвальдық және үш тілде білім беру саласында жұмыс ұйымдастырылды:
- Фред Дженеси, Макгил Университетінде психология факультетінің профессоры, Канада;
- Хьюго Бэетенс-Бердсмор, Брюссель Университетінің ағылшын тілінің және билингвизмнің еңбек сіңірген профессоры, Бельгия;
- Питер Мехисто, билингвальдық оқытуды әзірлеу және басқару жөніндегі консультант, Эстония, Лондон Университеті, Білім беру Институты, Ұлыбритания;
- Алан Нил Кроуфорд, Калифорния мемлекеттік университетінің құрметті профессоры, АҚШ.

Зияткерлік мектептердің үш тілде білім беру моделі ***халықаралық сарапшылардың жоғары бағасын*** алды

Осы жұмыс барысында Зияткерлік мектептерде үш тілде білім беруді іске асыру мәселелері талқыланды, оның нәтижелері бойынша Зияткерлік мектептерде іске асырылатын модель халықаралық сарапшылардың жоғары бағасын алды.

***Үш тілде білім беруді іске асыру үшін мұғалімдерді оқыту***

Жаңадан қабылданған мұғалімдерді дайындау мақсатында халықаралық консультант Алан Кроуфорд Ақтөбе, Орал, Шымкент, Тараз, Қызылорда, Астана, Қарағанды және Павлодар қалаларының Зияткерлік мектептерінің 150 мұғалімі үшін төрт семинар өткізді.

Екінші тілдегі пәндерді оқытуда мұғалімдерді қолдау үшін халықаралық консультант Роузи Таннер «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзілік тарих» және «География» пәндері бойынша 10 мұғалімді және БББО-ның 12 қызметкерін «Пәндік-тілдік интеграцияланған оқыту» (CLIL) көзқарасы бойынша оқытты.

***Жазғы тілдік курстар ұйымдастыру***

Жобалау, шығармашылық және ойын қызметі арқылы оқушылардың тілдік және коммуникативтік дағдыларын дамыту үшін 10 Зияткерлік мектеп базасында 7-сыныпқа конкурстық іріктеуден өткен оқушыларды қоса алғанда, 3-11-сыныптардың оқушылары үшін жазғы мектеп ұйымдастырылды.

Жазғы мектептің жұмысы мынадай бағыттар бойынша ұйымдастырылды:
1. академиялық қызмет – бейінді пәндер бойынша тілдік дағдылар мен академиялық білімдерді дамытуға бағытталған;

2. практикалық қызмет – зерттеу дағдыларын дамытуға бағытталған: ақпарат іздеу, өңдеу және беру;
3. тілдік интерактив – спорт, өнер, драма үйірмелері, әлеуметтік және мәдени іс-шаралар арқылы тіл практикасына бағытталған.
4. 4927 оқушы оқыды.

***Тілге ерте баулу әдістемесін енгізу***

Тілге баулу әдістемесін енгізу 2012-2013 оқу жылы Талдықорған қаласындағы Зияткерлік мектептің балабақшасы базасында басталды. Енгізу консультациялар мен ұсынымдар түрінде қолдаумен бірге жүрді. Тілге баулу әдістемесін енгізу мониторингі қазақ тілін білу деңгейі мынадай көрсеткіштер: түсіну, сөздік қор, сөздің грамматикалық құрылымы, дыбыстарды дұрыс айту бойынша артқандығын көрсетті.
Тілге баулу әдістемесін пайдалана отырып, интеграцияланған білім беру бағдарламасы Талдықорған және Көкшетау қалаларының Зияткерлік мектептерінің 1-сыныптарында енгізілді.
Эстонияның сарапшыларымен бірлесіп, 2013 жылы балабақша педагогтары, бастауыш сыныптардың мұғалімдері, Зияткерлік мектептердің әкімшілігі мен БББО қызметкерлері үшін жеті оқыту семинары ұйымдастырылды. Семинарлар тілге баулу әдістемесі бойынша жаттықтырушы мұғалімдер дайындау, интеграцияланған оқулық әзірлеу, Эстония мектептеріндегі тілге баулу тәжірибесімен танысу, осы әдістемені табысты іске асыру мақсатында өткізілді. Семинарлардың қорытындылары бойынша тілге баулу әдістемесін енгізу жөніндегі басшылық, оқушылардың сөз байлығын дамыту үшін постерлер және 25 оқу-әдістемелік кешен әзірленді. Бұдан басқа, Зияткерлік мектептердің тілге баулу әдістемесі бойынша сабақ беретін мұғалімдерін қолдау үшін «Менің ортам» интеграцияланған оқулығы және осы оқулыққа жұмыс дәптері әзірленді.

***«Менің ортам» интеграцияланған оқулығы*** әзірленді



***2014 жылға арналған жоспар***

- Халықаралық консультанттардың қатысуымен үш тілде білім беру жөніндегі қолда бар құжаттарды одан әрі пысықтау.
- Үш тілде білім беру саясатын іске асыруды қолдауға мұғалімдер үшін әдістемелік оқулықтар, ұсынымдар әзірлеу.
- Мұғалімдердің үш тілде білім беруді іске асыру жөніндегі біліктілігін арттыру жөнінде ұсынымдар әзірлеу.
- Зияткерлік мектептердің мұғалімдері үшін халықаралық консультанттардың қатысуымен үш тілде білім беруді іске асыру жөніндегі оқыту семинарларын ұйымдастыру.
- Оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамыту үшін тақырыптық постерлер әзірлеу.
- Эстониядан келген консультанттардың қатысуымен қазақ тіліне толық баулу үшін 2-сынып үшін интеграцияланған оқулық және жұмыс дәптерін әзірлеу.
- Тілге баулу әдістемесіне оқу-әдістемелік кешен әзірлеу.
- Бастауыш мектеп мұғалімдерін тілге баулу бағдарламасы бойынша оқыту, әдістемелік дайындау және қолдау жөнінде практикалық семинарлар ұйымдастыру.
- Зияткерлік мектептерде қазақ тіліне баулу әдістерін қоса алғанда, үш тілде білім беруді енгізуді зерделеу жөнінде ғылыми-зерттеу қызметін өткізу

***1.3 Тәрбие жұмысы***

Тәрбие жұмысында оқушыларды азаматтық-патриоттық тәрбелеуге және Зияткерлік мектептердің оқушылары арасында желілік іс-шаралар ұйымдастыруға назар аударылған.

Мынадай құжаттар әзірленген және енгізілген:

1. Қосымшаларымен бірге Зияткерлік мектептердің оқушыларын тәрбиелеу саясаты:
   1.1. «Тәртіптік кодекс»;
   1.2. «Мектептегі көтермелеу жүйесі»;
   1.3. «Бонус.nis» бағдарламасының регламенті»;
   1.4. «Қосымша білім беру ұйымының регламенті»;
2. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының филиалдарындағы әлеуметтік практикалар мен жобалар туралы үлгі ереже;
3. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы филиалдарының оқушылардың өзін-өзі басқару органдары қызметінің үлгі қағидалары;
4. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының филиалдарында спорттың командалық түрлерінің мектепішілік, өңірлік, желілік Спартакиадасын дайындау, ұйымдастыру және өткізу қағидасы;
5. Зияткерлік мектептердің оқушылары арасында Арт-фестиваль өткізу қағидасы.

Білім беру процесінің тұтастығы оқушыларды сабақта және сабақтан тыс уақытта жеке және азаматтық жауапкершілік үшін құндылықтарды, білім мен дағдыны оқыту арқылы тәрбиелеуге құндық-бағдарланған көзқарас арқылы іске асырылды.

Бұл ретте патриоттық тәрбие бүкіл білім беру процесінің ядросы болып табылады және оқушының ойлау қабілетін, сезімін, іс-қимылы мен тәжірибесін дамыта отырып, оның барлық аспектілерін қамтиды.

«Сандж» зерттеу орталығымен бірлесіп, Зияткерлік мектептер мен елдің жалпы білім беретін мектептерінің оқушыларына азаматтық-патриоттық тәрбие беру саласында зерттеу жүргізілді. Зерттеу нәтижелері оқушылардың азаматтылыққа және патриотизмге қатынасын айқындайтын негізгі қағидаттарды анықтады:

- жеке басының әл-ауқаты, елдің экономикалық әл-ауқатының артуы, ол ғылымды дамытпай мүмкін емес;
- рухани-өнегелі, ұлттық құндылықтар;
- адалдық және теңдік, бұл ел экономикасының дамуын болжайды, ол әрбір баланың туған қаласында/ауылында халықтың әл-ауқатының өсуіне ықпал етеді және туған өлкенің экологиясына зиян келтірмейді;
- елдің тәуелсіздігі мен қауіпсіздігі.

Осы зерттеулердің нәтижелері жұмыста пайдалану үшін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігіне берілді.

Тәрбие жұмысын ұйымдастыруға жаңа көзқарас енгізілді – әлеуметтік жобалар мен практикалар, олардың шеңберінде оқушылар зерттеулер, пікірталастар жүргізді және іс-әрекет жасады.

Оқушылар ***Wikipedia онлайн энциклопедиясында*** қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде ***5 000 мыңға жуық мақала*** жазды

Оқушының өзін-өзі басқаруы екі модель: «Шаңырақ» мектеп парламенті мен оқушылар қоғамдастығының жұмысы арқылы іске асырылады, олар жоғары және төменгі сыныптардың оқушылары арасындағы жасаралық қарым-қатынас, үлкендерге құрмет көрсетуді және кішілерге кішіпейіл болуды қалыптастыру үшін әрекет етеді. «Шаңырақ» мектеп қоғамдастықтарының саны 180-ге дейін артты.

528 бала ***«Туған елге тағзым»*** өлкетану зерттеу экспедициясына қатысты

Жұмыстың нәтижелері бойынша «Шаңырақ» үздік оқушылар қоғамдастықтары - 528 бала *«Туған елге тағзым» өлкетану зерттеу экспедициясына* қатысты.

Экспедицияның ерекшеліктері филиалдар арасындағы жол бағыттарымен алмасу, «жалпы тақырыппен жұмыс істеу» форматындағы дайындық болып табылады, бұл педагогтар мен оқушыларға өздері барған өлкеге қызықты зерттеулер жүргізуге мүмкіндік берді. Басталған зерттеулер оқу жылы ішінде жалғасуда. Өлкетану экспедициясының нәтижелері бойынша оқушылардың эссе, жобалар жинағы, жол бағыттары бойынша бағдарламалар мен есептер, ДББҰ мен Зияткерлік мектептердің сайтында оқушылар жинаған фото және бейне материалдар жарияланды. Зияткерлік мектептердің оқушылары зерттеулер мен сұхбаттар жүргізу, практикада пайдалану үшін материалдарды іріктеу, топтарда қарым-қатынас жасау, іс-қимыл жасау дағдылары мен нышандарын дамытады, дене және психологиялық төзімділігін арттырады, өз бетімен шешімдер қабылдау мен іс-қимыл жасау тәжірибесін кеңейтеді.

556 бала ***«ауылдағы 2 апта»*** әлеуметтік практикасына қатысты

Үш тілде оқытуды қолдау, өз халқының тарихын, мәдениетін зерделеу және қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі әдебиетті оқу арқылы басқа мәдениетке төзімділікті тәрбиелеу мақсатында «Зияткерлік мектептердің оқушылары оқуы қажет 100 кітап» жобасы әзірленді. Кітаптардың тізімі қалыптастырылды (60% – қазақстандық әдебиет, 40% – ресей және әлем әдебиеті).

Ұрпақтар байланысын нығайту, қазақстандық бірдейлікті түсіну және қалыптастыру үшін әлеуметтік практика - «ауылдағы 2 апта» енгізілді, оған 11 Зияткерлік мектептен 556 оқушы қатысты.



483 бала ***«Ата-ананың жұмысындағы 10 күн»*** әлеуметтік практикасына қатысты

Еңбексүйгіштікке, еңбекті құрметтеуге баулу және болашақта өз кәсібін таңдаған кезде сол немесе өзге жұмыс туралы жақсы білу үшін «Ата-ананың жұмысындағы 10 күн» әлеуметтік практикасы енгізілді, оған 11 Зияткерлік мектептен 483 оқушы қатысты.

***Зияткерлік мектептерде мыналар құрылды***

Зияткерлік мектептерде ***«TEDx NIS» және «Wikipedia»*** клубтары құрылды

- Ғылыми зерттеулер дағдыларын, әріптестік қатынастарды және командада жұмыс істей білу машықтарын, шешендік өнерді дамыту, әртүрлі көзқарастар мен пікірлерге құрметпен қарауды қалыптастыру үшін 10 «TEDx NIS» клубы.
- Балаларда мақалалар жазу, редакциялау дағдыларын дамыту, оларды академиялық адалдық пен жауапкершілік қағидаттарына сәйкес шығармашылық жұмысқа және ғылыми зерттеулерге тарту үшін 11 «Wikipedia» клубы. Осы жоба бойынша Wikipedia онлайн энциклопедиясында қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде 5 000 мыңға жуық мақала жазылды.

«Wikipedia» жобасы шеңберінде Зияткерлік мектептердің 33 оқушысы мен 12 педагогы Гонконг қаласындағы жыл сайынғы «Wikimania-2013» халықаралық конференциясының жұмысына қатысты, мұнда қазақстандық балалар мен педагогтар Wikipedia-ның негізін қалаушы және әлемдік Wiki-қоғамдастығының рухтандырушысы Джимми Уэйлспен кездесті.

Бұдан басқа, оқушылар үшін «Кәсіпкерлік» интеллектуалдық ойыны мен «Оқуға орнынан

репортаж» интерактивтік ойыны әзірленді. Оқушылардың желілік форумдары: «Адал мектеп», «Мен – Қазақстанның абыройымен», «Мен Зияткерлік мектепте оқимын», сондай-ақ ауылдық жалпы білім беретін мектептерге арналған «Назарбаев Зияткерлік мектептерінен Bookcrossing» әлеуметтік акциялары дәстүрге айналуда.

Алғаш рет 15 Зияткерлік мектептің арасында желілік спорттық және шығармашылық іс-шаралар ұйымдастырылды.

15 Зияткерлік мектеп арасында ***желілік спорттық және шығармашылық іс-шаралар*** ұйымдастырылды

Командалық спорт түрлерінен: мини-футболдан, волейболдан, шахматтан тұңғыш өңірлік Спартакиада өтті, оған 1620 оқушы қатысты. Спартакиада Зияткерлік мектептердің оқушылары арасындағы достық байланыстарды нығайтуға және салауатты өмір салтын дамытуға ықпал етті.

Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында тұңғыш желілік Арт-фестиваль өтті. Оқушылар драмалық қойылымдар, мюзикльдер, өнер, графика, ұлттық қолөнер, фотосурет, әлеуметтік ролАКТер арқылы Қазақстан тарихын білуін көрсетті. Фестивальға 638 оқушы мен 100 педагог қатысты.

Тәрбие жұмысының саясатын түсіндіру үшін мынадай семинарлар өткізілді:
Нормативтік құжаттар әзірлеу жөніндегі семинар;
Эстониядан келген халықаралық сарапшылардың қатысуымен оқушылардың өзін-өзі басқаруы және жетекшілік қызмет жөніндегі семинар;
Канададағы Йорк университетінің халықаралық сарапшысы Джейн Делузионың қатысуымен сезім мен ойлау арқылы оқушылардың метакогнитивті дағдыларын дамыту мақсатында драма мен қозғалыс жөніндегі семинар;
Сингапурдан келген халықаралық сарапшы Кенг Кохтың қатысуымен құндылықты-бағдарланған білім беру арқылы оқушылардың қаржылық сауаттылығын қалыптастыру жөніндегі семинар;
Зияткерлік мектептерде TEDx NIS клубын құру жөніндегі семинар;
Сабақтарда Wikipedia құралдарын пайдалану және Wikipedia клубтарын құру жөніндегі семинар.

***2014 жылға арналған жоспар***

- Мақалаларды Wikipedia-ға 3 тілде жазу бойынша желілік конкурс;
- Ғылым мен инновациялық идеялар фестивалі;
- Желілік TED конференция;
- Зияткерлік мектептер оқушыларының Мәдениет пен өнердің халықаралық диалогы апталығына (Аахен) қатысуы;
- Зияткерлік мектептер оқушыларының, TEDx NIS клубының белсенді мүшелерінің, желілік TED конференциясы жеңімпаздарының «TED: таратуға лайықты идеялар»TED Conferences халықаралық конференциясына (Канада) қатысуы;
- Зияткерлік мектептер оқушыларының, Wikipedia-ның «Алтын қалам» сыйлықақысын иеленушілердің «Wikimania-2014»-ке (Лондон) қатысуы;
- WIKIPEDIA and TEDx camp ұйымдастыру.
- Семинарлар:
- Оңтүстік Кореяның, Жапонияның, АҚШ-тың, Еуропаның мектепте білім беру жүйесіндегі тәрбие жұмысының көзқарастары мен партикасына шолу жасау;
- Дебаттық клубтар ұйымдастыру.

## 1.4 Білім беру ресурстары

Мектептің қазіргі заманғы талаптарына жауап беретін білім беру ресурстарын әзірлеу Зияткерлік мектептер желісінің білім беру практикасын жаңғырту негізіне түсті.

2013 жылғы 3 мамырда «Білім беру ресурстық орталығы» мамандандырылған дара мекемесі құрылды.

2013 жылғы мамырда ДББ ***«Білім беру ресурстық орталығы»*** мамандандырылған дара мекемесін құрды

ББРО қызметінің негізгі стратегиялық бағыттары білім беру ресурстарын әзірлеу, бейімдеу және сатып алу, Зияткерлік мектептер желісінің ақпараттық кеңістігін құру және ДББҰ-ның IT инфрақұрылымын дамыту болып табылады.

***Мынадай бағыттар бойынша жұмыс жүргізілді:***

- Қолданыстағы білім беру ресурстарын талдау;
- Бастауыш мектеп үшін оқу-әдістемелік кешендер (бұдан әрі – ОӘК) әзірлеу;
- Негізгі мектеп үшін ОӘК әзірлеу жөніндегі дайындық жұмысы;
- Цифрлық білім беру ресурстарын әзірлеу.

### *Қолданыстағы білім беру ресурстарын талдау*

Еліміздің білім беру жүйесінде пайдаланылатын қазақ, орыс, ағылшын тілдері, бейінді, тілдік емес пәндер бойынша бірқатар оқулықтар мен ОӘК талданды.



***Талдаудың негізгі міндеттері мыналар болып табылды:***

- Оқу материалын ұсыну әдістемесінде қазіргі заманғы үрдістерді анықтау;
- Суреттеу және ресімдеу әдістерін қарау;
- Көп тілде оқытудың халықаралық тәжірибесін зерделеу.

Бұдан басқа, халықаралық баспалардың оқу материалдары талданды: Nelson Thornes (Ұлыбритания), Marshall Cavendish Education (Сингапур), Collins (Ұлыбритания), BinaryLogic (Греция), Star Publishing (Сингапур).

### *Бастауыш мектеп үшін ОӘК әзірлеу*

Бастауыш мектептің ОӘК әзірлеуді ұйымдастыру, Зияткерлік мектептер мұғалімдерінің қатарынан авторлар мен редакторларды оқыту үшін Кембридж университетінің Баспаханасымен (бұдан әрі – КУБ) осы бағыт бойынша білім беру қызметтерін көрсетуге арналған келісімге қол қойылды.

***Кембридж университетінің Баспаханасымен*** бастауыш мектеп үшін ***оқулықтар әзірлеу жөнінде келісімге қол қойылды***

1-сыныпқа арналған «Математика», «Ғылымға кіріспе», «Дүниетану», «ИКТ», «Өнер» пәндері бойынша ***айналымдардың 1768 түпнұсқасы әзірленді***

КУБ-мен ынтымақтастық шеңберінде авторлар мен редакторлар үшін 1-2-сыныптар үшін ОӘК әзірлеу жөнінде жеті семинар өткізілді. Осы семинарлардың негізгі мақсаты – авторлар мен редакторларды белсенді оқыту стратегиясын пайдалана отырып, ОӘК құрауыштарын (оқулық, мұғалімге арналған басшылық және жұмыс дәптері) әзірлеуге және редакциялауға үйрету.

Зияткерлік мектептердің мұғалімдері мен КУБ консультант-жаттықтырушыларының бірлескен жұмысының нәтижесінде қазақ және орыс тілдерінде 1-сыныпқа арналған «Математика», «Ғылымға кіріспе», «Дүниетану», «АКТ», «Өнер» пәндері бойынша бүктеу жағының 1768 алғашқы нұсқасы әзірленді.




1-сурет. Мұғалімге арналған басшылық




2-сурет. «Дүниетану» пәні бойынша оқулықтың бүктеу жағы

Сапалы аудармаларды ұйымдастыру үшін аударма бөлімі құрылды, оқулықтарды әзірлеу кезінде пайдаланылатын терминдер глоссарийі қалыптасты.

5374 мәтін беті аударылды.

Редакторларға арналған әдістемелік басшылық әзірленді.

Жұмыс басталғаннан бастап редакторлар авторлар әзірлеген оқу материалдарының 3792 бетін редакциялады.



***Негізгі мектепке арналған ОӘК әзірлеу***

Негізгі мектептің 6-10-сыныптарына «Математика», «Химия», «Физика», «Биология», «География», «Информатика», «Өнер», «Дүниежүзілік тарих» пәндері бойынша (оқулық және мұғалімге арналған басшылық) қазақ және орыс тілдерінде ОӘК әзірлеу жөнінде дайындық іс-шаралары өткізілді.

ОӘК деректерін әзірлеу және басып шығару үшін ДББҰ Лондон университетінің Білім беру институтымен (бұдан әрі – ББИ) (Ұлыбритания) ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

ББИ Зияткерлік мектептердің авторлар, редакторлар, түзетушілер, дизайнерлер және бейнелеушілер командаларына оқыту семинарлары мен тренингтерін өткізу арқылы ДББҰ-ның білім беру бағдарламасына сәйкес келетін негізгі мектепке арналған ОӘК әзірлеу бөлігінде қызметтер көрсететін болады.

***Лондон университетінің Білім беру институтымен*** негізгі мектеп үшін оқулықтар әзірлеу жөніндегі ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды

6-7-сыныптар үшін ОӘК әзірлеуге авторларды іріктеу өткізілді. Конкурстық іріктеу қорытындылары бойынша дерекқор банкінде барлық әзірлеуші авторлар – 165 мұғалім.

***Цифрлық білім беру ресурстарын әзірлеу***

ББРО осы бағыттағы жұмысының негізгі мақсаты отандық цифрлық білім беру ресурстарын (ЦББР) жасау, осы салада маманданған алдыңғы қатарлы халықаралық компаниялармен бірлесіп, ЦББР әзірлеу, енгізу және бейімдеу болып табылады.

ББРО 33 цифрлық білім беру ресурсын әзірледі – «Математика», «Ғылымға кіріспе» және «Ағылшын тілі» пәндері бойынша бастауыш және негізгі мектептер үшін «Астана геометриясы» тапсырмалар жинағы негізінде. Барлық ресурстар үш тілде, қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде, дербес және әріптестермен бірлесіп әзірленген. Ресурстар iOS, Android, Windows сияқты қазіргі заманғы әртүрлі ұтқыр тұғырнамаларда, сондай-ақ веб және дербес компьютерлер (ДК) үшін жасалды.

ББРО-да электрондық оқыту саласындағы халықаралық тәжірибені зерделеу жөнінде жұмыс жүргізілді. Тәжірибе зерделенді және талданды, сондай-ақ осы саладағы 10 көшбасшы елдегі 20 компаниямен байланыс орнатылды. 5 компаниямен өзара түсіністік туралы шарттарға, келісімдер мен меморандумдарға қол қойылды.

Цифрлық контент әзірлеу жөнінде пилоттық жобалар енгізілді.

Цифрлық ресурстар әзірлеу жөніндегі жобалар:
- «Пирамида»;
- «Астана геометриясы»;
- «Астана-Бәйтерек»;
- «Бастауыш мектептерге арналған ББРО».



«Пирамида» жобасы әртүрлі деңгейдегі интеграцияланған пәнаралық тапсырмалар жинағын білдіреді.

«Астана геометриясы» цифрлық білім беру ресурсын құру жобасы, аттас оқулық, тапсырмалар жинағы негізінде, ол мультимедиялық контенті бар цифрлық интерактивті оқулықты білдіреді.

«Астана-Бәйтерек» жобасы да «Астана геометриясы» тапсырмалар жинағына негізделген. Осы жоба шеңберінде ұтқыр қосымшаны, оқу симуляторын оқытатын электронды оқулық әзірленді.

«Бастауыш мектепке арналған ББРО» жобасы «Математика», «Ғылымға кіріспе» және «Ағылшын тілі» пәндері бойынша ресурстарды қамтиды, олар iOS, Android, Windows, веб қоса алғанда, әртүрлі тұғырнамаларда іске асырылды.

***2014 жылға арналған жоспар***

- 1-2-сынып үшін 5 пән бойынша ОӘК дизайнын пысықтау және шығару;
- Зияткерлік мектептерде 1-2-сыныптар үшін 5 пән бойынша ОӘК сынақтан өткізу;
- КХЕК және БББО-мен бірлесіп, ПИО сәйкестігіне сараптама жасау процесі;
- 3-4-сыныптар үшін 5 пән («Математика», «Ғылымға кіріспе», «Дүниетану», «АКТ» және «Өнер») бойынша ОӘК әзірлеу;
- 1-2-сыныптар үшін «Қазақ тілі» (бірінші тіл), «Қазақ тілі» (екінші тіл), «Орыс тілі» (бірінші тіл), «Орыс тілі» (екінші тіл), «Ағылшын тілі» пәндері бойынша ОӘК-ның алғашқы жобалық нұсқаларын әзірлеу.
- ДББҰ мен ББИ арасында келісімшарт жасасу;
- 6-7-сыныптар үшін 8 пән: «Математика», «Химия», «Физика», «Биология», «Информатика», «Өнер», «Дүниежүзілік тарих», «География» бойынша қазақ және орыс тілдерінде ОӘК-ның алғашқы жобалық нұсқаларын әзірлеу;
- Авторлар мен редакторлар үшін оқыту семинарлары.

# 2-БӨЛІМ. ОҚУШЫЛАРДЫ БАҒАЛАУ ЖӘНЕ МЕКТЕПТЕРДІ АККРЕДИТТЕУ ЖҮЙЕСІ

ДББҰ стратегиялық әріптестері Педагогикалық өлшемдер институтымен (Cito, Нидерланды) және Джонса Хопкинс Университетінің Талантты жастар орталығымен (CTY, США), Кембридждің Халықаралық емтихан кеңесімен (КХЕК, Ұлыбритания) бірлесіп, оқу жетістіктерін конкурстық іріктеуді, сыни бағалауды, мониторингілеуді және оқушыларды қорытынды аттестаттауды қамтитын бағалау жүйесін жетілдіру жөніндегі жұмысты жалғастырды.

## 2.1 Зияткерлік мектептердің 7-сыныптарына оқушыларды конкурстық іріктеу жүйесін әзірлеу және енгізу

Зияткерлік мектептердің 7-сыныптарына оқушыларды конкурстық іріктеудің жаңа жүйесі әзірленді және енгізілді. Ол жаратылыстану-математика ғылымдарын зерделеуге қабілетті және Зияткерлік мектепте оқудың бүкіл кезеңі ішінде жоғары нәтижелері бар оқушыларды қабылдауға бағдарланған.

> 7-сыныптарға оқушыларды ***конкурстық іріктеудің жаңа жүйесі*** енгізілді

«Математика», «Қазақ тілі (ана тілі және екінші тіл), «Орыс тілі (ана тілі және екінші тіл) және «Ағылшын тілі» пәндері бойынша жаңа тест тапсырмалары әзірленді. Математикадан тест тапсырмалары функциональдық сауаттылығын бағалауға арналған, әртүрлі жағдайларды сипаттауды қамтиды, графикалармен, диаграммалармен, суреттермен жұмыс істеуді болжайды. Тілдерден берілетін тапсырмалар ережелерді тексеру арқылы емес, мәтінмен жұмыс істеу арқылы сауатты оқу мен тілдік құзыретті бағалауға арналған.

Оқушылардың жаратылыстану-математика ғылымдарын зерделеуге қабілеттерін бағалау үшін CTY оқушылардың логикалық ойлау және көргенін есте сақтауды және кеңістік тұрғысынан ойлауды бағалауға арналған тапсырмалар негізінде цифрларды басып озу қабілеттерін анықтауға бағдарланған тапсырмалар әзірледі, бұл жаратылыстану-математика ғылымдарын зерделеу кезінде маңызды.

Конкурстық іріктеудің жаңа жүйесін нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету мақсатында мыналар әзірленді және мыналарға өзгерістер енгізілді:

- 7-сыныптарға конкурстық іріктеудің жаңа жүйесіне қатысты «Назарбаев Зияткерлік мектептері» мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балалардың оқуын төлеу үшін Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің – Елбасының «Өркен» білім беру грантын тағайындау ережесі мен мөлшерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 14 наурыздағы № 317 қаулысы;
- «Назарбаев Зияткерлік мектептері» мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балалардың оқуын төлеу үшін Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің –

Елбасының «Өркен» білім беру грантын тағайындау жөнінде конкурстық іріктеу жүргізу ережесі;
- «Назарбаев Зияткерлік мектептері» мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балалардың оқуын төлеу үшін Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің – Елбасының «Өркен» білім беру грантын тағайындау жөнінде конкурс ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы нұсқаулық;
- «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау ережесі.

Жаңа жүйені табысты енгізу үшін оқыту семинарлары мен тренингтер өткізілді:
- Пәндер бойынша тест тапсырмаларын әзірлеу жөнінде.
- Оқушылардың қабілеттерін ескере отырып, оларды сараланған оқытуды ұйымдастыру үшін қабілеттерін тестілеу нәтижелерін пайдалану жөнінде.
- Бағдарламалық қамтамасыз етілімді пайдалана отырып, жауаптар парақтарын әзірлеу, тестілеу нәтижелерін статистикалық талдау жөнінде.

Жаңа жүйе бойынша іріктеу екі күн ішінде жүргізіледі: бірінші күні – оқушыларды «математика», «қазақ тілі», «орыс тілі» және «ағылшын тілі» пәндері бойынша тестілеу, екінші күні – жаратылыстану-математика ғылымдарын зерделеуге қабілеттерін бағалау бойынша.

Жаңа жүйе бойынша 2 конкурстық іріктеу өтті: маусымда сегіз Зияткерлік мектепте (Ақтөбе, Қарағанды, Шымкент, Павлодар, Қызылорда, Атырау, Тараз) және қарашада Алматы қаласының Зияткерлік мектебінде.

> ***9 мектепте*** жаңа жүйе бойынша конкурстық іріктеу өтті

Конкурстық іріктеуге 7454 үміткер қатысты. Қазақ тілінде оқытатын сыныптардағы конкурс бір орынға 11 адамды құрады, орыс тілінде оқытатын сыныптарда – 4 адам. Алматы қаласының мектебінде тиісінше 12 және 6 адам. Олардың ішінде 3560 (47,8%) үміткер «Өркен» білім беру грантын тағайындауға арналған конкурсқа қатысуға қойылатын белгіленген талаптарға сәйкес келетін нәтижелер алды, оның ішінде Алматы қаласы мектебінің 1099 (50,5%) үміткері (1-кесте).



### 1-кесте. Оқушыларды конкурстық іріктеу нәтижелерінің статистикалық деректері

| № | Мектеп | 2 күн тестілеуге қатысқандардың жиыны | | | 1 бос орынға конкурс | | | Республика-лық комиссияның қарауына жіберілді | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Барлығы | Қаз.т. | Орыс т. | Барлығы | Қаз.т. | Орыс т. | Барлығы | % |
| 1 | Шымкент ХББ | 1001 | 858 | 143 | 8 | 14 | 2 | 395 | 39,5 |
| 2 | Шымкент ФМБ | 861 | 739 | 122 | 11 | 19 | 3 | 387 | 44,9 |
| 3 | Атырау | 534 | 319 | 215 | 7 | 8 | 5 | 239 | 44,8 |
| 4 | Ақтөбе | 515 | 359 | 156 | 4 | 6 | 3 | 291 | 56,5 |
| 5 | Тараз | 627 | 536 | 91 | 8 | 13 | 2 | 263 | 41,9 |
| 6 | Павлодар | 458 | 299 | 159 | 4 | 5 | 3 | 240 | 52,4 |
| 7 | Қарағанды | 633 | 396 | 237 | 8 | 10 | 6 | 376 | 59,4 |
| 8 | Қызылорда | 648 | 546 | 102 | 8 | 14 | 3 | 270 | 41,7 |
| 9 | Алматы | 2177 | 1416 | 761 | 9 | 12 | 6 | 1099 | 50,5 |
| **Жалпы** | | **7454** | **5 466** | **1 988** | **7** | **11** | **4** | **3560** | **47,8** |

Үміткерлердің нәтижелері қазақ тілінде оқитын оқушылардың пәндік тест бойынша орташа балы 512,6 құрағандығын көрсетті, қабілеттіліктер тесті бойынша - 59,6, орыс тілінде - 553,7 және тиісінше 70 (2 және 3-кестелер).

### 2-кесте. Қазақ тілінде тест тапсыратын үміткерлердің орташа балдары

| Мектептер | Математика | Қазақ тілі | Орыс тілі | Ағылшын тілі | Пәндік тест бойынша жалпы балл | Сандық сипаттамалары | Кеңістік тұрғысынан ойлау | Қабілет-терін бағалау жөнін-дегі тест бойын-ша жалпы балл |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **Ең жоғары балл** | **400** | **200** | **200** | **200** | **1000** | **60** | **74** | **134** |
| Ақтөбе | 158,0 | 150,7 | 151,4 | 92,7 | 552,9 | 28,9 | 33,9 | 62,7 |
| Атырау | 145,2 | 145,8 | 132,4 | 79,4 | 502,8 | 26,4 | 31,8 | 58,2 |
| Қарағанды | 163,4 | 144,8 | 154,9 | 94,8 | 557,8 | 28,3 | 34,5 | 62,7 |
| Қызылорда | 145,1 | 153,8 | 119,3 | 68,5 | 486,7 | 27,2 | 28,1 | 55,3 |
| Павлодар | 153,5 | 137,0 | 153,4 | 87,4 | 531,2 | 26,6 | 33,5 | 60,2 |
| Тараз | 144,5 | 148,0 | 130,4 | 74,8 | 497,7 | 27,1 | 31,0 | 58,1 |
| Шымкент ФМБ | 149,4 | 144,5 | 114,1 | 71,4 | 479,4 | 27,1 | 31,5 | 58,6 |
| Шымкент ХББ | 141,9 | 146,6 | 114,1 | 71,0 | 473,6 | 26,2 | 30,0 | 56,2 |
| Алматы | 152,9 | 148,4 | 153,9 | 89,1 | 544,5 | 33,2 | 38,8 | 72,0 |
| **Жалпы** | **149,8** | **147,2** | **135,2** | **80,4** | **512,6** | **27,5** | **32,1** | **59,6** |



### 3-кесте. Орыс тілінде тест тапсыратын үміткерлердің орташа балдары

| Мектептер | Математика | Қазақ тілі | Орыс тілі | Ағылшын тілі | Пәндік тест бойынша жалпы балл | Сандық сипаттамалары | Кеңістік тұрғысынан ойлау | Қабілет-терін бағалау жөнін-дегі тест бойын-ша жалпы балл |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **Ең жоғары балл** | **400** | **200** | **200** | **200** | **1000** | **60** | **74** | **134** |
| Ақтөбе | 185,7 | 134,7 | 156,8 | 116,1 | 593,3 | 32,6 | 40,2 | 72,7 |
| Атырау | 166,1 | 152,1 | 149,6 | 104,9 | 572,7 | 30,3 | 35,2 | 65,5 |
| Қарағанды | 194,4 | 111,3 | 162,5 | 111,7 | 580,0 | 35,6 | 39,7 | 75,3 |
| Қызылорда | 153,2 | 141,0 | 146,0 | 83,0 | 523,1 | 28,6 | 29,1 | 57,7 |
| Павлодар | 167,4 | 100,7 | 158,2 | 96,2 | 522,5 | 33,2 | 37,0 | 70,1 |
| Тараз | 165,5 | 126,5 | 147,3 | 87,7 | 526,9 | 30,3 | 33,3 | 63,7 |
| Шымкент ФМБ | 174,5 | 142,6 | 139,7 | 94,6 | 551,3 | 32,4 | 34,9 | 67,3 |
| Шымкент ХББ | 153,1 | 148,4 | 143,2 | 91,8 | 536,6 | 30,0 | 35,1 | 65,0 |
| Алматы | 173,0 | 101,8 | 164,9 | 109,4 | 549,2 | 37,4 | 42,6 | 80,0 |
| **Жалпы** | **172,7** | **119,9** | **157,0** | **104,1** | **553,7** | **32,6** | **37,3** | **70,0** |

Конкурстық іріктеу нәтижелері бойынша өңірлер бойынша жоғары балдарды мынадай мектептерден үміткерлер алды:

- Ақтөбе – № 51 гимназия, № 20 жалпы білім беретін орта мектеп-лицей;
- Атырау – Ж.Қаражігітов атындағы № 16 орта мектеп, Абай атындағы № 15 орта мектеп;
- Қарағанды – «Мұрагер» ДБЖБОМ, Құрманов атындағы № 17 мектеп-гимназия;
- Қызылорда – № 2 «Мұрагер» ДБМ;
- Павлодар – Зерде ОББМ Екібастұз қ., гимназия сыныптары бар инновациялық үлгідегі № 39 ЖБМ;
- Тараз – А.С. Пушкин атындағы №41 гимназия, Б. Момышұлы атындағы № 45 мектеп-гимназия;
- Шымкент – «Арман» гимназиясы, Кеңесбаев атындағы ОМ;
- Алматы –№36 гимназия, №165 мектеп-лицей.

## 2.2 8 – 9-сыныптарға оқушыларды конкустық іріктеу

Зияткерлік мектептердің 8-9-сыныптарына оқушыларды конкурстық іріктеу 2009 жылы әзірлеген іріктеу жүйесі бойынша жүзеге асырылады.

2013 жылдың басынан бастап Зияткерлік мектептерде оқыту үшін оқушыларды конкурстық іріктеу мынадай кезеңдерде өткізілді:

1. 6 – 14 қаңтар (7, 8, 9-сыныптар, Атырау, Шымкент қалалары);
2. 17 – 24 қаңтар (7, 8, 9-сыныптар, Тараз, Қызылорда қалалары);
3. 24 ақпан – 4 наурыз (7-сыныптар, Астана, Көкшетау, Семей, Талдықорған, Өскемен, Орал қалалары)
4. 2013 жылғы 22-23 маусым (7-сыныптар, Ақтөбе, Атырау, Қарағанды, Қызылорда, Павлодар, Тараз, Шымкент қалалары)
5. 2013 жылғы 11 – 17 шілде (2, 4, 5, 8, 9-сыныптар, Семей, Көкшетау, Талдықорған, Өскемен, Орал, Қарағанды, Шымкент, Ақтөбе, Тараз, Атырау, Павлодар, Қызылорда қалалары);
6. 25-26 тамыз (1-сыныптар Көкшетау қаласында).
7. 23-24 қараша (7-сыныптар Алматы қ. ФМБ Зияткерлік мектебіне)
8. 1 – 9 желтоқсан (8-9-сыныптар Алматы қаласының ФМБ Зияткерлік мектебіне)

Жыл өткен сайын Зияткерлік мектептерде оқуға үміткерлердің саны артуда, мысалы, Шымкент қаласының ФМБ Зияткерлік мектебіне қазақ тілінде оқытатын 9-сыныпқа конкурстық іріктеуге бір орынға 64 адам үміткер болды. Қазақ және орыс тілдерінде оқытатын бір орынға үміткерлердің саны туралы ақпарат 4 және 5-кестелерде берілген.

**4-кесте. Бір орынға үміткерлердің саны туралы ақпарат (қазақ тілінде оқытатын сыныптар)**

| № | Зияткерлік мектептер | 7-сынып | | | 8-сынып | | | 9-сынып | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Бос орындар-дың саны | Өтініштердің барлығы | 1 орынға саны | Бос орындар-дың саны | Өтініштердің барлығы | 1 орынға саны | Бос орындар-дың саны | Өтініштердің барлығы | 1 орынға саны |
| 1 | Астананың Зияткерлік мектебі | 72 | 368 | 5 | | | | | | |
| 2 | Астана ФМБ | 72 | 334 | 5 | | | | | | |
| 3 | Ақтөбе ФМБ | 40 | 366 | 9 | | | | 7 | 32 | **5** |
| 4 | Атырау ХББ | 40 | 324 | 8 | 10 | 94 | **9** | 13 | 84 | **6** |
| 5 | Қарағанды ХББ | 40 | 398 | 10 | 16 | 125 | **8** | 25 | 121 | **5** |
| 6 | Көкшетау ФМБ | 48 | 231 | 5 | 13 | 35 | **3** | 9 | 38 | **4** |
| 7 | Қызылорда ХББ | 60 | 558 | 9 | 36 | 301 | **8** | 5 | 230 | **46** |
| 8 | Павлодар ХББ | 60 | 307 | 5 | 4 | 77 | **19** | | | |
| 9 | Семей ФМБ | 48 | 418 | 9 | 18 | 60 | **3** | 6 | 22 | **4** |
| 10 | Талдықорған ФМБ | 48 | 193 | 4 | 2 | 23 | **12** | 8 | 28 | **4** |
| 11 | Тараз ФМБ | 40 | 543 | 14 | | | | 7 | 80 | **11** |
| 12 | Орал ФМБ | 48 | 370 | 8 | | | | | | |
| 13 | Өскемен | 48 | 216 | 5 | | | | 3 | 48 | **16** |
| 14 | Шымкент ФМБ | 40 | 745 | 19 | 3 | 186 | **62** | 3 | 191 | **64** |
| 15 | Шымкент ХББ | 60 | 869 | 14 | 9 | 495 | **55** | 6 | 307 | **51** |
| 16 | Алматы ФМБ | 120 | 1449 | 12 | 120 | 1209 | **10** | 96 | 836 | **9** |

**5-кесте. Бір орынға үміткерлердің саны туралы ақпарат (орыс тілінде оқытатын сыныптар)**

| № | Зияткерлік мектептер | 7-сынып | | | 8-сынып | | | 9-сынып | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Бос орындардың саны | Өтініштердің барлығы | 1 орынға саны | Бос орындардың саны | Өтініштердің барлығы | 1 орынға саны | Бос орындардың саны | Өтініштердің барлығы | 1 орынға саны |
| 1 | Астананың Зияткерлік мектебі | 48 | 174 | 4 | | | | | | |
| 2 | Астана ФМБ | 72 | 175 | 2 | | | | | | |
| 3 | Ақтөбе ФМБ | 40 | 159 | 4 | | | | 4 | 6 | 2 |
| 4 | Атырау ХББ | 40 | 222 | 6 | | | | 18 | 58 | 3 |
| 5 | Қарағанды ХББ | 40 | 244 | 6 | | | | 18 | 56 | 3 |
| 6 | Көкшетау ФМБ | 48 | 67 | 1 | 16 | 18 | 1 | 9 | 16 | 2 |
| 7 | Қызылорда ХББ | 60 | 105 | 2 | 21 | 48 | 2 | 11 | 42 | 4 |
| 8 | Павлодар ХББ | 60 | 166 | 3 | | | | 20 | 38 | 2 |
| 9 | Семей ФМБ | 48 | 126 | 3 | 14 | 23 | 2 | 17 | 18 | 1 |
| 10 | Талдықорған ФМБ | 48 | 78 | 2 | 8 | 7 | 1 | 6 | 10 | 2 |
| 11 | Тараз ФМБ | 40 | 94 | 2 | | | | 12 | 23 | 2 |
| 12 | Орал ФМБ | 48 | 146 | 3 | | | | 7 | 30 | 4 |
| 13 | Өскемен | 48 | 31 | 0,6 | 3 | 15 | 5 | 7 | 11 | 2 |
| 14 | Шымкент ФМБ | 40 | 123 | 3 | 16 | 63 | 4 | 17 | 35 | 2 |
| 15 | Шымкент ХББ | 60 | 145 | 2 | 19 | 86 | 5 | 12 | 59 | 5 |
| 16 | Алматы ФМБ | 120 | 809 | 7 | 120 | 740 | 6 | 96 | 586 | 6 |



Есепті кезеңде Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің – Елбасының «Өркен» білім беру грантын тағайындау жөніндегі республикалық комиссия Зияткерлік мектептердің 7, 8, 9-сыныптарында оқу үшін 4517 грант тағайындады (6-кесте).

**5-кесте. Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің – Елбасының «Өркен» грантын алған оқушылардың саны туралы ақпарат**

| № | Мектептің атауы | 2013 жылдың ішінде өткізілген конкурс қорытындылары бойынша есепке алынған балалардың саны | | | Барлығы |
|---|---|---|---|---|---|
| | | 1-3-сыныптар | 4-6-сыныптар | 7-9-сыныптар | |
| 1 | Астана ФМБ | | | 192 | 192 |
| 2 | Астана ХБ | | | 120 | 120 |
| 3 | Ақтөбе ФМБ | | | 111 | 111 |
| 4 | Атырау ХББ | | | 697 | 697 |
| 5 | Қарағанды ХББ | | | 165 | 165 |
| 6 | Көкшетау ФМБ | 60 | 36 | 121 | 217 |
| 7 | Қызылорда ХББ | | | 552 | 552 |
| 8 | Павлодар ХББ | | | 161 | 161 |
| 9 | Семей ФМБ | | 10 | 147 | 157 |
| 10 | Талдықорған ФМБ | 4 | 13 | 117 | 134 |
| 11 | Тараз ФМБ | | | 571 | 571 |
| 12 | Өскемен ХББ | | 25 | 122 | 147 |
| 13 | Орал ФМБ | | | 106 | 106 |
| 14 | Шымкент ФМБ | | | 661 | 661 |
| 15 | Шымкент ХББ | | | 526 | 526 |
| | **Жиыны** | **64** | **84** | **4369** | **4517** |



Өңірлерде конкурстық іріктеулер облыстық және қалалық білім беру департаменттерінің, жетекші жоғары оқу орындарының көмегімен ұйымдастырылды.

***2014 жылға арналған жоспарлар***

- 15 жұмыс істеп тұрған және 5 жаңадан ашылатын Зияткерлік мектептердің 7, 8 және 9-сыныптарына конкурстық іріктеу өткізу.
- ДББҰ қызметкерлері үшін қабілеттерін бағалауға тест тапсырмаларын әзірлеу, тестілеу нәтижелерін статистикалық өңдеу бойынша оқыту тренингтері мен семинарларын өткізу.

## 2.3 Критерийлік бағалау жүйесін енгізу

Интеграцияланған білім беру бағдарламасын оқытудың күтілетін нәтижелеріне сәйкес КХЕК сарапшыларымен бірге критерийлік бағалау жүйесі жетілдірілді және ол енгізіліп жатыр. 7, 8, 11 және 12-сыныптардың пәндері бөлінісінде бағалау үшін бағалау критерийлері пысықталып, оқыту мақсаттары стандартталды. Формативтік және жиынтық бағалау нәтижелерінің белгілі бір пайыздық арақатынасын ескере отырып, оқушыларға қорытынды баға қою жүйесі өзгертілді, оқыту нәтижелерін тіркеу үшін электрондық журнал нысаны өзгертілді.

***Критерийлік бағалаудың интеграцияланған моделі*** әзірленді және енгізілді

Қыркүйекте Зияткерлік мектептер оқушыларының оқу жетістіктерін критерийлік бағалаудың интеграцияланған моделіне ***ISBN*** (International Standard Book Number) ***алынды.***

Мына нормативтік құжаттар дайындалып, ДББҰ Басқармасының шешімімен бекітілді:

- Назарбаев Зияткерлік мектептері оқушыларының оқу жетістіктерін критерийлік бағалаудың интеграцияланған моделі;
- Назарбаев Зияткерлік мектептері оқушыларының оқу жетістіктерін критерийлік бағалау жүйесін енгізу тұжырымдамасы;
- Назарбаев Зияткерлік мектептері оқушыларының оқу жетістіктерін бағалау саясаты;
- «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы оқушыларының оқу жетістіктерін критерийлік бағалау қағидасы.

Жетілдірілген бағалау жүйесін ойдағыдай енгізу үшін:

- Зияткерік мектептер директорларының 70 орынбасарына, әдістемелік бірлестіктерінің жетекшілеріне және Педагогикалық өлшемдер орталығы (бұдан әрі – ПӨО) қызметкерлеріне бағалаудың жетілдірілген тәсілінің негізгі ерекшеліктерін таныстыру мақсатында;
- Зияткерлік мектептердің педагог қызметкерлерінің тамыз конференциясына қатысушылар үшін формативті бағалауды әзірлеу бойынша;
- Зияткерлік мектептердің 146 мұғалімі үшін критерийлік бағалаудың интеграцияланған моделін (КБИМ) қолдану бойынша тәжірибе алмасу мақсатында;
- жаңадан ашылған мектептерде оқу жылының басында КБИМ бойынша мұғалімдерге әдістемелік көмек көрсету мақсатында оқыту семинарлары мен тренингтері жүргізілді.

Семинарлар мен тренингтер нәтижесінде мұғалімдер Критерийлік бағалаудың интеграцияланған моделін қолдану бойынша, пәндер бойынша оқу бағдарламаларына сәйкес оқыту мақсаттарына қол жеткізуді бағалау үшін тапсырмалар мен дискрипторларды әзірлеу бойынша ұсынымдар алды.





Оқушылардың оқу жетістіктерін критерийлік бағалауды ұйымдастыру мәселелері бойынша мұғалімдермен және мектептердің әкімшілігімен онлайн және бейнеконференциялар өткізілді.

Зияткерлік мектептердің мұғалімдеріне әдістемелік көмек үшін:

- Формативтік бағалау үшін тапсырмалар жинағы;
- Жиынтық бағалау үшін тапсырмалар жинағы;
- Критерийлік бағалаудың интеграцияланған моделі бойынша тапсырмалар жинағы әзірленді.

***2014 жылға арналған жоспар***

- Оқыту мақсаттарына қол жеткізу деңгейлерін КХЕК-пен бірге стандарттау, 1, 2, 7, 8, 9, 11 және 12-сыныптар үшін пәндер бөлінісінде бағалау бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірлеу.
- ПИО оқытуының мақсаттары бөлінісінде формативтік және ішкі жиынтық бағалау үшін тапсырмаларды әзірлеу және стандарттау.
- Зияткерлік мектептер мұғалімдерінің кәсіби қоғамдастығы үшін бағалау құралдарын әзірлеу және стандарттау бойынша оқыту тренингтерін өткізу.

## 2.4 Оқушылардың жеке-дара прогресінің мониторингі жүйесін әзірлеу және енгізу

Оқу процесін өз уақытында түзетуді қамтамасыз ету үшін оқушылардың жеке-дара прогресін бағалауды қамтамасыз ететін мониторингтік зерттеулер қажет.
Бұл үшін:

- Мектепке дейінгі жастағы балалардың жаттыққандық мониторингі
- Жаңадан ашылатын мектептер оқушыларының оқу жетістіктерінің бастапқы мониторингі
- Оқушылардың математика және тілдік пәндер бойынша оқу жетістіктерінің монитрингі үшін рәсімдер мен құралдар әзірленуде

***Мектепке дейінгі жастағы балалардың жаттыққандық мониторингі***

Талдықорған қаласындағы  Зияткерлік мектептің бала бақшасының базасында Дарем университетінің (Ұлыбритания) Бағалау және мониторинг орталығымен бірлесіп мектепке дейінгі 6-7 жастағы 30 бала арасында қабілеттілік мониторингі жүйесіне пилоттық байқап көру жүргізілді. Жаттыққандық мониторингі, әдетте, жылына екі рет, жылдың басында және соңында өткізіліп, ерте жастағы балалар қабілетінің прогресін көрсетеді.

Байқап көрудің мақсаты оқушылардың қабілетін өлшеу құралы ретіндегі тестті одан әрі бейімдеу және Зияткерлік мектептердің кеңінен пайдалануы үшін оның бала бақшадағы таңдап алынған жас тобына сәйкестігін анықтау болып табылады.



Тестілеу үшін «Оқу», «Математика» және «Фонология» бөлімдері бойынша біртіндеп күрделене түсетін сұрақтарды қамтитын бейімделген тест пайдаланылды.

Байқап көру көрсеткендей, тест таңдап алынған жас тобына арнап есептелген. Тесттің оқу және математика бойынша бөлімдері балаларды олардың оқуға деген қабілеттеріне сәйкес топтар бойынша саралады.

***2014 жылға арналған жоспар***

- Зияткерлік мектептердегі мониторинг жүйесін балаларды көбірек тарта отырып бейімдеу.

***2013 жылы ашылған Зияткерлік мектептер оқушыларының оқу жетістіктерінің бастапқы мониторингі***

Оқушылардың білімі, дағдылары мен машықтары деңгейінің Зияткерлік мектептер оқу бағдарламаларының бөлімдері мен тақырыптары бойынша оқытудың күтілетін нәтижелеріне сәйкестігін диагностикалау мақсатында Қарағанды, Ақтөбе, Шымкент, Атырау, Тараз, Павлодар, Қызылорда қалаларында жаңадан ашылған мектептерде бастапқы мониторинг жүргізілді.

Мониторинг:
- 7 және 8-сыныптарда математика және ағылшын тілі бойынша;
- 9 және 11-сыныптарда математика, физика, химия, биология және ағылшын тілі бойынша жүргізілді.

Барлығы 8 мектепте оқушылардың оқу жетістіктерінің бастапқы мониторингіне 4430 оқушы қатысты, одан 2616-сы – қазақ тілінде оқитындар, 1728-і орыс тілінде оқитындар.

Мониторингтің қорытындысына орай оқушылардың «Математика» пәні бойынша үлгерімі орташа алғанда 56,13 %-ды, білім сапасы 10,65%-ды құрады (7-кесте).

*8 мектепте* оқушылардың оқу жетістіктеріне бастапқы мониторинг жүргізілді

**7-кесте. Мектептер бөлінісінде мониторингтің қорытындысына орай оқушылардың математика бойынша білім сапасы мен үлгерімі, %**

| Зияткерлік мектеп | Мониторинг қорытындысына орай нәтижелер | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Үлгерім, % | | | | Білім сапасы, % | | | |
| | 7-сы-ньіп | 8-сы-ньіп | 9-сы-ньіп | 11-сы-ньіп | 7-сы-ньіп | 8-сы-ньіп | 9-сы-ньіп | 11-сы-ньіп |
| Ақтөбе қ. ФМБ | 59,1 | 44,3 | 29,5 | - | 9,8 | 1,5 | 2 | - |
| Қарағанды қ. ХББ | 72 | 58,6 | 37,7 | - | 16,1 | 7,1 | 6,6 | - |
| Шымкент қ. ФМБ | 66,7 | 58,8 | 29,8 | - | 8,7 | 5,3 | 5,7 | - |
| Шымкент қ. ХББ | 43,2 | 36 | 18 | - | 4,5 | 1,6 | 0 | - |
| Атырау қ. ХББ | 100 | 70,8 | 70,5 | 48,5 | 57 | 12,5 | 8,1 | 1,5 |
| Тараз қ. ФМБ | 96,3 | 73,3 | 26,9 | 50,5 | 46,9 | 13,9 | 0,5 | 6,7 |
| Қызылорда қ. ХББ | 94,7 | 74,5 | 56,8 | 57,8 | 44,7 | 8,3 | 2,5 | 5,9 |
| Павлодар қ. ХББ | 97,7 | 78 | 41,4 | 35,4 | 55,6 | 19,5 | 7,5 | 3,9 |
| **Жиыны** | **75,5** | **62,2** | **40,3** | **46,5** | **25,6** | **8,8** | **4,2** | **4,0** |
| **Орташа мәні** | **56,13%** | | | | **10,65%** | | | |

7-сынып оқушыларының үлгерім көрсеткіштері мен білім сапасы басқа сыныптардың оқушыларына қарағанда едәуір жақсы. Әсіресе, Атырау, Тараз, Қызылорда және Павлодар қалаларындағы төрт мектептің оқушылары жоғары нәтиже көрсетті, олар Зияткерлік мектепке жаңа жүйе бойынша конкурстық іріктеуден өтті.

Оқушылардың 5 баллдық шкала бойынша бөлінуін талдау тестілеуге қатысқан 4359 оқушының ішінде тестті:
- бар-жоғы 30 оқушы немесе 0,7 %-ы - «5»-ке;
- 450 оқушы немесе 10,3 %-ы - «4»-ке;
- 2001 оқушы немесе 45,9 %-ы «3»-ке;
- 1878 оқушы немесе 43,1%-ы - «2»-ге орындағанын көрсетті.

Оқушылардың «Ағылшын тілі» пәні бойынша нәтижелерін талдау көрсеткендей, мониторинг қорытындысына орай оқушылардың үлгерімі 49,7 %-ды, білім сапасы 10,4%-ды құрады (8-кесте).

**8-кесте. Мектептер бөлінісінде мониторингтің қорытындысына орай оқушылардың ағылшын тілі бойынша білім сапасы мен үлгерімі, %**

| Зияткерлік мектеп | Мониторинг қорытындысына орай нәтижелер | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Үлгерім, % | | | | Білім сапасы, % | | | |
| | 7-сы-нып | 8-сы-нып | 9-сы-нып | 11-сы-нып | 7-сы-нып | 8-сы-нып | 9-сы-нып | 11-сы-нып |
| Ақтөбе қ. ФМБ | 68,4 | 42,4 | 32,2 | - | 22,8 | 9,9 | 0,7 | - |
| Қарағанды қ. ХББ | 79,3 | 55,6 | 41 | - | 42 | 16 | 3,3 | - |
| Шымкент қ. ФМБ | 49,2 | 38,3 | 11,3 | - | 8,7 | 5,3 | 0,7 | - |
| Шымкент қ. ХББ | 56,8 | 43,2 | 20,1 | - | 13,6 | 5,6 | 0,7 | - |
| Атырау қ. ХББ | 87,7 | 65,3 | 37,3 | 60,3 | 37 | 15,8 | 3,3 | 9,8 |
| Тараз қ. ФМБ | 69,1 | 21,5 | 28 | 35,6 | 13,6 | 0 | 3,8 | 0,0 |
| Қызылорда қ. ХББ | 57 | 30,8 | 25,6 | 55,4 | 3,5 | 0,6 | 0 | 12,9 |
| Павлодар қ. ХББ | 87,2 | 47,3 | 64,7 | 58,5 | 27,1 | 10,7 | 13,5 | 9,1 |
| **Жиыны** | **68,5** | **43,1** | **32,6** | **54,4** | **21,8** | **8,1** | **3,2** | **8,3** |
| **Орташа мәні** | **49,7%** | | | | **10,4%** | | | |

Білім сапасының ең жоғары көрсеткіші 7-сынып оқушыларында.
Мониторингке қатысқан 3658 оқушының ішінен тестті:

- бар-жоғы 52 оқушы немесе 1,4 %-ы - «5»-ке;
- 323 оқушы немесе 8,8-ы - «4»-ке;
- 1485 оқушы немесе 40,6 %-ы - «3»-ке;
- 1798 оқушы немесе 49,2-ы - «2»-ге орындады.



«Физика» пәні бойынша нәтижелерді талдау көрсеткендей, оқушылардың мониторинг қорытындысы бойынша үлгерімі бар-жоғы 19,2 %-ды және білім сапасы 0,45 %-ды құрады (9-кесте). 9-сыныптарда тестті 4-ке немесе 5-ке орындаған оқушы болмады.

**9-кесте. Мектептер бөлінісінде мониторингтің қорытындысына орай оқушылардың физика бойынша білім сапасы мен үлгерімі, %**

| Зияткерлік мектеп | Мониторинг қорытындысына орай нәтижелер | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Үлгерім, % | | Білім сапасы, % | |
| | 9-сынып | 11-сынып | 9-сынып | 11-сынып |
| Ақтөбе қ. ФМБ | 13,3 | - | 0 | - |
| Қарағанды қ. ХББ | 10,9 | - | 0 | - |
| Шымкент қ. ФМБ | 11,3 | - | 0 | - |
| Шымкент қ. ХББ | 6,5 | - | 0 | - |
| Атырау қ. ХББ | 1,9 | 17,9 | 0 | 0,5 |
| Тараз қ. ФМБ | 11,4 | 36,2 | 0 | 1,0 |
| Қызылорда қ. ХББ | 1,9 | 37,3 | 0 | 0,0 |
| Павлодар қ. ХББ | 6,2 | 37,1 | 0 | 1,7 |
| Жиыны | 7,8 | 30,5 | 0 | 0,9 |
| Орташа мәні | 19,2% | | 0,45% | |

Қатысқан 1878 оқушыдан тестті:

- 0 оқушы – «5»-ке;
- 5 оқушы немесе 0,3 %-ы – «4»-ке;
- 273 оқушы немесе 14,5 %-ы – «3»-ке;
- 1600 оқушы немесе 85,2%-ы – «2»-ге орындады.

«Химия» пәні бойынша нәтижелерді талдау көрсеткендей, оқушылардың мониторинг қорытындысы бойынша үлгерімі бар-жоғы 33,8 %-ды және білім сапасы 1,8%-ды құрады (10-кесте). Тараз және Қызылорда қалаларындағы мектептердің 9-сынып оқушылары және Тараз қаласындағы мектептің 11-сынып оқушылары арасында тестті 4-ке немесе 5-ке орындаған оқушы болмады.

**10-кесте. Мектептер бөлінісінде мониторингтің қорытындысына орай оқушылардың химия бойынша білім сапасы мен үлгерімі, %**

| Зияткерлік мектеп | Мониторинг қорытындысы бойынша нәтижелер | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Үлгерім, % | | Білім сапасы, % | |
| | 9-сынып | 11-сынып | 9-сынып | 11-сынып |
| Ақтөбе қ. ФМБ | 57,7 | - | 2,7 | - |
| Қарағанды қ. ХББ | 60,7 | - | 5,5 | - |
| Шымкент қ. ФМБ | 44,7 | - | 4,3 | - |
| Шымкент қ. ХББ | 51,8 | - | 2,2 | - |
| Атырау қ. ХББ | 13,8 | 46,9 | 0,5 | 1,6 |
| Тараз қ. ФМБ | 10,3 | 21,9 | 0 | 0,0 |
| Қызылорда қ. ХББ | 34,8 | 23,3 | 0 | 4,9 |
| Павлодар қ. ХББ | 37,5 | 21,2 | 1,5 | 0,6 |
| Жиыны | **37,4** | **30,2** | **2,0** | **1,6** |
| **Орташа мәні** | **33,8** | | **1,8** | |

Қатысқан 1882 оқушыдан тестті:

- 1 оқушы немесе 0,1%-ы – «5»-ке;
- 34 оқушы немесе 1,8 %-ы – «4»-ке;
- 627 оқушы немесе 33,3 %-ы – «3»-ке
- 1220 оқушы немесе 64,8%-ы – «2»-ге орындады.

«Биология» пәні бойынша мониторинг төрт мектепте ғана өткізілді, өйткені осы пән бойынша бірнеше оқу бағдарламасы бар және мектептер әртүрлі бағдарламалар бойынша оқып жатыр, мұның өзі оқушылардың оқу жетістіктеріне мониторинг жүргізу, нәтижелерді талдау және салыстыру үшін бірыңғай тәсіл қолдануға мүмкіндік бермейді.

Төрт мектепте жүргізілген биология бойынша мониторингтің нәтижелерін талдау оқушылардың мониторинг қорытындысына орай үлгерімі бар-жоғы 40,5 %-ды, білім сапасы – 0,2 %-ды құрайтынын көрсетті (11-кесте).

**11-кесте. Мектептер бөлінісінде мониторингтің қорытындысына орай 9-сынып оқушыларының биология бойынша білім сапасы мен үлгерімі, %**

| Зияткерлік мектеп | Мониторинг қорытындысы бойынша нәтижелер | |
|---|---|---|
| | Үлгерім, % | Білім сапасы, % |
| Ақтөбе қ. ФМБ | 49,0 | 0,0 |
| Қарағанды қ. ХББ | 33,9 | 0,0 |
| Шымкент қ. ФМБ | 37,6 | 0,0 |
| Шымкент қ. ХББ | 43,2 | 0,7 |
| **Жиыны** | **40,5** | **0,2** |

Қатысқан 612 оқушыдан тестті:
- 0 оқушы – «5»-ке;
- 1 оқушы немесе 0,2%-ы – «4»-ке;
- 247 оқушы немесе 40,4%-ы – «3»-ке;
- 364 оқушы немесе 59,5%-ы – «2»-ге орындады.

Сыныптар бөлінісінде пәндер бойынша мониторингтің нәтижелерін салыстыру барлық сыныптарда және барлық пәндер бойынша оқушылар үлгерімінің де, білім сапасының да көрсеткіштері төмен екенін көрсетті.

Бұл ретте Зияткерлік мектептерге елдің жалпы білім беру мектептерінен жоғары үлгерім көрсеткішіне ие оқушылар конкурстық іріктеу бойынша түсті. Бастапқы мониторинг қорытындысы бойынша нәтижелердің төмен болуы Зияткерлік мектептердің оқу бағдарламаларының күтілетін нәтижелерімен салыстырғанда МББС бойынша оқитын оқушылардың білім сапасында айтарлықтай алшақтық барын көрсетеді.



Барлық мектептерде бастапқы мониторингтің қорытындысы бойынша педагогикалық ұжымдар үшін бастапқы мониторинг нәтижелерін қарау, оларды пән мұғалімдерінің, әдістемелік бірлестіктердің, мектеп әкімшілігінің оқу процесінің сапасын арттыру, оқушылармен жеке жұмысты ұйымдастыру және ата-аналарды хабардар ету үшін пайдалануы бойынша семинарлар өткізілді.

Бастапқы мониторингтің нәтижелері педагогикалық кеңестердің және әдістемелік бірлестіктердің отырыстарында қарастырылып, оқудағы олқылықтарды жою мақсатында оқушыларға педагогикалық қолдау көрсету үшін жеке сабақтар мен консультациялар ұйымдастыру бойынша іс-шаралар жоспары жасалды, ата-аналармен ақпараттық-түсіндіру жұмысы жүргізілді.

***2014 жылға арналған жоспар***
- жаңадан ашылған 5 мектепте оқушылардың оқу жетістіктерінің бастапқы мониторингін жүргізу.

***Негізгі және жоғары мектептер оқушыларының математика және тілдік пәндер бойынша мониторингі***

Оқушылардың оқу жетістіктерінің мониторингі жүйесін құру бойынша CITO жобасы шеңберінде 7 және 11-сыныптар үшін **«Математика»** пәні бойынша тапсырмаларды әзірлеу жалғасын тауып, 8 және 12-сыныптар үшін тапсырмаларды әзірлеу басталды. Зияткерлік мектептердің 30 мұғалімі осы тест тапсырмаларын әзірлеушілер болып табылады, олар үшін Сито сарапшыларының қатыуымен 4 оқыту семинары өткізілді. Жыл ішінде тест тапсы-

рмалары банкі жасалды (12-кесте).

**12-кесте. Математика бойынша тест тапсырмаларының банкі туралы ақпарат**

| | 7-сынып | 8-сынып | 11-сы-нып | 12-сы-нып | Жиыны |
|---|---|---|---|---|---|
| Әзірленді | 900 | 283 | 891 | 279 | 2353 |
| Сараптамадан өтті | 900 | 283 | 891 | 279 | 2353 |
| Банктегі тапсырмалардың жиыны | 900 | 283 | 891 | 279 | 2353 |

Қаңтар мен сәуірде тест тапсырмаларының сапасын айқындау мақсатында олар Астана, Көкшетау, Талдықорған, Семей, Өскемен қалаларындағы Зияткерлік мектептерде 7 және 11-сыныптарда байқап көрілді. Байқап көруге 7-сыныптың 616 оқушысы және 11-сыныптың 404 оқушысы қатысты.

Қыркүйек айында 10 Зияткерлік мектепте 7 және 11-сынып оқушыларының математика бойынша оқу жетістіктерін бағалау бойынша бірінші мониторингтік зерттеу жүргізілді.

Оған 7-сыныптың 1133 оқушысы және 11-сыныптың 1266 оқушысы қатысты. Тестілеу математиканың 5 бөлімі: Сан, Алгебра, Геометрия, Статистика және Математикалық модельдеу бойынша жүргізілді. Оқушылар жетістік деңгейі жөнінен бірыңғай бөлінбеді (13-кесте).

**13-кесте. Зияткерлік мектептер оқушыларының жетістік деңгейлері бойынша бөлінуі (%)**

| Жыл | Бастауыш | Базалық | Жетік | Жоғары |
|---|---|---|---|---|
| 7-сынып | 8,0 | 22,0 | 49,0 | 21,0 |
| 11-сынып | 29,5 | 20,5 | 37,4 | 12,7 |



Зияткерлік мектептер мұғалімдері халықаралық консультанттармен бірлесіп әзірлеген оқушылардың жетістік деңгейлері:

1. **Бастауыш деңгей** – оқушылар математикалық терминологияның жалпы ұғымына ие болады. Практикалық дағдыларды жеткілікті дәрежеде меңгермейді.
2. **Базалық деңгей** – оқушылар терминдерге, ұғымдарға ойлы түрде анықтама бере алады; математика тілін, заңдарды, заңдылықтарды, терминдер мен ұғымдарды пайдалана біледі; сәйкес келетін математикалық білімді, дағдыларды, машықтарды таңдай алады және пайдалана біледі; дәйекті тұжырымдар жасай алады.
3. **Жетік деңгей** – оқушылар теориялық материалды біледі; стандартты емес және күрделі емес жағдайларда есептерді шешкен кезде білімді, дағдылар мен машықтарды қолдана біледі; күрделі емес түйіндеулерді дәлелдей алады. Оқушы математика тілі мен математика аппаратын еркін меңгереді; стандартты емес есепті түсіндіріп, оны неғұрлым түсінікті және қолжетімді деңгейге өзгерте алады; бөлімдер арасында байланыс орнатады.
4. **Жоғары деңгей** – оқушылар математика тілі мен математика аппаратын еркін меңгереді; стандартты емес есепті түсіндіріп, оны неғұрлым түсінікті және қолжетімді деңгейге өзгерте алады; бөлімдер арасында байланыс орнатады.

ПӨО мониторингінің қорытындысы бойынша әрбір оқушы үшін жеке-дара есептер, мұғалімдер мен әдістемелік бірлестіктер үшін оқушыларда қиындық туғызған бөлімдерді, оқу бағдарламаларының тақырыптарын және тексерілетін машықтарды көрсете отырып,

сыныптар және параллелдер деңгейінде есептер дайындалды.

Есептердің қорытындысы бойынша мектептер «ата-аналарды хабардар ету картасын» дайындап, онда осы кемшіліктерді жою бойынша қосымша сабақ өткізілетін уақыт пен күн көрсетілді.

Оқушылардың жеке-дара прогресі 2014 жылғы қаңтарда келесі мониторинг жүргізген кезде бағаланатын болады.

***2014 жылға арналған жоспар***
- 7, 8, 11 және 12-сыныптарда оқушылардың «Математика» пәні бойынша оқу жетістіктерінің мониторингін жүргізу.

7-сыныптар үшін «Қазақ тілі – екінші тіл», «Орыс тілі – екінші тіл» және «Ағылшын тілі» пәндері бойынша мониторинг жүйесін әзірлеу басталды. Тілдік пәндердің мониторингі жүйесін әзірлеуде ортақ тәсілдерді айқындап алу, CEFR-тің тілдік құзыреттерінің Жалпы европалық шеңбері негізінде тест тапсырмалары әзірлеу мақсатында ДББҰ-ның 30 пән мұғалімі мен қызметкерлері үшін оқыту семинары өткізілді.
«Оқу», «Тыңдау», «Жазу» және «Айту» атты төрт тілдік дағдыны бағалау үшін үш тілдік пән бойынша барлығы 763 тестілік тапсырма дайындалып, олардан 358-і Cito сарапшыларының сарапшылық бағалауынан өтті (14-кесте).

**14-кесте. Тілдік пәндер бойынша тест тапсырмалары банкі туралы ақпарат**

| | Қазақ тілі | | Орыс тілі | | Ағылшын тілі | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Әзірленді | Сарапта-мадан өтті | Әзірленді | Сарапта-мадан өтті | Әзірленді | Сарапта-мадан өтті |
| Тыңдау | 122 | 60 | 102 | 41 | 84 | 41 |
| Оқу | 168 | 43 | 94 | 93 | 118 | 41 |
| Жазу | 19 | 15 | 18 | 7 | 9 | 5 |
| Айту | 14 | 5 | 6 | 3 | 9 | 4 |
| **Жиыны** | **323** | **123** | **220** | **144** | **220** | **91** |



***2014 жылға арналған жоспар***
- Әзірленген тест тапсырмаларын байқап көру және 7-сыныптарда тестілеу рәсімдерін, Зияткерлік мектептердің 8-сыныптары үшін тілдік пәндер бойынша тест тапсырмалары әзірлеу;
- «Айту» дағдысын бағалау бойынша тест тапсырмаларын әзірлеу, оның сараптамасы және мұғалімдерді оқыту мәселелері бойынша семинарлар мен тренинигтер өткізу.

## 2.5 Түлектерді сырттай тәуелсіз қорытынды бағалау жүйесін әзірлеу

КХЕК-пен бірге Зияткерлік мектептер түлектеріне сырттай қорытынды бағалауды ұйымдастыруға және өткізуге дайындық бойынша бірлескен жұмыс жүргізілді; оның технологиясы әзірленіп, байқап көру өткізілді.

Жобаны жүзеге асыру үшін КХЕК емтихандық материалдарды, нормативтік және нұсқамалық құжаттарды әзірледі, ПӨО-мен бірлесіп Зияткерлік мектептердің мамандары мен мұғалімдері үшін оқушылардың емтихандық жұмыстарын бағалауды стандарттау бойынша оқытушы семинар-тренингтер өткізілді.

КХЕК 2013 жылғы сәуірде пилоттық жоба шеңберінде Астана, Көкшетау, Талдықорған, Семей және Өскемен қалаларында бес Зияткерлік мектептің 12-сынып оқушыларының Математика, Биология, Физика және Химия пәндері бойынша оқу жетістіктеріне тәуелсіз бағалау жүргізді.

Тәуелсіз бағалау емтихандардың жаңа форматының Зияткерлік мектептер жағдайында емтихандар өткізуге қойылатын халықаралық талаптарға сәйкестігін байқап көру мақсатында өткізілді.

Жұмыстарды тексеру мен баллдарды қою ПӨО-да халықаралық сарапшылардың қатысуымен жүргізілді. Тәуелсіз бағалау кезеңінде КХЕК консультанты Астана, Көкшетау және Өскемен қалаларындағы Зияткерлік мектептерде емтихан өткізу жағдайларының халықаралық талаптарға сәйкестігіне инспекция жүргізіп, соның нәтижесінде емтихан өткізу үшін барлық қажетті жағдайдың бар екені расталды.

Тәуелсіз бағалаудың нәтижелері анықтағандай, барлық көрсетілген пәндер бойынша оқушылар жабық типтегі тапсырмаларды оңай орындайды, онда оларға ұсынылған бес жауаптың ішінен дұрыс нұсқасын таңдау ұсынылады. Алайда, олар түлектердің дәйекті түрде түсіндіру, ұсынылған схемаларды, суреттерді, графАКТерді, диаграммаларды түсіндіру дағдыларын танытуын талап ететін ашық типтегі тапсырмаларды орындауда белгілі бір қиындыққа тап болады.



Оқушылар үшін физика-математика, биология-химия секілді пәнаралық байланысқа арналған есептерді шешу ерекше проблемалы болып табылады. Алынған нәтижелер көрсеткендей, оқушылардың жақсы білімі болса да, оларда білімін нақты жағдайлар мен жаңа мән-жайларда қолдану, ақпаратты талдау және синтездеу, сыни тұрғыдан ойлау дағдылары жеткілікті түрде дамымаған.

2014 жылы түлектердің оқу жетістіктерін сырттай бағалауға дайындалу үшін КХЕК сарапшыларымен бірлесіп қызметкерлер мен мұғалімдер үшін 5 оқыту тренингі өткізілді, олар:

- Емтихан сұрақтарын әзірлеу және оқушылардың емтихандық жұмыстарын тексеру (17 мұғалім).
- Оқушылардың ағылшын тілі бойынша ауызша сөйлеу дағдысын бағалау (28 мұғалім).
- Баллдар қою және оқушылардың емтихандық жұмыстарын бағалау (48 мұғалім).
- Сырттай бағалаудың операциялық процестері (ДББҰ мен ПӨО-ның 10 қызметкері).
- Оқушылардың ағылшын тілі бойынша өнімді дағдыларын дамыту (30 мұғалім).

2013-2014 оқу жылы оқушылардың оқу жетістіктеріне сырттай бағалау жүргізу үшін мынадай қажетті құжаттар дайындалды:

- 5 пән бойынша емтихандық материалдар (18 емтихандық буклет);
- Сырттай тәуелсіз бағалаудың құрамдасы ретінде курстық жұмысты орындау жөніндегі басшылық (3 басшылық);
- Ауызша емтихандар өткізу және емтихандардың практикалық бөлігі жөніндегі басшылықтар;
- Емтихандарға әкімшілік ету жөніндегі құжаттар (28 құжат);
- 11-сынып үшін 5 пән бойынша және 12-сынып үшін 9 пән бойынша тестілік ерекшелік-

тер.

***2014 жылға арналған жоспар***

- КХЕК-пен бірлесіп 5 Зияткерлік мектепте (Астана, Көкшетау, Семей, Талдықорған, Өскемен қалаларындағы) 12-сынып түлектерінің және 10 Зияткерлік мектепте (Астана, Көкшетау, Семей, Талдықорған, Өскемен, Қарағанды, Шымкент, Орал, Ақтөбе қалаларындағы) 11-сынып түлектерінің оқу жетістіктеріне сырттай тәуелсіз қорытынды бағалауды ұйымдастыру және өткізу.
- ПӨО қызметкерлерінің Кембриджде Бағалау және емтихандық сұрақтамаларды бекіту комитетінің жұмысына қатысуы.
- 5-сынып үшін 6 пән бойынша және 10-сынып үшін 12 пән бойынша тестілік ерекшеліктерді дайындау.
- 2015-16 оқу жылында 10-сынып оқушыларын және 2017-18 оқу жылында 5-сынып оқушыларын сырттай тәуелсіз қорытынды бағалау үшін емтихандық материалдар әзірлеу.
- Зияткерлік мектептердің мұғалімдері үшін емтихандық материалдарды әзірлеу, бағалауды жүргізу және емтихандық жұмыстарды тексеру бойынша оқыту семинарларын өткізу.



## 2.6 Зияткерлік мектептерді аккредиттеуге дайындау

ДББҰ және КХЕК арасындағы келісімге сәйкес Зияткерлік мектептерді халықаралық аккредиттеуге дайындау жөніндегі жобаны іске асыру басталып кетті.

Жобаны іске асыру үшін 6 Зияткерлік мектептің (Астана, Көкшетау, Семей, Талдықорған, Өскемен және Орал қалаларындағы) әкімшілігі үшін мектептердің өзін-өзі бағалауына арналған 9 стандартты келісу және өзін-өзі бағалауды, нәтижелерге сырттай сараптама жасауды және мектептің дамуын жоспарлауды қоса алғанда, сапа кепілдігін қамтамасыз ету тәсілдерін әзірлеу бойынша екі оқыту семинары өткізілді.

> ***4 Зияткерлік мектеп*** халықаралық аккредиттеуге дайын

Наурыздан қыркүйекке дейінгі аралықта Зияткерлік мектептер 9 стандартқа сәйкес өз қызметін өзін-өзі бағалау процесін жүргізді. Өзін-өзі бағалау нәтижелері бойынша КХЕК сарапшылары ПӨО қызметкерлерімен бірге сырттай бағалау жүргізді.

Сырттай сараптама жасау мен барып көру барысында:

- мектептер дайындаған өзін-өзі бағалау нысандарын және мектептің стандарттарға сәйкес жетістіктерін қолдау үшін жиналған дәлелдемелерді шолып көру;
- мектептің әкімшілігімен, стандарттар бойынша әрбір жұмыс тобының мүшелерімен, сондай-ақ мұғалімдермен және оқушылармен, кейбір мектептерде ата-аналармен кездесу;
- сабақтардың белгілі бір санын байқап-бақылау жүргізілді.

Жасалған тұжырымдар барлық мектептердің қызметті ұйымдастыруда күшті жақтары да, жақсартуды талап ететін аспектілері де бар екенін көрсетті.

Күшті жақтары:

- Мектептердің ұжымдары директордың және әкімшіліктің басшылығымен өз қызметін өздігінен бағалау процесін қатаң ұстанатынын көрсетті.
- Мектептер өзін-өзі бағалауды жүргізу тәсілдерін ұсынымдарға сәйкес пайдаланды.
- Әрбір стандартты қарау үшін командалар қалыптастырылды. Командалардың көшбасшылары өз стандартарының мазмұнын жақсы және егжей-тегжейлі түсінетінін көрсетті.
- Кейбір мектептерде жекелеген стандарттарды бағалау жөніндегі командаларға ата-аналар мен мектеп қызметкерлері бірдей санда қатысады.
- Әрбір мектеп осы сапарға жақсы әзірленген және олардың құжаттар түріндегі дәлелдемелерінің бай және егжей-тегжейлі топтамасы болды.
- Кейбір мектептер арнаулы сауалнама әзірлеп, өзін-өзі бағалауды қолдау тұрғысынан дәлелдемелер жинау үшін сұрау салу жүргізді.
- ДББҰ-ның әрбір мектеп басшылығы үшін нақты және анық саясаты бар.
- ДББҰ саясаты нақты тұжырымдалып, дәлелдемелермен куәландырылған.
- Барлық мектептерде мектептік құндылықтар айқын байқалады.
- Жұмысты ұйымдастыру схемасы және сабақтарды жоспарлау жөніндегі құжаттама, байқау жөніндегі есептер оқу бағдарламаларына, ресурстарға, оқыту мен оқуға қатысты стандарттар бойынша дәлелдемелік базаны бекіту үшін қажетті ақпарат береді.
- Оқушылар өздерінің тілдік дағдылары мен интеллектісі тұрғысынан өз мектептерінің лайықты өкілдері болып табылады.
- ДББҰ ұсынған бағалау рәсімдерінің нәтижелерін талдау қызмет нәтижелерін өздігінен бағалау үшін бағалы дереккөз болып табылады.
- Қабілетті, еңбекқор оқушылар мектеп бағдарламасының барлық бағыттарына толықтай қатысып, мектептер ұсынатын барлық мүмкіндіктерді пайдалануға ұмтылады. Оқушыларға әсіресе, оқытудың белсенді әрі зерттеуші нысандары ұнайды. Жаһандық перспективалар мен жобалау жұмыстары оқушылар тарапынан жоғары баға алды.
- Үштілділікке назар аударуды оқушылар да, ата-аналар да бағалайды. Ұжым барлық деңгейде өзінің тілдік дағдыларын, атап айтқанда ағылшын тілі бойынша дағдыларын жақсарту үшін қажырлы еңбек етуде.
- Мектептерде «мұғалім-оқушы», «оқушы-оқушы» арасында өзара жақсы қарым-қатынасы бар қолайлы оқу ортасы орныққан. Бір оқушы мектепті «екінші үйім» деп сипаттады.
- Кәсіби даму мен инновацияларға ұдайы ұмтылыс бар, онда қызметкерлер мектепте және одан тысқары жерлерде біліктілігін арттырады, сондай-ақ онлайн материалдарды дайындау мен таратуға үлес қосады.
- Халықаралық мұғалімдердің командалары мектептің дамуына қосқан елеулі үлесі, озық практиканы кеңейтуге және таратуға ықпал еткені үшін жоғары бағаланады.
- Әрбір мектепте ата-аналар тарапынан күшті қолдау бар, олар өздерінің мектепке сенетінін, өз балаларының мектепке риза көңілмен баратынын атап өтті. Ата-аналар мектеп ұсынған мүмкіндіктерді бағалайды және мектептің қызметін жақсарту үшін белгілі бір саланы түптеп айтып бере алмады.
- Мектептердің халықаралық стандарттарға сәйкестігіне дәлелдеме ретінде қомақты (кейде тіпті көп) пайдалы деректерге ие.

Жақсартылуы мүмкін аспектілер:

- Қызмет нәтижелерінің көбірек түрде талдауға ұсыну, күшті және әлсіз жақтарды, тиісінше сипаттамалық ақпаратты емес, шешуші басымдықтарды бөліп көрсету.
- Бастауыш мектебі бар екі мектепте білім берудің бастауыш сатысына жеткілікті назар аударылмауы.

Зияткерлік мектептердің Халықаралық аккредиттеуге дайындығы

Халықаралық сарапшылардың пікірі бойынша:
Мектептер Интеграцияланған білім беру бағдарламасын іске асыру үшін бірлесіп жұмыс істейтін жергілікті және халықаралық мұғалімдермен жақсы қамтамасыз етілген.

Әзірленіп және енгізіліп жатқан үштілділік саясаты оқушыларға ұнайды және олар тілдерді үйрену саласында жақсы жетістікке жетуде.

Оқушылардың оқу нәтижелері Қазақстанда да, шетелде де университеттерге түсу үшін жеткілікті, өте жоғары деңгейде.

Зияткерлік мектептердің болжап-көруі мен құндылықтары тиісті деңгейде, жергілікті қоғамдастықпен арадағы жақсы байланыс мысалдары келтірілді.

Әкімшіліктің ұжымды қолдау және дамыту жөніндегі тәсілдері өте күшті, онда мұғалімдерді кәсіби тұрғыдан дамыту жөніндегі қызметке баса мән берілген.

Халықаралық сарапшылардың ұсынымдарына сәйкес:
- Астаны қаласындағы Зияткерлік мектеп (мектептің өз ғимараты болған жағдайда);
- Семей қаласындағы Зияткерлік мектеп;
- Талдықорған қаласындағы Зияткерлік мектеп;
- Өскемен қаласындағы Зияткерлік мектеп аккредиттеу процесіне дайын.
-

Мына мектептер:
- бастауыш мектептің барлық сыныптары оқушылар контингентімен толық жасақталған жағдайда, өйткені бұл кейбір халықаралық агенттіктердің талабы болып табылады, Көкшетау қаласындағы Зияткерлік мектеп халықаралық танылуға үміттене алады.
- Орал қаласындағы Зияткерлік мектеп халықаралық аккредиттеудің қызмет мерзімінің ұзақтығына (кемінде үш жыл) байланысты талаптарына сәйкес келген жағдайда, халықаралық аккредиттеуге қатысуға өтінім бере алады.

**2014 жылға арналған жоспар**
- Аккредиттеу агенттігін таңдап алып, төрт мектептің аккредиттеуге өтініш беруі.
- Павлодар, Тараз, Қызылорда, Атырау, Ақтөбе, Қарағанды, Шымкент (ФМБ және ХББ) қалаларындағы Зияткерлік мектептердің өзі-өзі бағалауын ұйымдастыру.

# 3-БӨЛІМ.
# ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРДІҢ ОҚУШЫЛАРЫ

## 3.1 Оқушылардың контингенті

2013-2014 оқу жылында 2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша он бес Зияткерлік мектептегі оқушылардың саны – 9700 адам, олардың ішінде 5682-сы – қазақ тілінде оқитындар, 4018-і – орыс тілінде оқитындар. (15-кесте).

Зияткерлік мектептердегі оқушылардың саны ***9700 оқушыға*** жетті

**15-кесте. Зияткерлік мектептердегі оқушылардың саны**

| Зияткерлік мектептің атауы | Бар-лығы, адам. | Қазақ тілінде оқитындар | Орыс тілінде оқитын-дар |
|---|---|---|---|
| Астана қ. ФМБ Зияткерлік мектеп | 973 | 503 | 470 |
| Астананың Зияткерлік мектебі | 435 | 229 | 206 |
| Ақтөбе қ. ФМБ Зияткерлік мектеп | 651 | 392 | 259 |
| Атырау қ. ХББ Зияткерлік мектеп | 666 | 351 | 315 |
| Қарағанды қ. ХББ Зияткерлік мектеп | 688 | 347 | 341 |
| Көкшетау қ. ФМБ Зияткерлік мектеп | 757 | 437 | 320 |
| Қызылорда қ. ХББ Зияткерлік мектеп | 537 | 382 | 155 |
| Павлодар қ. ХББ Зияткерлік мектеп | 601 | 320 | 281 |
| Семей қ. ФМБ Зияткерлік мектеп | 704 | 416 | 288 |
| Талдықорған қ. ФМБ Зияткерлік мектеп | 710 | 383 | 327 |
| Тараз қ. ФМБ Зияткерлік мектеп | 560 | 374 | 186 |
| Өскемен қ. ХББ Зияткерлік мектеп | 673 | 469 | 204 |
| Орал қ. ФМБ Зияткерлік мектеп | 581 | 343 | 238 |
| Шымкент қ. ФМБ Зияткерлік мектеп | 649 | 407 | 242 |
| Шымкент қ. ХББ Зияткерлік мектеп | 515 | 329 | 186 |
| **ЖИЫНЫ** | **9700** | **5682** | **4018** |



## 3.2 Виртуалдық және демалыстық мектептер

Қазақстан Республикасы орта білім беру ұйымдарының оқушыларын Зияткерлік мектепке конкурстық іріктеуден өтуге дайындау және жаратылыстану-математика ғылымдарын зерделеуге қабілетті оқушыларды анықтау мақсатында «Виртуальдық мектеп» және «Демалыстық мектеп» жобалары іске асырылуда.

«Виртуальдық мектеп» веб-сайтының көмегімен үміткерлер өңірлік Зияткерлік мектепке оқу үшін тіркеліп, тапсырма және оны орындау жөнінде ұсынымдар алуы, педагогтің жеке консультациясын алуы мүмкін. 2013 жылы сайтта тіркелген пайдаланушылар саны 5649 адам болды, бұл 2012 жылға қарағанда 2724 адамға көп.

16-кестеде 2013 жылы тапсырмаларды орындаған және Зияткерлік мектептердің «желілік мұғалімдеріне» тексеруге ұсынған «Виртуальдық мектепке» қатысушылар саны туралы ақпарат берілген.

**16-кесте. Виртуальдық мектеп қатысушыларының саны туралы ақпарат**

| Рет № | Зияткерлік мектеп | Виртуальдық мектеп қатысушыларының саны, адам | | |
|---|---|---|---|---|
| | | барлығы | қазақ тілінде оқитындар | орыс тілінде оқитындар |
| 1 | Астана қ. ФМБ Зияткерлік мектеп | 343 | 218 | 125 |
| 2 | Көкшетау қ. ФМБ Зияткерлік мектеп | 101 | 46 | 55 |
| 3 | Өскемен қ. ХББ Зияткерлік мектеп | 128 | 106 | 22 |
| 4 | Семей қ. ФМБ Зияткерлік мектеп | 46 | 28 | 18 |
| 5 | Талдықорған қ. ФМБ Зияткерлік мектеп | 71 | 53 | 18 |
| 6 | Орал қ. ФМБ Зияткерлік мектеп | 180 | 125 | 55 |
| 7 | Ақтөбе қ. ФМБ Зияткерлік мектеп | 95 | 58 | 37 |
| 8 | Қарағанды қ. ХББ Зияткерлік мектеп | 73 | 30 | 43 |
| 9 | Шымкент қ. ФМБ Зияткерлік мектеп | 362 | 299 | 63 |
| 10 | Шымкент қ. ХББ Зияткерлік мектеп | 50 | 33 | 17 |
| | **ЖИЫНЫ** | **1449** | **996** | **453** |

Виртуальдық мектептің тапсырмаларын ойдағыдай орындаған оқушылар бейінді пәндер бойынша күндіз оқу және конкурстық іріктеу пәндері бойынша консультация алу үшін «Демалыстық мектеп» жобасына қатысуға шақырылады. 2013 жылы «Виртуальдық мектеп» қатысушыларының 52%-ы тапсырмаларды ойдағыдай орындап, «Демалыстық мектепке» оқуға шақырылды (17-кесте).

«Виртуальдық мектеп» қатысушылары ***1449***

**17-кесте. Демалыстық мектеп қатысушыларының саны туралы ақпарат**

| № п/п | Зияткерлік мектеп | Демалыстық мектеп қатысушыларының саны, адам | | |
|---|---|---|---|---|
| 2 | «Педагогикалық рефлексия технологиялары» | мектеп директорларының орынбасарлары, әдістемелік бірлестіктердің басшылары, мұғалімдер | Дипломнан кейінгі білім беру академиясы, Санкт-Петербург қ. |
| 3 | «Педагогикалық ұжымның бағалық-нысаналы бірлігі: диагностикалау және жобалау» | Зияткерлік мектептердің педагог қызметкерлері | «Точка ПСИ» білім беруді психологиялцк сүйемелдеу орталығы, Мәскеу қаласы |
| 4 | «Шешендік шеберлік» | Зияткерлік мектептердің мұғалімдері | «Ника» шешендік шеберлік орталығы |

Оқыту шеңберінде педагогикалық ұжымдарға ұжымдардың социологиялық қабілеттерін, мұғалімдердің бейімделу деңгейін, Зияткерлік мектептердің бағалық-нысаналы бірлігі мен менеджментін айқындау мәселелері бойынша диагностикалау жүргізілді. Диагностикалау қорытындылары Зияткерлік мектептердің Директор кеңесінің отырысында қаралды, қажетті басқарушылық шешімдер қабылданды.

CITO және CTY стратегиялық әріптестермен бірге халықаралық жобалар бойынша жұмыс жалғасты:

| № | Курстың тақырыбы | Нысаналы аудитория | Орындаушы |
|---|---|---|---|
| 1 | «Тест тапсырмаларын әзірлеу технологиясы бойынша жаттықтырушыларды дайындау» | пән мұғалімдері | Cito International, Нидерланды |
| 2 | «Балалардың дарындылығын дамыту» бағдарламасын енгізуді бағалау | ДББҰ қызметкерлері, мұғалімдер | Джонс Хопкинс Университетінің Талантты жастар орталығы, АҚШ |



Оқытудың толық циклі аяқталғаннан кейін 2014 жылы тест тапсырмаларын әзірлеу бойынша 45 сертификатталған жаттықтырушы және «Балалардың дарындылығын дамыту» бағдарламасын енгізуді бағалау бойынша 17 сарапшы дайындалатын болады. CTY жобасының барысында Зияткерлік мектептердің мектепішілік курстарына мониторинг жүргізуге бағытталған жаттықтырушылардың жұмысын байқаудың **рубрик**-нысандары мен нысандары әзірленді.

Педагогтардың тілдік және **АКТ** құзыреттеріне бастапқы және ағымдағы мониторинг жүргізу шеңберінде мынадай блоктар бойынша тестілеу ұйымдастырылды:

| № | Курстың тақырыбы | Нысаналы аудитория | Орындаушы |
|---|---|---|---|
| 1 | Қазтест | Зияткерлік мектептердің қызметкерлері | **ГЦНТО** |
| 2 | Ағылшын тілін білу деңгейін анықтауға арналған тест | Зияткерлік мектептердің қызметкерлері | Британ Кеңесі |
| 3 | **АКТ**-тест | Зияткерлік мектептердің қызметкерлері | «Перспектива» орталығы |

1736 адамды тестілеу жүргізілді, бұл педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдардың жалпы санының 97%-ын құрайды. Орал қаласының ФМБ и Талдықорған қаласының ФМБ Зияткерлік мектептер мұғалімдерінің нәтижелері неғұрлым тұрақты болды, Орал қаласының сертификаттар алған мұғалімдерінің 44% және Талдықорған қаласының сертификаттар алған мұғалімдерінің 40% қазақ тілін жоғары деңгейде біледі.

Ақтөбе, Атырау, Қарағанды, Қызылорда, Павлодар, Тараз және Шымкент қалаларының Зияткерлік мектептерінің мұғалімдері қазақ тілі бойынша тестілеуге алғаш рет қатысты, Ақтөбе, Қызылорда және Шымкент қалаларының мұғалімдері неғұрлым жоғары нәтиже көрсетті (2-диаграмма).

**2-диаграмма. Мектептер бөлінісінде Қазтест нәтижелері**




Статистика қазақ тілін білудің жалпы деңгейі едәуір жоғарылағанын көрсетеді, атап айтқанда, «Қарапайым» деңгейі бар оқытушылардың саны қысқарды және «Жоғары» қазақ тілін жақсы білетін оқытушылардың саны артты.

2012 және 2013 жылдары өткізілген Қазтест нәтижелерін салыстырмалы түрде талдау қазақ тілін білудің жоғары деңгейіне жеткен мұғалімдердің пайызы 2011 жылмен салыстырғанда 20 %-дан 45%-ға дейін өскендігін көрсетті.



Британ Кеңесі әзірлеген, ағылшын тілін білу деңгейін айқындауға арналған Aptis тестінің нәтижелері бойынша Зияткерлік мектептер мұғалімдерінің тілдік құзыреттері деңгейінің сапалы артуы байқалады.

Мәселен, ағылшын тілін орта және жетік деңгейде білетін оқытушылардың үлесі тестке қатысушылардың жалпы санының 26,2%-ын құрайды, бұл өткен жылдың осындай көрсеткішінен 3 еседен астам асып түседі. Егер 2012 жылы «С» – тілдік дағдылары жетік және кәсіби деңгейдегі мұғалімдердің саны 9 адамды құраса, онда 2013 жылы бұл цифр 162 дейін өсті. «С» деңгейін көрсеткен оқытушылардың ең көп үлесі Астана қаласының ХБ (24 адам), Шымкент қаласының ФМ (24 адам), Семей қаласының (17 адам) Зияткерлік мектептерінде бар.

Ағылшын тілін бастапқы және қарапайым деңгейде білетін мұғалімдердің көбі жаңадан ашылған мектептерге келеді. Олар үшін English Discovery online қашықтықтан оқыту курсы ұйымдастырылды.

**31-кесте. Ағылшын тілін білу деңгейі (APTIS)**

| Қала | Адам саны | Ағылшын тілін білу деңгейі (APTIS) | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | A0 | A1 | A2 | B1 | B2 | C |
| Семей | 128 | 31 | 46 | 26 | 5 | 3 | 17 |
| Павлодар | 117 | 51 | 33 | 12 | 11 | 6 | 4 |
| Ақтөбе | 136 | 44 | 41 | 20 | 8 | 6 | 17 |
| Талдықорған | 96 | 17 | 47 | 24 | 5 | 2 | 1 |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Шымкент ФМ | 127 | 32 | 23 | 17 | 19 | 12 | 24 |
| Көкшетау | 121 | 35 | 58 | 21 | 5 | 2 | |
| Қарағанды | 126 | 33 | 54 | 13 | 3 | 7 | 16 |
| Өскемен | 77 | 25 | 14 | 16 | 9 | 5 | 8 |
| Астана ФМБ | 126 | 23 | 48 | 11 | 15 | 14 | 15 |
| Тараз | 114 | 50 | 34 | 8 | 5 | 8 | 9 |
| Қызылорда | 86 | 28 | 30 | 9 | 8 | 8 | 3 |
| Орал | 123 | 13 | 40 | 18 | 29 | 14 | 9 |
| Шымкент ХБ | 107 | 14 | 26 | 19 | 23 | 15 | 10 |
| Атырау | 115 | 5 | 26 | 39 | 35 | 5 | 5 |
| Астана ХБ | 118 | 19 | 32 | 16 | 16 | 11 | 24 |

**АКТ** құзыреттері деңгейіне тестілеуге 1602 адам қатысты, бұл мұғалімдер мен әкімшілік-басқарушылық персоналдың жалпы санының 95%-ын құрады.

Тестілеу нәтижелерін талдау 268 педагог ең жоғары нәтижеге жеткіндігін көрсетті, бұл барлық тесттен өтушілер санының 17%-ын құрайды, 556 (35%) педагог орташа нәтиже көрсетті, 615 (38%) – төмен және 165 (10%) – өте төмен.

Тұтастай алғанда, барлық мектептер бойынша базалық қиындық деңгейін тестілеуде 366 (23%) педагог **АКТ** білудің орташа деңгейін көрсетті, төмен – 432 (27%), өте төмен – 123 (8 %).

Қиындығы жоғары деңгейдегі тестілеу нәтижелері бойынша Астана қаласының ФМБ және Өскемен қаласының мұғалімдері ең жоғары көрсеткішке қол жеткізді. Қиындығы жоғары деңгейдегі тестілеуде ең төмен нәтижелерді қазіргі уақытта Қызылорда, Тараз және Шымкент қалаларының жақында ашылған мектептерінің мұғалімдері көрсетуде.



***Шетелдік педагогтармен жұмыс істеу***

Түйінді бағдарларды айқындау және жаңа 2013-2014 оқу жылына дайындық мақсатында Зияткерлік мектептердің шетелдік педагогтары үшін бағдарлану күндердің сессиялары ұйымдастырылды және өткізілді.




Бағдарлы күндер бағдарламасы шеңберінде мектеп басшыларына арналған дөңгелек үстелдер, оқыту және критерийлік бағалау бағдарламалары бойынша секциялар, пәндер

бойынша шеберлік-сыныптары өткізілді.

Бағдарлы күндер барысында 2 жылдан астам жұмыс істеген шетелдік педагогтар Зияткерлік мектептердің дамуына қосқан үлестері үшін құрмет грамоталарымен атап өтілді.

Шетелдік педагогтар жаңадан ашылып жатқан мектепдердің мұғалімдері үшін командалық оқыту әдістемесі, педагогикалық көшбасшылық, оқытудың белсенді түрлері бойынша семинарлар өткізді. Мынадай тақырыптар бойынша: PASCO жабдығымен жұмыс, сабақта PHYWE мен SPARK аспаптарын қолдану, «Экономика» және «Жаһандық перспективалар» пәндерін интегративтік оқыту; стратегиялық жоспарлау және мектепті басқару тақырыптарын мектепішілік курстар шеңберінде оқыту тұрақты негізде жүргізілуде.

Шетелдік мұғалім Прагасен Найдудың Зияткерлік мектеп оқушыларын даярлау жөніндегі жұмысының арқасында Орал қаласы ДББҰ робот техникасы бойынша Қазақстанға арналған робот техника бойынша конкурсты Ұлттық Ұйымдастырушы Сертификатын алды (RoboFest).

Зияткерлік мектеп тәжірибесін тарату шеңберінде шетелдік мамандар қалалық және облыстық деңгейлерде шеберлік-сыныптары сериясын өткізді.

Оқушыларға арналған үйірмелер саны кеңейтілген:

- Тілдік құзыреттерді дамыту үшін - Chat Café, «Ағылшын тілі зертханасы», «Артист», шешендік шеберлік клубы;
- Зерттеушілік дағдыларын қалыптастыру үшін – жас натуралист клубы, экологиялық клуб, ғылыми басқатырғыштар клубы;
- АКТ құзыретін дамыту үшін – QR-кодтау, Lego-модельдеу, робот техника, зымыран жасау.
- Денсаулық сақтау жөніндегі шараларды қамтамасыз ету үшін – шахмат клубы, салт атпен жүру клубы, садақ ату.



***Нысаналы даярлық***

Стратегиялық дамытуға сәйкес жұмыс істеп тұрған мектептердің неғұрлым даярланған педагогтарының кәсіби тұрғыда өсуі олардың ішінен басшылық құрамның кадрлық резервін қалыптастыруға және шетелдік педагогтарды ауыстыруға бағытталған. Осы мақсатта Назарбаев Университеті базасында «Білім саласындағы басқару» бағыты бойынша екіжылдық магистратура бағдарламасы бойынша ДББҰ 25 қызметкерін нысаналы даярлау жүзеге асырылады. Оқыту бағдарламасы Зияткерлік мектептеріндегі білім беру процестерінің ерекшеліктері ескеріле отырып әзірленді. Оқыту барысында; командалық оқыту, Зияткерлік мектептер тәжірибесін тарату, бағалау, үштілділік бойынша ҚР орта білім беру жүйесі үшін өзекті зерттеулер жүргізілетін болады.

«Болашақ» бағдарламасы бойынша ғылыми-педагогикалық тағылымдаманың үш бағдарламасы іске асырылады.

Тағылымдаманың бірінші бағдарламасы мектеп директорлары үшін Кембридж Университетінің Білім факультетімен бірлесіп әзірленді. Тағылымдаманың осы бағдарламасы бойынша сәуірден бастап Астана қаласы ФМБ Зияткерлік мектеп директоры М.А. Жакеновті оқыту жүргізілуде. Тағылымдама бағдарламасы 12 айға есептелген, сол уақыт ішінде тағылымдамадан өтуші мектепті басқару, көшбасшылықты бөлу бойынша арнайы курстардан, сондай-ақ Білім факультетінің магистрлік бағдарламаның кейбір модульдерінен өтеді. Сонымен қатар бағдарламада 6 айлық тілдік курстардан өту көзделген.

Екінші бағдарлама. Астана, Семей, Талдықорған және Көкшетау қалаларының Зияткерлік мектептерінің 13 пән мұғалімдері Хаамелина қаласы және Юваскула қаласы, Финляндия (HAMK, JAMK Universities of Applied sciences) қолданбалы ғылымдар университеттері базасында оқудан өтуді бастады. Тағылымдамадан өту бағдарламасы екі кезеңнен тұрады – мектептер базасында тілдік курстар (6 ай) және тағылымдама (3 ай).

Үшінші бағдарлама. Ұлыбритания, Сессекс Университеті базасында пән мұғалімдері үшін тағылымдамадан өту бағдарламасы әзірленді.

***2014 жылға арналған жоспар***

- Мектеп ішінде, елде және шетелде біліктілікті арттыру жобасы шеңберінде курстарды ұйымдастыру жөніндегі жұмысты жалғастыру;
- Сертификатталған жаттықтырушылар кластерін кеңейту;
- Мұғалімдер практикасын тұрақты мектепішілік бағалау үшін жылдық шолу рәсімін әзірлеу және енгізу;
- «Практиканы іс жүзінде зерттеу», «Балалардың дарындылығын дамыту» бағдарламасын енгізуді бағалау жөніндегі нұсқаулық», «Сабақты зерттеу технологиясы» атты іске асырылп жатқан халықаралық жобалар бойынша әдістемелік кешен әзірлеу.
- КХЕК-пен Негізгі Келісім шеңберінде тренингтерді ұйымдастыру:
- мұғалімдерге арналған оқу жоспарлары бойынша;
- ИОП жаттықтырушыларына арналған;
- ПШҰ қызметкерлеріне арналған;
- «Практиканы іс жүзінде зерттеу» жобасы бойынша;
- сыртқы бағалау бойынша;
- интеграцияланған критерийлік бағалау моделі (ИКБМ) бойынша;
- мектептерді бағалау бойынша.
- Мыналардың тағылымдамаларын ұйымдастыру:
- CLIL технологияларын қолдана отырып, оқыту дағдыларын қалыптастыру үшін пән мұғалімдерінің;
- «job shadowing» моделі бойынша мектептер басшыларының.



## 4.4 Педагог қызметкерлерді және оларға теңестірілген адамдарды аттестаттау

2012 жылғы аттестаттау туралы мұғалімдер пікірлері, сондай-ақ Зияткерлік мектептер әкімшілігінің ұсынымдары ескерілес отырып, бағалау рәсімі ПӨО-ді бағалау жөніндегі сарапшылармен ынтымақтастықта пысықталды. Мыналар әзірленді:

- алты балдық шкала бойынша 6 аттестаттау тапсырмасына бағалау дескрипторлары;
- аттестаттау тапсырмаларын орындау бойынша ұсынымдар әзірленді;
- сабақтарды байқау және бағалау шаблондары әзірленді;
- балдардың арақатынасы шкаласы жеілдірілді (аттестататтудың әрбір кезеңінің үлес салмағы пайда болды);
- аттестаттау тапсырмаларын орындау қортындылары бойынша кері байланыс нысаны әзірленді.

«Сабақтарды/сабақтар сериясын жоспарлау» деген үшінші аттестаттау тапсырмасының

құрамына кірген «Бейне сабақ» тапсырмасы жаңашылдық болды. Аттестатталатын педагогтар портфолияда сабақтың бейнежазбасын ұсынды. Әзірленген байқау шаблоны мен бағалу нысаны бойынша аттестатталатын мұғалімдердің бейне сабақтарын басқа Зияткерлік мектептердегі әріптестері бағалады. Мұндай өзара бағалау Зияткерлік мектеп мұғалімдерінің арасында жинақталған оқыту және үйрету дағдыларын алмасуға ықпал етті.

Аттестаттау рәсіміне 115 адам қатысты. Оның 113-і пән мұғалімі және 2 адам - педагог қызметкерлерге теңестірілген адамдар (психолог, әдіскер). Аттестаттау нәтижелері төменде келтірілді (32-кесте).

**32-кесте. Зияткерлік мектептер арасындағы 2013 жылғы аттестаттау қорытындылары**

| Мектеп | Аттестатталғандар саны, барлығы | Педагогикалық шеберлік деңгейі | | |
|---|---|---|---|---|
| | | Оқытушы | Оқытушы-модератор | Оқытушы-сарапшы |
| Астана ФМБ | 8 | 6 | 2 | - |
| Астана ХБ | 18 | 11 | 7 | - |
| Көкшетау ФМБ | 35 | 15 | 17 | 3 |
| Семей ФМБ | 18 | 6 | 9 | 3 |
| Талдықорған ФМБ | 14 | 5 | 8 | 1 |
| Өскемен ХБН | 17 | 5 | 9 | 3 |
| Шымкент ХББ | 1 | | | 1 |
| **Жиыны:** | **111 *** | **48** | **52** | **11** |

**2 Педагог кадр аттестаттаудан өтпеген, өйткені олардың портфолиосынан плагиаттық байқалған.*

Зияткерлік мектептердің педагог қызметкерлеріне жүргізілген сауалнама аттестаттау рәсіміндегі жаңашылдық аттестаттау тапсырмаларын бағалау рәсімдеріндегі ашықтықты қатты қамтамасыз еткенін көрсетті.

***2014 жылға арналған жоспар***

- Педагог қызметкерлерді және оларға теңестірілген адамдарды, сондай-ақ мектеп басшыларын аттестаттау жөніндегі ортақ нұсқаулықты әзірлеу.

## 4.5 Мұғалімдердің жетістіктері

«Жылдың үздік мұғалімі» аты кезекті конкурсқа мектеп турнирлерінің 11 жеңімпазы қатысты.

Конкурстың басты мақсаты – педагог қызметкерлердің шығармашылық қызметін дамыту, мұғалім мамандығының беделін арттыру, педагогтардың кәсіби шеберлігін өсіру.

Конкурстың тапсырмасы: «Менің педагогикалық ұстанымым» бейнефильмі, дербес көрме, сабақ, шешендік өнер, педагогикалық жағдайларды шешу – маңызды педагогтік құзырет-

терді анықтауға бағдарланған.

Әділқазылар мынадай бірқатар критерийлер: кәсіби шеберлік пен тұлғалық сапа, жеке-дара стиль, педагогикалық қызметтің тиімділігі бойынша үміткерлердің қызметін бағалады.

Мұғалімдер конкурс барысында өз жетістіктерін көрсетті – әртүрлі пәндер бойынша әзірленген оқу-әдістемелік оқулықтар, бағдарламалар, дескрипторлары бартест тапсырмаларының жинақтары, цифрлық білім беру ресурстары (электрондық оқулықтар, 3D форматында, оқу фильмдері мен бейнебаяндар).

Конкурс нәтижелері:
**1-орын** – Астана қаласы Зияткерлік мектебіндегі биология пәнінің мұғалімі Шагимолдина Меруерт және Шымкент қаласы ФМБ Зияткерлік мектебіндегі қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Көпбосынов Бекжан.

**2-орын** – Орал қаласы ФМБ Зияткерлік мектебіндегі биология пәнінің мұғалімі Нұрғалиев Нұрым.

**3-орын** – Көкшетау қаласы ФМБ Зияткерлік мектебіндегі қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Закерия Қайрат.

Елдің орта білім беру жүйесіндегі тәжірибені тарату бойынша Зияткерлік мектептердің бірқатар алдыңғы қатардағы педагогтарының қызметі ҚР Білім және ғылым министрлігінің наградаларымен еленді (33-кесте).



**33-кесте . Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрілігінің наградалары**

| ТАӘ лауазымы | Награда | Мектеп |
|---|---|---|
| Ахметова Сәуле Рамазановна – тарих пәнінің мұғалімі, педагогикалық шеберлік деңгейі – сарапшы | «Ы. Алтынсарин» омырау белгісі | Астана қаласының зияткерлік мектебі |
| Жампейісова Гүлборчен Даирбековна – математика пәнінің мұғалімі, педагогикалық шеберлік деңгейі – сарапшы | «Ы. Алтынсарин» омырау белгісі | Талдықорған қаласы ФМБ Зияткерлік мектебі |
| Қашкеева Жанна Борисовна – физика пәнінің мұғалімі, педагогикалық шеберлік деңгейі – сарапшы | «Ы. Алтынсарин» омырау белгісі | Астана қаласы ФМБ Зияткерлік мектебі |
| Үйсінбекова Гүлнар Нәсіповна – блабақша меңгерушісі, педагогикалық шеберлік деңгейі –модератор | Қазақстан Республикасының Білім саласындағы құрметті қызметкері | Талдықорған қаласы ФМБ Зияткерлік мектебі |
| Белявская Любовь Ивановна – ағылшын тілі пәнінің мұғалімі, педагогикалық шеберлік деңгейі –модератор | Қазақстан Республикасының Білім саласындағы құрметті қызметкері | Көкшетау қаласы ФМБ Зияткерлік мектебі |
| Васюк Галина Васильевна – орыс тілі пәнінің мұғалімі, педагогикалық шеберлік деңгейі –модератор | «Ы. Алтынсарин» Омырау белгісі | Семей қаласы ФМБ Зияткерлік мектебі |
| Байшағырова Аманкүл Пірімжаровна, сарапшы-оқытушы, қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі | «Үздік педагог», медалі | Астана қаласы Зияткерлік мектебі |

# 5-БӨЛІМ.
# ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕР ТӘЖІРИБЕСІН ТАРАТУ

Зияткерлік мектептер тәжірибесін тарату – ДББҰ қызметіндегі басты стратегиялық бағыттарының бірі. Білім беру мектептеріндегі педагогтар мен білім беру ұйымдары басшыларының біліктілігін арттыру осы бағыттың басты құрауышы болып табылады.

- Мынадай бағыттар бойынша тәжірибені тарату жүзеге асырылды:
- Біліктілікті арттыру
- Онлайн сабақтар мен онлайн семинарлар
- Халықаралық конференциялар мен семинарлар
- Базалық мектептермен жұмыс
- Орта білімнің мазмұнын жаңарту

## 5.1 Біліктілікті арттыру

***Деңгейлік курстар***

Біліктілікті арттырудың деңгейлік курстарын іске асыру бойынша жұмыс жалғастырылды. Кембридж Университетінің Білім факультетімен бірлесіп, 247 сертификатталған жаттықтырушы қосымша даярланды

***247 жаттықтырушы***
даярланды және
***4964 мұғалім***
бағдарламалар деңгейлері
бойынша оқытылды

**34-кесте. Білім беру мен тілдерді оқыту кезіндегі деңгейлік бағдарламалар бойынша жаттықтырушыларды оқыту курстары тыңдаушыларының сандық құрамы**

| Деңгейлік бағдарламалар атауы | Білім беру ұйымының атауы | Барлығы | Оның ішінде | |
|---|---|---|---|---|
| | | | Қазақ тілінде оқитын | Орыс тілінде оқитын |
| Үшінші (базалық) | Педагог кадрларды даярлауды жүзеге асыратын ЖОО-лар | 10 | 5 | 5 |
| | «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ | 10 | 7 | 3 |
| | Педагогикалық шеберлік орталығы және оның филиалдары | 21 | 13 | 8 |
| | «Өрлеу » және оның филиалдары | 109 | 69 | 40 |
| **Барлығы:** | | **150** | **94** | **56** |
| Екінші (негізгі) | Педагог кадрларды даярлауды жүзеге асыратын ЖОО-лар | 5 | 1 | 4 |
| | «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ | 14 | 8 | 6 |
| | Педагогикалық шеберлік орталығы және оның филиалдары | 22 | 14 | 8 |
| | Педагогикалық өлшемдер орталығы | 3 | - | 3 |
| | «Өрлеу » ҰБАО АҚ | 6 | 5 | 1 |
| **Барлығы:** | | **50** | **28** | **22** |
| Бірінші (жетік) | Педагог кадрларды даярлауды жүзеге асыратын ЖОО-лар | 1 | 1 | - |
| | «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ | 2 | 1 | 1 |
| | Педагогикалық шеберлік орталығы және оның филиалдары | 32 | 21 | 11 |
| | Педагогикалық өлшемдер орталығы | 12 | 7 | 5 |
| **Барлығы:** | | **47** | **30** | **17** |
| **Деңгейлік бағдарламалар бойынша барлығы:** | | **247** | **152** | **95** |



ПӨО және оның филиалдары базасында бір жыл ішінде 5 237 мұғалім оқудан өтті.

**35-кесте. Деңгейлік бағдарламалар бойынша мұғалімдерді оқыту қорытындылары бойынша сандық көрсеткіштер**

| Бағдарлама деңгейінің атауы | Оқудан өткен тыңдармандар саны | Сертификат беруге ұсынылғандар | % | Сертификат беруге ұсынылмағандар | % |
|---|---|---|---|---|---|
| Үшінші (базалық) | 1147 | 1094 | 95,38 | 53 | 4,62 |
| Екінші (негізгі) | 997 | 944 | 94,68 | 53 | 5,32 |
| Бірінші (жетік) | 3093 | 2970 | 96,02 | 123 | 3,98 |
| **Барлығы:** | **5237** | **5008** | **95,63** | **229** | **4,37** |

Педагогикалық шеберлік орталығында PASCO Scientific (АҚШ) компаниясы сарапшыларының қатысуымен үшінші (базалық) деңгей бойынша физика, химия және биология пәндерінің 50 мұғалімі оқытылды.

***ҚР Педагог кадрлардың біліктілігін арттыру бағдарламаларын әзірлеу және мониторинг жүргізу***

Есепті кезең ішінде ПШО ҚР педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру бағдарламаларының оқу-әдістемелік кешендерін түзету бойынша жұмыс жүргізді.

Зерттеулер мониторингінің нәтижелері бойынша әдістемелік ұсынымдар (V-VII кітаптар) мен брошюралар басып шығарылды:

V кітап. Кембридж университетінің Білім факультетімен бірлесіп, (жаттықтырушыларды оқыту) «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы әзірлеген деңгейлік бағдарламалар бойынша Қазақстан Республикасының педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарына мониторинг жүргізу. Әдістемелік ұсынымдар.

VI кітап. Кембридж университетінің Білім факультетімен бірлесіп (мұғалімдерді оқыту) «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы әзірлеген үшінші (базалық) деңгейдегі бағдарламалар бойынша Қазақстан Республикасының педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарына мониторинг жүргізу. Әдістемелік ұсынымдар.

VII кітап. Кембридж университетінің Білім факультетімен бірлесіп (мұғалімдерді оқыту) «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы әзірлеген екінші (негізгі) деңгейдегі бағдарламалар бойынша Қазақстан Республикасының педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарына мониторинг жүргізу. Әдістемелік ұсынымдар.

Кембридж университетінің Білім факультетімен бірлесіп, «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы әзірлеген бағдарламалар мазмұнының сапасын және нәтижелілігін бағалау жөніндегі мониторингтік зерттеулер» брошюрасы.

«Қазақстан Республикасындағы жалпы орта білім берудің мазмұнын жаңарту шарттарындағы білім беруді басқару» атты республикалық семинар-жиналыс өткізу шеңберіндегі мониторингтік зерттеулер» брошюрасы.

Зерттеулер сауалнама түрінде жүргізілді, оның респонденттері осы бағдарламалар бойынша біліктілікті арттыру курстарының тыңдаушылары – мұғалімдер, мектеп директорлары, сондай-ақ «Қазақстан Республикасындағы жалпы орта білім берудің мазмұнын жаңарту шарттарындағы білім беруді басқару» атты республикалық семинар-жиналысының қатысушылары болды.



***ҚР жалпы білім беретін ұйымдар басшыларының біліктілігін арттыру***

2013 жылғы 30 сәуірде жасалған Кембридж халықаралық емтихан кеңесі шеңберінде ПШО ҚР жалпы орта білім беретін ұйымдары басшыларының біліктілігін арттыру бағдарламасы әзірленді.

ДББҰ басқармасының шешімімен жаттықтырушылар мен директорларды оқыту үшін оқу-әдістемелік кешендері даярланды және бекітілді. Оған Оқыту бағдарламалары, курсалды тапсырмалар, мектептегі практика кезеңіндегі тапсырмалар (жаттықтырушылар үшін), басшыға арналған нұсқаулық, жаттықтырушыға арналған нұсқаулық, үлестіру материалдары.

Кері байланыс орнату және ПШО Басшы бағдарламасы оқу-әдістемелік кешеніне негізді толықтыру енгізу мақсатында деңгейлік бағдарламалар мазмұнының сапасы мен нәтижелілігін бағалау бойынша мониторингтік ішкі зерттеулер жүзеге асырылды.

Кембридж университеті сарапшыларының қатысуымен даярланған 30 жаттықтырушы мен бағалау жөніндегі сарапшы Астана қаласында Қазақстан Республикасы жалпы білім беру ұйымдарының 250 басшысын оқытуға кірісті.

Кембридж Халықаралық Емтихан Кеңесі сарапшылары ПШО және «ӨРЛЕУ» Ұлттық біліктілікті арттыру орталығы» АҚ жаттықтырушыларына арналған тәлімгерлік бағдарлама іске асырылды:

> ***30 жаттықтырушы мен бағалау жөніндегі сарапшылар*** даярланды және ***250 басшы*** оқытудан өтті

- ПШО жаттықтырушыларына консультация беру,
- Олардың жұмысына байқау жүргізу,
- Кері байланысты қамтамасыз ету.

Осы бағдарлама бойынша Кембридж университеті Білім Факультетінің 24 сарапшысы 2 апта ішінде Астана, Алматы, Ақтау, Атырау, Ақтөбе, Қарағанды, Павлодар, Өскемен, Шымкент қалаларында ПШО филиалдары мен «ӨРЛЕУ» Ұлттық біліктілікті арттыру орталығы» АҚ-ға барлы және жаттықтырушылардың жұмысы туралы есептер даярлады.

***Жобаның деңгейлік курстарының мұғалімдері мен жаттықтырушыларының қызметін бағалау***

ПШО жаттықтырушылардың қызметіне және педагог қызметкерлер мен ҚР жалпы білім беру мектептері басшыларының біліктілікті арттырудың деңгейлік курстары мен жалпы білім беру мектептерінің басшыларына арналған курстарды өткен уақытта және өткеннен кейін біліктілік талаптарына сәйкестігіне жаттығуын бағалау жүзеге асырылды.

***Бағалау жөніндегі 70 сарапшы*** даярланды және ***24 біліктілік емтиханы*** өтті

Сертификатталған 64 сарапшы ПШО және оның филиалдары, сондай-ақ республика өңірлерінде «ӨРЛЕУ» Ұлттық біліктілікті арттыру орталығы» АҚ мен оның филиалдары базасында біліктілікті арттырудың деңгейлік курстарынан өткен 23 топқа бағалау жүргізді.

**36-кесте. 2013 жылғы сарапшылар бойынша деректер**



| Сарапшылар контингенті | Саны | Зияткерлік мектептер | ПӨО филиалдары | ҰБАО Өрлеу | ЖОО-лар | Колледждер | Жалпыбілім беретін мектептер |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Даярланды | 70 | 25 | 3 | 23 | 11 | 2 | 6 |
| Сертификатталғандар | 63 | 23 | 3 | 20 | 10 | 2 | 5 |
| Сертификатталмағандар | 7 | 2 | - | 3 | 1 | - | 1 |
| Штатта | 34 | 14 | - | 13 | 5 | 1 | 2 |
| Штаттан тыс | 28 | 9 | 3 | 7 | 5 | 1 | 3 |

Оқытушыларды қорытынды бағалау мақсатында 14531 портфолио мен мұғалімдер тұсаукесерлерін суммативті бағалау жүргізілді.

12703 мұғалімді сертификаттау ұсынылды. Атап айтқанда 7815 мұғалімді 3 деңгей, 1918 мұғлімді 2 деңгей, 2970 мұғалімді 1 деңгей бойынша сертификатату ұсынылды. 3 және 2 деңгейлер бойынша мұғалімдерге арналған қайталама Біліктілік емтиханын өткізудің қорытындылары бойынша 1456 мұғалім сертификаттауға ұсынылды, оның ішінде 1269 мұғлімді 3 деңгей, 201 мұғалімді 2 деңгей бойынша сертификаттау ұсынылды.

Деңгейлік курстар жаттықтырушыларын бағалау мақсатында жаттықтырушылардың 207 портфолиосын формативті және суммативті бағалау жүргізілді. КХЕК шешімі бойынша 186 жаттықтырушы сертификаттауға ұсынылды, оның ішінде 131 жаттықтырушыны 3 деңгей бойынша және 55 жаттықтырушыны 2 деңгей бойынша сертификатату ұсынылды (44 жаттықтырушы екі деңгей бойынша сертификатталды).

14 сарапшылыққа кандидат жаттығудан өткізіліп, бағаланды, оның ішінде 14 сарапшы

КХЕК сетификаттауына ұсынылды.

***Желілік қоғамдастық қолдауы***

Біліктілікті арттыру курстары тыңдаушыларының желілік қоғамдастығын қолдау үшін ПШО-ның ресми ақпараттық веб-сайты www.cpm.kz жұмыс істеуін жалғастыруда, «Педагогикалық сұхбат» ақпараттық-әдістемелік журналы басып шығарылуда.

***ПШО веб-сайты***




Сайт құрылымы үш бөлімнен тұрады, оның үшеуі (форум, портал, желілік қоғамдастық) жабық болып табылады және жаттықтырушылар мен мұғалімдер үшін жеке шектелген. Сайт материалдарына қолжетімділік алу үшін міндетті түрде тіркелу керек. Сайтта курстардың тыңдаушыларына арналған барлық қажетті ақпарат орналастырылған (сабақ жоспарлары, кестелер, бағдарламалар, үлестірмелік материалдар, тапсырмалар және т.б.), олар курс материалдарын табысты меңгеруге жәрдемдеседі. Сайттағы материалдар үш тілде: қазақ орыс және ағылшын тілдерінде жарияланады.

Деңгейлік бағдарламалар порталын жаңғырту және жаңарту жөнінде жұмыс жүргізілуде. Курс тыңдаушыларына қосымша көмек ретінде АКТ-модулі жасалған. Онда әртүрлі бағдарламалық құралдарды пайдалану бойынша қадамдық нұсқаулық пен бейне-нұсқаулық орналастырылған. Сонымен қатар онда деңгейлік бағдарламаларды жақсырақ меңгеруге арналған қосалқы бейнематериалдарды қамтитын «Бейнекаталог» та бар. Ақпарат жинақтағыш жасалған, оған сабақ жоспарларының/сыныптан тыс іс-шаралардың әдістемелік әзірлемелері мен педагогикалық қоғамдастықтың басқа да материалдары орналастырылатын болады.

2013 жыл ішінде тіркелген пайдаланушылардың жалпы саны 21 643 адамды құрайды, 212 780 рет кірген және 1 652 600 рет қаралған.

Тіркелген пайдаланушылар саны
***212 780*** қаралу саны
***1 652 600***

Педагогтер туралы электрондық дерекқор курс тыңдаушылары – мектеп басшылары туралы ақпаратпен толықты.




### *«Педагогикалық сұхбат» ақпараттық-әдістемелік журналы*



Кембридж университетінің Білім факультетімен ынтымақтастықта қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде «Педагогикалық сұхбат» ақпараттық-әдістемелік журналын басып шығару басталды.

«Педагогикалық сұхбат» журналы («Педагогический диалог», «Pedagogical dialogue») 2013 жылғы 23 маусымда Сериялық басылымдарды тіркеу жөніндегі Халықаралық орталықта тіркеліп ISSN (ЮНЕСКО, г. Париж, Франция), халықаралық нөмір берілді (ISSN 2308 – 7668).

Журналға қосымша ретінде «Педагогикалық шеберлік орталығының әдістемелік кітапханасы» басып шығарылады.

Осы қосымша шеңберінде Орталық мынадай әдістемелік басылымдар шығарды:

- «Lesson study тәсілін іске асыру бойынша мұғалімдерге арналған нұсқаулық»;
- «Рефлекстік есептерді жазу және тұсаукесерлерді даярлау бойынша әдістемелік ұсынымдар»;
- «Lesson study: қолдану теориясы мен практикасы»;
- «Іс-қимыл барысында зерттеу»;
- «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ мұғалімдерінің шеберлік сыныптарының жинағы;
- Кембридж университетінің Білім беру факультетімен бірлесіп ПШО әзірлеген бағдарламаларға глосарийлер.



ПШО филиалдарының медиажоспарына сәйкес өңірлік және республикалық БАҚ-да бір жыл ішінде 244 мақала жарияланды.

***2014 жылға арналған жоспар***

- Деңгейлік бағдарламалар бойынша жалпы білім беретін мектептердің 5100 мұғалімін оқыту: үшінші (базалық) деңгей-1000, екінші (негізгі) деңгей -1000, бірінші (жетік) деңгей – 3100.
- Деңгейлік бағдарламалар шеңберінде жаттықтырушыларды оқыту: үшінші (базалық) деңгей-180, екінші (негізгі) деңгей -150, бірінші (жетік) деңгей – 70.
- Орта білім берудің жаңартылған мазмұнын енгізу шеңберінде қысқа мерзімді курстар бағдарламасы бойынша 735 жаттықтырушыны оқыту.
- Жалпы білім беретін ұйымдардың Біліктілікті арттыру бағдарламасы бойынша 1000 басшыны оқыту.
- Жалпы білім беретін ұйымдар басшыларының біліктілігін арттыру бағдарламасы бойынша 20 жаттықтырушыны оқыту.
- Деңгейлік курстар мен жалпы білім беретін мектептердің басшыларына арналған курстарға бағалау жүргізу, бағалау жөніндегі сарапшыларды даярлау және олардың біліктілігін арттыру.
- Деңгейлік курстарды бағалау рәсімдерін жүргізуді автоматтандыру.
- Деңгейлік курстарды бағалау рәсімдерін әдістемелік және нормативтік құқықтық қолдауды қамтамасыз ету.



## 5.2 Онлайн сабақтар, онлайн семинарлар

***Онлайн-сабақтар***

Сабақтардың мазмұны математика, физика, химия, биология, ағылшын тілі мен информатика бойынша білім алушылардың білімін, шеберлігі мен дағдысын кеңейтуге және тереңдетуге бағытталған.

*494* онлайн сабақ пен
*48* онлайн семинар
өткізілді

494 онлайн сабақ өткізілді. Кабинеттердің оқу-зертханалық және таныстырылым жабдығы пайдаланыла отырып, шағын зерттеулер жүргізілетін сабақтар.

***Онлайн семинарлар***

Семинарларды математика, физика, информатика, химия, биология, қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі, қазіргі заманғы Қазақстан, география мен өнер пәндері бойынша Зияткерлік мектептердің мұғалімдері аптасына 1 рет өткізеді.

Семинарлардың мазмұны жалпы білім беретін мектептердің мұғалімдерін критерийлік бағалау жүйесімен оқытуға бағытталған.

48 онлайн семинар өткізілді.

Облыстық білім беру басқармаларына материалдары бар дискілердің 1780 жинағы берілді.

Сабақтар мен семинарлардың барлық материалдары (бейне фрагменттер, тәжірибелер, тұсаукесерлер) http://moodle.nis.edu.kz/ адресі бойынша порталда орналастырылды, оған жалпы білім беретін мектептердің мұғалімдері өз ұсыныстары мен сұрақтарын жолдайды.

Онлайн сабақтар мен семинарларды өткізу Eluminate Live бағдарламалық қамтамасыз ету базасында ELP (elp.kz) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің порталы арқылы жүргізіледі. Онлайн сабақтар нақты уақыт режимінде (1.sabak.kz) сайтында көрсетіледі. Нақты уақыт режимінде сабаққа қатыса алмағандар үшін ELP (elp.kz) порталында кез келген уақытта сабақты қарауға мүмкіндік бар.



ДББҰ сайтында математика, физика, химия, биология және ағылшын тілі бойынша «Мұғалімдерге» деген айдар http://www.nis.edu.kz/ru/thematics/ бар (әр сабақ жоспарлары, әдістемелік әзірлемелер, бейне сабақтар, олимиадалық тапсырмалар және басқалары).

***2014 жылға арналған жоспар***

- 494 онлайн сабақ
- 48 онлайн семинар.

## 5.3 Халықаралық конференциялар мен семинарлар

***Халықаралық конференция***

Мұғалімдер, зерттеушілер, жұртшылық, сарапшылар арасында орта білім беру мазмұнын, педагог кадрларды бағалау мен оларды кәсіптік дамыту жүйесін одан әрі жетілдіру бойынша тиімді диалог жасау мақсатында 13-15 қарашада Астана қаласында «Білім берудегі жоғары сапа және көшбасшылық – 2013» халықаралық ғылыми-практикалық конференция өткізілді.



Қазақстандық педагогтар қауымының 500-ден астам өкілі, таяу және алыс шетелдегі 14 елден келген 57 сарапшы (Ұлыбритания, АҚШ, Канада, Жапония, Сингапур, Испания, Италия, Бельгия, Нидерланд, Франция, Ресей және басқалары) конференцияның қатысушылары болды. Конференция шеңберінде 6 жалпы және 48 секциялық отырыс өткізілді



Бірінші күннің тақырыбы – «Орта білім беру мазмұнын жаңарту»:

- Ғылым мен техника дәуіріне құндылықты-бағдарланған білім;
- Өз бетінше оқу дағдыларын дамытуға бағытталған  Ecommi Pronto, бастауыш мектептің эксперименттік  білім беру бағдарламасы;
- Монтессори әдістемесі: шынайы әлемде шынайы жұмыс үшін ойды, қолды және жүректі оқыту;
- Білім алушыларды драма арқылы эмоциялық және әлеуметтік дамыту;
- Үш тілді білімді үндестіру: оркестр тілімен басқару;

Екінші күннің тақырыбы - «Оқыту нәтижелерін бағалаудағы негізгі үрдістер»:

- Балаларды мектепке барған кезде бағалау және прогресс мониторингі;
- Дарынды және таланты оқушыларды айқындаудың тестілік және тестілік емес критерийлері;
- Компьютерлендірілген бейімдік тәжірибе мен мониторингті біріктіре отырып: оқытудың өздігінен ұйымдастырылатын бейімдік құралдарының  мүмкіндігі;
- «Математика» пәні бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерінің мониторингі;

Үшінші күннің тақырыбы - «Мұғалімнің кәсіптік дамуы: дәстүрлер мен өзгерістер»:

- Мұғалімді іс-қимыл барысында зерттеу;
- Педагогикалық практикадағы Lesson study;
- Мектептегі коучинг және  менторинг;
- Мұғалімдердің кәсіптік қоғамдастығы – жаңа мүмкіндіктер;
- Университет-мектептің әріптестігі.

Конференция шеңберінде конференцияға қатысушылар үшін мынадай таратылатын материалдар  берілді:

- Конференцияның үш бағыты бойынша үш томдық ғылыми баяндамалар жинағы;

- «Қазақстан Республикасының балаларын азаматтық-патриоттық тәрбиелеуді бағалау» атты жинақ;
- Формативтік бағалау жөніндегі тапсырмалар жинағы;
- Суммативтік бағалау жөніндегі тапсырмалар жинағы ;
- Математика пәні бойынша «Статистика және ықтималдық теориясы» бөлімі бойынша әдістемелік ұсынымдар;
- Пәндік-тілдік интеграцияланған оқыту жөніндегі әдістемелік ұсынымдар (CLIL);
- «Педагогикалық диалог» ПШО ақпараттық-әдістемелік журналының 2 шығарылымы.

Тұсаукесерлерді және спикерлердің сөздерін қоса алғанда, конференцияның барлық материалдары ДББҰ-ның конференциялар сайтында http://conference.nis.edu.kz/november2013ru/ орналастырылды және пайдалану үшін қолжетімді.








***Семинарлар***

«Қазақстандық жаттықтырушы: тәжірибе, ынтымақтастық және перспективалар» атты I республикалық семинар-кеңес шеңберінде ПШО жаттықтырушылары, шетелдік жаттықтырушы-консультанттар 300 жаттықтырушының қатысуымен 10 шеберлік сыныптарын өткізді. Семинардың қорытындылары бойынша қатысушылардың баяндамалар жинағы дайындалды; ұсынымдар әзірленді.

«Қазақстандық жаттықтырушы: тәжірибе, ынтымақтастық және перспективалар» атты II республикалық семинар-кеңес шеңберінде еліміздің 250 жаттықтырушысы үшін Жапонияның білім беру саласындағы саясатты ұлттық зерттеу институтының жетекші ғылыми қызметкері Тошия Чичибудың қатысуымен, оқытушылыққа және оқытуға зерттеулер жүргізудің маңыздылығы талданды. Семинар ел өңірлерінде онлайн режимде көрсетілді.

Жалпы білім беретін мектептердің мұғалімдеріне арналған «Біліктілікті арттырудың деңгейлік бағдарламаларын енгізу жағдайларында оқыту процесінің проблемаларын зерттеу» атты өңірлік семинар-кеңестер өткізілді.

ПШО филиалдары мынадай бағыттар бойынша 159 шеберлік сыныптарын өткізді, «Критерийлік бағалау жүйесі» - 39, «Сыни тұрғыдан ойлауды дамыту» - 43, «Дарынды және талантты балалармен жұмыс» - 14, «Оқытуда түрлі технологияларды пайдалану» - 63.

## 5.4 Базалық мектептермен жұмыс

Базалық білім беру ұйымдарына тәжірибе тарату жөніндегі іс-қимыл жоспарына сәйкес:

- семинарларды ұйымдастыру;
- базалық мектептермен серіктестік;
- басшы қызметкерлерді тағылымдамадан өткізу жөніндегі жұмыстар жүргізілді .

### *Семинарларды ұйымдастыру*

Базалық мектептерге арналған 5 республикалық семинар және Республикалық форум өткізілді:

- Талдықорған қ. мектебінің базасында директорлардың орынбасарлары мен сынып жетекшілері үшін тәрбие жұмысы бойынша;
- Орал қ. мектебінің базасында 60 мектеп кітапханашысы мен мектеп директорларының орынбасарлары, әдіскерлер үшін «Инновациялық кітапхана»;
- Семей қаласы мен Қарағанды қ. мектептерінің базасында математика мен физика пәндерінің 135 мұғалімі үшін критерийлік бағалау бойынша .
- Көкшетау қ. мектебінің базасында информатика пәнінің мұғалімдері үшін Microsoft of Kazakhstan өкілдерінің қатысуымен білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану бойынша;
- Астана қ. мектебінің базасында жалпы білім беретін мектептердің 300 мұғалімі үшін «Қазақ тілін оқытудағы инновациялық тәсілдер: Назарбаев Зияткерлік мектептерінің тәжірибесі» республикалық форумы.



### *Базалық мектептермен әріптестік*

Әрбір Зияткерлік мектеп бірлескен іс-қимыл жоспарына сәйкес 3 – 7 базалық мектеппен әріптестікте жұмыс істеді.

Базалық мектептердің педагогтары үшін Зияткерлік мектептердің мұғалімдері дөңгелек үстелдер, тренингтер, шеберлік сыныптарын, сабақтан тыс іс-шаралар, брифингтер, ашық есік күндерін, базалық мектептердің әкімшілігіне арналған практика (Job Shadowing), коучнг және консалтинг, семинарлар, пәндік апталар өткізді.

### *Басшы қызметкерлерді тағылымдамадан өткізу*

35 базалық мектептің қызметкерлеріне арналған арнайы тағылымдама бағдарламасы әзірленді, оның мақсаты:

- мектепті дамытудың стратегиялық көрінісі;
- мектептің әлеуетін көтеру үшін стратегиялық жоспарлау дағдыларын қалыптастыру;
- озық педагогикалық практикаларға және оқыту мен оқытушылық әдіснамаларына оқыту;
- мектептер басшыларының қоғамдастығын құру болып табылады.

Тағылымдама бағдарламасы бес сатыдан тұрды:
Бірінші (бағыт беретін) саты – әрбір қатысушының тағылымдамадан өткізу мәні, мақсаттары мен міндеттері бойынша кіріспе интерактивтік сабақтар.

Екінші (оқыту) саты – практикадағы көшбасшылық жүйесімен танысу, оқыту әдістемесінің және стратегиялық даму бағдарламаларының ерекшеліктерін анықтау. Оқытуды Ұлыбритания, Сассекс Университетінің мектептегі көшбасшылық саласында танымал сарапшылар

командасы өткізді.

Үшінші (қашықтан) саты – Зияткерлік мектептердің кураторларын онлайн қолдай отырып, практикада алған білімдерін өз мектептерінде тапсырмаларды орындау арқылы нығайту.

Төртінші (практикалық) саты – Астана, Көкшетау, Семей, Талдықорғаун, Өскемен және Шымкент қалаларында жеті Зияткерлік мектеп базасында "job shadowing" моделі бойынша мектептің миссиясымен және қызметімен танысу.

Бесінші (қорытынды) саты – тағылымдама бағдарламасын байқаудың, педагогикалық рефлексиясының нәтижесі ретінде стратегиялық даму бағдарламасын қорғау.

## 5.5 Орта білім берудің жаңартылған мазмұнын енгізу жөніндегі жұмыс

Республиканың орта білім беру ұйымдарында тәжірибені таратудың жалпы тәсілдері мен тетіктерін енгізу үшін жұмыс тобы құрылды.

ДББҰ мен Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім беру академиясы арасындағы ынтымақтастық туралы меморандум жасалды, орта білім беру мазмұнын жаңарту мәселелері оның нысанасы болды.

Орта білім беру мазмұнын жаңартудың 2 негізгі бағыты айқындалды:

- 2015 жылғы 1 қыркүйектен бастап бастауыш мектептің жаңа стандарты мен бағдарламаларын енгізу;
- 11 жылдық мектепте қазақ, орыс және ағылшын тілдері, «Жобалау жұмыстары» және «АКТ» пәндері бойынша деңгейлік бағдарламаларды енгізу.

Осы бағыттағы жұмыстар үшін Қамқоршылық кеңестің 27 желтоқсандағы отырысында бекітілген орта білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ның тәжірибесін тарату жөніндегі іс-қимыл жоспары әзірленді.

Облыстық және Алматы, Астана қалаларының білім беру басқармаларының, аудандық және қалалық білім беру бөлімдерінің басшылары үшін «Қазақстан Республикасының жалпы ота білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында білім беруді басқару» атты республикалық семинар-кеңес өткізілді.

***2014 жылға арналған жоспар:***

- ҚР Білім және ғылым министрлігіне МББС жобасын және білім беру бағдарламаларын, бастауыш мектептің оқу жоспарларын, «Жобалау жұмыстары» және «АТК» пәндерін ұсыну;
- Елде ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру;
- Қысқа мерзімді курстардың 20 бағдарламасын әзірлеу;
- Қысқа мерзімді курстар үшін 700-ден астам жаттықтырушыны даярлау ;
- Пән мұғалімдеріне арналған пилотық қысқа мерзімді курстар өткізу;
- Педагогикалық жоғары оқу орындарымен кадрлар даярлау бойынша жұмысты ұйымдастыру;
- Орта білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ның тәжірибесін тарату жөніндегі іс-қимыл жоспарының іс-шараларын іске асыру.

# 6-БӨЛІМ. ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕР ЖЕЛІСІ ЖӘНЕ РЕСУРСТАР

## 6.1 Зияткерлік мектептер желісін дамыту

2013 жылдың басында Астана, Көкшетау, Семей, Талдықорған, Өскемен және Орал қалаларында алты ғимаратта 7 Зияткерлік мектеп жұмыс істеді.

Ақтөбе, Атырау, Тараз, Қызылорда, Шымкент (екі мектеп), Павлодар, Қарағанды қалаларында 8 Зияткерлік мектеп пайдалануға берілді.

Зияткерлік мектептерді жобалау және салу мониторингін «Салынып жатқан Назарбаев Зияткерлік мектептерінің дирекциясы» ЖМ (бұдан әрі – Дирекция) жүзеге асырды.

### *Жобалау алдындағы жұмыстар*

Қалалар әкімдіктерінің Көкшетау, Өскемен, Семей, Талдықорған қалаларында Зияткерлік мектептер мен Интернаттарды, сондай-ақ Астана қаласында 120 орынға арналған балабақшасы бар 900 оқушыға арналған Халықаралық мектепті жобалауға және салуға жер учаскелерін беру туралы қаулылары алынды. Жобалау мен салуға арналған барлық жер учаскелері бойынша жерге мемлекеттік актілер алынды.



Астанада физика-математика және химия-биология бағыттарындағы екі Зияткерлік мектепті жобалау және салу үшін Қабанбай батыр, Тұран даңғылдары мен 31 көше қиылысындағы ауданда, алаңы 10,0003 га бөлінген жер учаскесінің шекарасында 178 саяжай учаскелері болды. 157 саяжай учаскесі сатып алынып, бұзып қиратылды. Мемлекет меншігіндегі 21 жер учаскесі бойынша жалдауды ресімдеу рәсімі жүзеге асырылып жатыр. Аллея, саябақ аймағын, демалыс аймағын және автотұрақтарды ұйымдастыру үшін аумақтарды кеңейтуге алаңы 3,982 га жер учаскесі қосымша бөлінді.

Өскемен, Семей қалаларында Зияткерлік мектептерді, Көкшетау мен Талдықорғанда жұмыс істеп тұрған мектептерге Интернаттарды және Астана қаласында Халықаралық мектепті жобалау үшін бастапқы деректер жиналды (учаске бөлу, инженерлік желілер мен коммуникацияларға қосылуға қойылатын техникалық талаптар, сәулет-жоспарлау ғимараты), басқа қалаларда техникалық талаптар жаңартылды (ұзартылды).

Жобалау көрсеткіштерінің сапалық сипаттамаларын жақсрту мақсатында Өскемен қаласында химия-биология бағытындағы, Семейде физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектептерді және Астанада Халықаралық мектепті жобалауға қойылатын арнайы техникалық талаптар әзірленді.

### *Жобалау*

Жобалар құрамына модулдік дербес қазандықтың, құрылыс-монтаж жұмыстарының бірқатар қосымша және қателік жіберілген көлемдерінің енгізілуіне байланысты 2013 жылы 2 объекті (Алматы қаласында екі Зияткерлік мектеп) бойынша жобалау-сметалық құжатта-

маға түзету аяқталды. Сондай-ақ Петропавл қаласында Зияткерлік мектептер құрылысының жұмыс жоспарлары аяқталды. Астана, Семей қалаларында Зияткерлік мектептерді және Көкшетау қаласында жатын корпусты (интернатты) жобалау басталды.

Өңірлер бойынша Зияткерлік мектептерді жобалау мен салу мерзімдерін жетелдету үшін жобалау-сметалық құжаттама әзірлей отырып (байланыстырып) құрылыс жұмыстарын орындауға арналған тендерлер өткізіліп, шарттар жасасылды. Жұмыс жобаларына түзетулердің бекітілуіне байланысты мердігер ұйымдармен тиісті қосымша келісімдерге қол қойылды.

***2014 жылға арналған жоспар***

- Семей, Өскемен және Астана қалаларында Зияткерлік мектептердің (балабақшасы бар халықаралық мектептің) құрылысы бойынша «Мемсараптама» РМК-ның оң қорытындысын алу, сондай-ақ қосалқы объектілердің (интернаттар) құрылысы бойынша жобалау жұмыстары.

***Құрылыс***

2013 жылы бір мезгілде 15 объектінің құрылысы жүргізілді – Ақтау, Ақтөбе, Атырау, Тараз, Шымкент (ФМБ және ХББ), Петрпавл, Алматы (ФМБ және ХББ), Астана, Қызылорда, Павлодар, Қарағанды, Қостанай, Талдықорған. Бұрын тапсырылуға жоспарланған 15 объектінің ішінде құрылыс мерзімдерінің ұзартылуына байланысты (ЖСҚ-ға түзетулердің қажеттігіне орай) 8 Зияткерлік мектеп пайдалануға берілді.

Зияткерлік мектептердің құрылысын техникалық қадағалауды және қолдауды Дирекция жүзеге асырады.



Орал, Ақтөбе, Атырау, Тараз, Шымкент (ФМБ) қалаларында Зияткерлік мектептердің құрылысын техникалық қадағалауды тиісті лицензиясы бар инжинирингтік компаниялар жүргізді.

Дирекция Oracle Primavera жобаларын басқару жөніндегі ақпараттық жүйені енгізді. Бұл бағдарламалық қамтамасыз ету құрылыстың барысы туралы ақпаратпен толықтыру жөніндегі порталды құру есебінен Дирекцияның құрылымдық бөлімшелері мен мердігер ұйымдардың жұмысын, барлық жобаларын біріктіруге, сондай-ақ қатысушылар арасындағы құжат айналымы процесін автоматтандыруға, жобаға қатысушылардың жұмысын үйлестіруге, құрылыс жұмыстарының барысын бақылауға және қажетті басқарушылық есепті қалыптастыруға мүмкіндік берді.

***2014 жылға арналған жоспар***

- 6 Зияткерлік мектептің және 2 қосалқы объектінің (интернаттар) құрылысын аяқтау.

## 6.2 Ресурстар

***Ақпараттандыру***

Зияткерлік мектептердің стратегиясына сәйкес оқытушылық пен оқыту сапасын арттыру мақсатында Зияткерлік мектептердің білім беру қызметін ақпараттандыру жөніндегі жүйелі

жұмыс:

- ақпараттық-білім беру жүйесін және ақпараттық-коммуникациялық басқару жүйесін дамыту;
- оқу-тәрбие процесінде жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы білім беру мен ғылыми қызметтің тиімділік деңгейінің ақпараттық сауаттылығын арттыру;
- оқу-тәрбие процесінде ақпараттық технологияларды үздіксіз пайдалана отырып, оқу бағдарламаларын енгізу;
- білім беру процесінің барлық қатсуышыларының ақпараттық мәдениет қалыптастыру;
- қазіргі заманғы инновациялық ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, жабдықтар мен бағдарламалық қамтамасыз етуді үздіксіз енгізу жолымен жүргізіледі;

Ағымдағы жылы жұмыс істеп тұрған Бірыңғай ақпараттық-білім ортасын (бұдан әрі – БАБО) дамыту жөніндегі жұмыс мынадай тиісті жүйелерді пысықтау арқылы жалғастырылды:

1. Оқушыларды конкурстық іріктеуді ұйымдастыру тиімділігін арттыру мақсатында үміткерлерді іріктеудің кіші жүйесінде:

- статистикалық есептілікті қалыптастыру;
- штрих-кодтар сканерлері арқылы үміткерлерді тіркеу;
- іріктеу жөніндегі деректермен кез келген құрылғы түрімен жұмыс істеуге мүмкіндік беретін, Кіші жүйені SilverLight на ASP.NET технологиядан көшіру;
- тестілеу бағдарламасына бір мезгілде бірнеше ағындарды тестілеуді жүргізу және сұраунамалардың қағаз нұсқаларын басып шығармай мониторингтер жүргізу мүмкіндіктерін толықтыру функциялары пысықталды..

Үміткерлерді тіркеу жөніндегі жаңашылдыққа Шымкент және Алматы қалаларында болған конкурстық іріктеуде сынақ жасалды.



2. Адами ресурстарды басқарудың кіші жүйесінде мынадай функциялар толықтырылды: қызметкерлердің жеке карточкаларын талдап тексеру, еңбек шарттарын және қызметкерлердің жұмыс уақытын есепке алу, демалысын, өтілін есептеу табелін қалыптастыру және кадрлық қамтамасыз ету саласында нормативтік-құқықтық база талаптарына сәйкес есептерді қалыптастыру.

3. Ақпараттық-білім беру ортасының кіші жүйесінде:

- Қашықтықтан оқытуға, есептер, экрандық нысандар мен графАКТер түрінде мониторинг деректерін беруге мүмкіндік беретін фунциялар енгізілді;
- «Оқу күндерінің күнтізбесі» модулі жасалды, «Баға қою журналы» оңтайландырылды (енді бір баға қою үшін 2-3 секунд қажет болады),
- 30% формативтік сабақ және 70% сумативтік сабақ түрінде төртінші баға автоматты түрде қойылатын, «Критерийлік бағалау журналы» нысаны пысықталды;
- Зияткерлік мектептердің медицина қызметкерлерінің жұмыс орнын автоматтандыратын жаңа модуль жасалды.

4. Виртуалды мектеп кіші жүйесінде :

- бағалау критерийлеріне сәйкес бағаларды автоматты жинақтау;
- келесі сатыға Демалыстық мектепке Виртуалды мектеп қатысушыларының өтуі туралы ақпаратты көрсете отырып, түпкілікті нәтижені қалыптастыру,
- қатысушылардың электрондық адресіне және жеке қабинетіне хабарламаларды автоматты түрде жіберу мүмкіндіктері пысықталды.
- «ДББҰ автоматтандыру» жобасы шеңберінде әзірленген жүйелерді енгізу жүргізілді:
- құжатарды басқару процестерін автоматтандыру жүйесі – ақпараттық ресурстарды құруды, сақтауды, беруді, жариялауды, бірлескен жұмысты және жоюды, сондай-ақ

құжаттаманы электрондық енгізуді және деректерді өңдеудің өзге де процестерін ұйымдастыруды қоса алғанда, құрылымдық және құрылымдық емес ақпаратпен жұмысты кешенді түрде автоматтандыруға арналған.

- Сатып алу жүйесі – ДББҰ мен оның фмлиалдарының және еншілес ұйымдарының сатып алу саласындағы бизнес-процестерді автоматтандыруға арналған.
- Материалдық-техникалық құралдарды есепке алу мен бақылау жүйесі – тауарлық-материалдық құндылықтарды (ТМҚ) есепке алуға арналған. Жүйенің ерекшелігі орны ауыстырылатын материалдық құндылықтарды қарау, материалдық-жауапты адамдарды материалдық-техникалық құралдардың амортизациясы мен есептен шығарылуы бойынша және ТМҚ сатып алу мен жаңартуға арналған өтінімдерді автоматтандыру жөніндегі күнтізбемен есепке алу болып табылады.
- Педагог қызметкерлерді бағалаудың автоматтандырылған жүйесі – арнайы ақпаратты жинау және сақтау, сарапшыларды оқыту және олардың қызметін бақылау, жергілікті жерлерде сертификатталған мамандардың Бағдарламаны іске асыру мониторингі, біліктілік сынағын өткізу процестерін қамтамасыз етуге арналған.

ДББҰ-ның ақпараттық кеңістігін дамытудың одан кейінгі жолдарын айқындау мақсатында қолданыстағы жүйеге талдау жүргізілді, автоматтандыруға жататын процестерді айқындау үшін ДББҰ бизнес-процестерін сипаттау жөніндегі жұмыс жүргізілді.

Оқу процесіне қатысушылардың және ДББҰ қызметкерлерінің практикада тиімді пайдалануына ықпал ететін, қолданыстағы жүйенің бірқатар кемшіліктері анықталды:

- бірыңғай тура логин мен парольді пайдалану мүмкіндігінің болмауы (әрбір жүйе үшін көптеген логиндер мен парольдерді есте сақтау қажет);
- жүйелер арасында ақпаратты беру мүмкіндігінің болмауы;
- жүйелер арасында қайталану бар;
- артық жүктелген интерфейс;
- оқушы мен ата-ана үшін шағын функиональдық.



Бұл кемшіліктер ДББҰ-ның ақпараттық кеңістігін одан әрі жаңғырту кезінде жойылатын болады.

Бағдарламалық инфрақұрылымды қалыптастыру жөніндегі жұмыс одан әрі жүргізіліп жатыр:

- Онлайн анықтамалықтар (itwiki.nis.edu.kz).
- Жобаларды және міндеттерді басқару жүйесі (оның ішінде қателерді қадағалау үшін (redmine.nis.edu.kz).
- 1С бюджеттеу жүйесі.
- Бағдарламалық-аппараттық құралдарды әкімшілендіру мен қолдаудың бірыңғай типтік құралдарын енгізу (RedMine).

Microsoft-тан білім беру мекемелері үшін ұсынылатын Live@Edu бағдарламасын енгізу жөніндегі қосымша жұмыстар жүргізілді. Бұл бағдарлама білім беру мекемелері үшін тегін негізде ұсынылады және бай функционалды іске асыруға мүмкіндік береді, Бұл ретте ол ДББҰ тарапынан ешқандай қосымша материалдық немесе уақытша шығындар әкелмейді. Осы бағдарламаның көмегімен @школа.nis.edu.kz түрінде әрбір Зияткерлік мектеп үшін поддомен пайдаланыла отырып, Зияткерлік мектептердің қызметкерлерінің/оқушыларының пошталық аккаунттары Live@Edu сервисіне ауыстырылды, бұл АҚТ бөлігінде ДББҰ-ның шығындарын барынша азайтуға және күнделікті негізде толыққанды жұмыс үшін аспаптар берудің қазіргі заманғы деңгейін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

ДББҰ ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету шеңберінде филиалдар арасында VPN(Virtual Private Network) желілерін құру жөніндегі жұмыс жүргізіліп жатыр. VPN – виртуалды жеке меншік желі, бұл құрылған қорғалған желі немесе Интернеттің қорғалмаған желісі ішіндегі туннель. Осы туннель ішінде криптография құралдарымен деректерді қорғау, шифрлар жүзеге асырылады. VPN арқылы орталықтар мен филиалдардың желілеріне қолжетімділік қамтамасыз етілетін болады, оның бүкіл артықшылықтарымен Active Directory технологиялар (жалпы папкалар, файлдар алмасу), Intranet сайттар - «ТМҚ Есепке алу және бақылау жүйесі», «СЭПУД» автоматтандырылған жүйелер» енгізіледі, 1С жүйесіндегі жұмыс ақпаратты қорғау үшін ғимараттан тыс, оның шегінде қолжетімділіксіз желінің «ішінде» болады (яғни желі ішінде, Интернеттен оған қолжетімділік берілмей).

Бұл сатыда FreeBSD операциялық жүйенің көмегімен гибридтік шешім пайдаланылады, ол жаңа әкімшілік ғимаратқа көшу сәтіне дейін филиалдармен VPN қосылу үшін шлюз рөлін атқарады.

Терминалды қолжетімділікпен 1С бірыңғай серверін өрістету жөніндегі жұмыс жүргізіліп жатыр.

Live@Edu бағдарламасынан Office 365 бағдарламасына жаңғырту шеңберінде миграция жүргізілді.

Жаңадан ашылған мектептерде Зияткерлік мектептердің жылдамдағы кемінде 40 мбит/сек Интернет желісіне қолжетімділігін ұлғайту жөніндегі жұмыс жүргізілді.

Ағымдағы жылдың басында жұмыс істеп тұрған және жаңадан ашылған Зияткерлік мектептер компьютерлік, интерактивтік, перифериялік жабдықтармен және лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз етумен жарақтандырылды.



Шығармашылық әлеуетті дамыту, ой-өрісті кеңейту, оқу процесіне тарту үшін оқу-тәрбие жұмысының жобалары шеңберінде интерактивтік ақпараттық-коммуникациялық жабдық саласындағы жетістіктер мен оларды мектеп қызметінде қолдану мүмкіндіктері зерделенді. Осы жұмыстың қорытындылары бойынша:

- Орал, Қарағанды, Астана, Тараз, Қызылорда, Атырау, Павлодар, Шымкен қалаларында шағын телестудиялар ашылды. Шағын телестудиялар білім алушыларға мектеп қызметі туралы бейне репортаж жасау, тәжірибелерді түсіру, монтаждау және мектеп сайтында орналастыру жөніндегі практикалық жобалау жұмыстарымен айналысуына мүмкіндік береді.
- Астана, Павлодар, Атырау, Талдықорған, Қызылорда және Орал қалаларында кез келген беткі қабатта бейнелердің жобасын жасауға мүмкіндік беретін интерактивтік едендер орнатылды, бұл ретте үш өлшемді бейнелардің бір бөлігі қозғалысты сезінеді. Алдын ала орнатылған бағдарламалар оқушыларға ойын түрінде пәнді меңгеруге мүмкіндік береді.
- Робот техника бөлмелері Bioloid Premum Kit, Aldebaran Nao соңғы буын жұмыстарымен жарақтандырылған, олар бастапқы бағдарламалау, оқушылардың жаратылыстануға, математика мен инженерлік ғылымдарға қызығушылығын арттыру дағдыларын жетілдіруге ықпал етеді.
- Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2013 жылғы 19 маусымдағы № 17-50/3178 тапсырмасы бойынша «Графика және жобалау» элективті курсын енгізу арқылы Зияткерлік мектептер базасында пилоттық жоба іске қосылды. Біздің мектептер 3D технологияларын пайдалану бойынша сынақ алаңы болып табылады. 3D принтерлер «Информатика» және «Өнер» пәндері бойынша «Моделдеу» және «Гра-

фика» бөлімдерін зерделеу кезінде шынайы, виртуалды және абстрактілі жүйелердің 3D объектілерін жобалау, моделдеу және жасау үшін пайдаланылатын болады. Білім алушылар «Биология», «Химия» және «География» сабақтарында 3D технологиялардың негіздерімен және мүмкіндіктерімен танысады. 3D-принтер — цифрлық 3D-моделі бойынша физикалық объектіні қабат-қабатпен жасау әдісін пайдаланатын құрылғы. 3D принтерінің көмегімен оқушылар үшін пәндер дизайнін әзірлеуге мүмкіндік жасалады, компьютерде 3D бағдарламада салуға болатынның барлығы өмірде іске асырылуы мүмкін. 3D басып шығаруды пайдалану иттерациялық моделдеуге жылдам жол ашады. Оқушылар 3D деталін әзірлеп, оларды басып шығарып, тестілеп және бағалай алады. 3D технологияларды қолдану мектеп жобаларында инновациялар үлесін ұлғайтуға әкеледі.

***2014 жылға арналған жоспар***

«ДББҰ автоматтандыру» жобасы шеңберінде 9 ақпараттық жүйені (кіші жүйелер) қолдау – адами ресурстарды, үміткерлерді даярлау және іріктеу, материалдық-техникалық құралдарды бюджеттеу, есепке алу және бақылау, электрондық құжат айналымын басқару және ақпараттық-білім беру ортасы, сатып алу жүйесі, бірыңғай онлайн каталог, ПӨО сарапшыларына арналған портал.

- CITO, Голландия стратениялық әріптестерімен бірлесіп «Сұрақтар банкі» жүйесін әзірлеу.
- Ескі компьютерлер паркін жаңарту.
- Зияткерлік мектептерді шағын телестудиялармен, көшіру-көбейту кешенімен, жаңа роботтар жинақтарымен толық жарақтандыру: Bioloid Comprehensive Kit роботтарымен, Aldebaran Robotics Nao H25 Humanoid Robot Academic Edition роботымен, интерактивтік едендермен, 3д принтерлерімен, шағын типографияларға арналған жабдықтармен, планшеттермен, KINEKT интерактивтік-білім беру кешендерімен жарақтандыру.
- Зияткерлік мектептердің ИТ-мамандары үшін тренингтер ұйымдастыру.
- Робот техниканың мамандандырылған бағдарламалары бойынша информатика мен робот техника мұғалімдері үшін тренингтер мен оқыту ұйымдастыру.
- Қолданыстағы ақпараттық жүйелерді пайдалану бойынша ДББҰ қызметкерлері үшін тренингтер ұйымдастыру.
- Барлық филиалдарда Active Directory доменді бірыңғай бақылаушыға біріктіру. - Active Directory-ді Offce365-пен үйлестіру. Active Directory, Exchange Office365(Outlook, Calendar, Tasks) есептік жазбаны байланыстыру.
- Астана қаласындағы Халықаралық мектепті және балабақшаны олардың пайдалануға тапсырылуына қарай қосымша компьютерлік, интерактивтік және периферийлік жабдықпен жарақтандыру.
- Adobe Connect бейне конференцияның веб-серверін өрістету.
- Microsoft компаниясымен ынтымақтастық туралы жаңа меморандум жасасу.
- Сондай-ақ, ДББҰ әкімшілік ғимараты тапсырылғаннан кейін мыналар жоспарланып отыр:
- ДББҰ-ның, филиалдарының барлық телекоммуникация желілерін бірыңғай желіге біріктіру жөніндегі жұмыс (қоңыр шалудың бірыңғай нөмірі, ішкі тегін телефония).
- Ашық ақпараттық жүйелерді кіріктіру.
- Электрондық НҚА және құжаттарды сақтаудың бірыңғай жүйесін өрістету.

***«Білім беру ортасын өзгерту»***

Мектептерде оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың маңызды аспектілерінің бірі оқытудың білім беру ортасы болып табылады. Зияткерлік мектептерде білім беру ортасын өзгерту жөніндегі жобаны іске асыру үшін халықаралық сарапшылар – Ltd Финпеда фин компаниясы тартылды..




Халықаралық зерттеулер мен практикалардың, сарапшылардың (компания директоры Паси Маттила, сәулетші Санна Пакконен және IT технологиялар жөніндегі маман Вилли Вилжанманем) Көкшетау және Талдықорған қалаларындағы мектептерде білім беру ортасын зерделеуінің негізінде білім беру ортасын өзгерту жөніндегі тәсілдер әзірленді. Оқу-тәрбие қажеттіліктері мен мақсаттарына сәйкес келетін кеңістікті неғұрлым тиімді пайдалану үшін сыныптық бөлмелер, дәліздер мен вестибюл аумақтары сияқты мектеп үй-жайлары мен оқыту талаптарын өзгерту түпкілікті идея болып табылады.

Жобаның қорытындылары бойынша сарапшылар Көкшетау мен Талдықорған қалаларындағы мектептерді дамыту жөніндегі ұсынымдары бар есеп дайындады. Есептің нәтижелері Астана қаласында халықаралық мектеп құрылысының жобаларын әзірлеу кезінде пайдаланылды.



***2014 жылға арналған жоспар***

- Орта білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде жоба материалдарын ақпараттық-түсіндіру жұмысында пайдалану.

***Оқулықтармен және әдебиетпен қамтамасыз етілу***

Зияткерлік мектептердің кітапханаларының кітап қоры түрлі тілдегі алуантүрлі әдебиетпен толықтырылды, ол Зияткерлік мектептердің білім беру бағдарламаларына ғана емес, сонымен қатар жобалау және ғылыми-зерттеу қызметіне де сәйкес келеді, әмбебап және тақырыптық анықтамалық әдебиеттің көмегімен қосымша білім беру үшін, ағылшын тілін түрлі деңгейде меңгеру үшін, білім алушылар арасында оқу мәдениетін дамыту үшін пайдаланылуы мүмкін.

Қазақстандық, ресейлік және шетелдік басылымдармен ынтымақтастық жалғасуда:

- **Oxford University Press,** Ұлыбритания,
- **Cambridge University Press,** Ұлыбритания,
- **Macmillan,** Ұлыбритания
- **Pearson – Longman**, Ұлыбритания
- **Barron's,** АҚШ
- **Marshall Cavendish,** Сингапур
- **DK,** АҚШ
- **Scholastic,** АҚШ және басқалары.
- Желтоқсан айында Зияткерлік мектептердің жалпы кітапхана қоры оқу әдістемелік кешендердің, көркем, ғылыми-танымдық, электрондық әдебиеттің 553 503 данасын құрады.

**1-диаграмма. Жұмыс істеп тұрған Зияткерлік мектептердің жалпы кітапхана қоры.**




Зияткерлік мектептердің оқушылары мен мұғалімдерінің жобалау және ғылыми зерттеу қызметіне қолдау көрсету мақсатында EBSCOhost онлайн ресурстарының коллекциясын пайдалануға арналған лицензия сатып алынды, ол қазіргі заманғы мектеп үшін құнды болып табылатын танымал және білім беру журналдарынан, газеттерден, ақпарат агенттіктерінен, стенограммалардан, брошюралардан, есептерден, құжаттардан, өмірбаяндардан, жинақтардан, сөздіктерден, энциклопедиялардан және басқа да дереккөздерден, электрондық кітаптардан тұратын сапалы толық мәтінді ресурстары бар қолайлы интерфейсті біріктіреді.

Зияткерлік мектептердің кітапхана қорын жаңарту жөніндегі жұмыстар мен «Бірыңғай онлайн каталог» жүйесін іске асыру шеңберінде – Follet Destiny автоматтандырылған кітапхана жүйесі таңдап алынды, ол халықаралық практикада кеңінен пайдаланылады. Аталған жүйе кітапханашылардың кітаптарды есепке алу мен беру жөніндегі жұмысын тиімді түрде жүйелендіруге мүмкіндік беріп қана қоймай, сонымен қатар білім алушылардың дербес жұмыс істеу, электрондық басылымдарды да, баспасөз басылымдарын да іздестіру, сондай-ақ оларды резервке қою жағдайларында білім беру ортасын құрады. Осылайша, Destiny қазіргі заманғы цифрлық әлемде білім алушыларды белсенді түрде оқытуды қолдауда мектеп кітапханасының функционалдық маңызды рөлін кеңейтеді.

Аталған өнімді зерделеу нәтижесінде Зияткерлік мектептердің мамандары мынадай артықшылықтарды анықтады:

- орталықтандырылған шешім, мектептер арасында электрондық деректер базасымен алмасу мүмкіндігі, барлық ресурстарға қолжетімділікті және есеп берушілікті қамтамасыз ету;

- байытылған электрондық кітаптар базасына, сондай-ақ білім алушыларға, мұғалімдерге және кітапханашыларға баспасөз және цифрлық ресурстарды табуға, олармен алмасуға және оларды пайдалануға көмектесетін құралдарға қолжетімділікті қамтамасыз ету.

Астана, Семей, Көкшетау, Өскемен, Талдықорған, Орал, Тараз, Шымкент, Қарағанды, Павлодар, Атырау, Ақтөбе қалаларында жұмыс істеп тұрған Зияткерлік мектептердің кітапханалары кітапхана қорынан кітаптарды санкцияланбаған алып шығудан қорғайтын ұрлыққа қарсы электромагнитті жүйемен жарақтандырылады.

Зияткерлік мектептердің кітапханалары мынадай бірқатар іс-шараларды өткізді: «Book-crossing» әлеуметтік акциясы, «Бәрін тастап, оқы», «Reading times», «Today a Reader – Tomorrow a Leader» сияқты конкурстар мен оқу клубтары. Кітапханалық, компьютерлік және ақпараттық сауаттылық, интернеттің электрондық ресурстарын зерттеу және пайдалану дағдыларын дамыту сабақтарын өткізді.




Кітапханалар сайтында жаңа түскен кітаптар туралы ақпарат, ғылыми-зерттеу жобалары үшін пайдалы сілтемелер мен мектеп өмірінің маңызды оқиғалары көрсетілген.

***2014 жылға арналған жоспар***

- Жаңадан ашылатын мектептердің кітапхана қорын қамтамасыз ету;
- Жұмыс істеп тұрған мектептердің кітапхана қорын дамыту;
- Кітапханашылардың біліктілігін арттыру.

# 7-БӨЛІМ.
# ИМИДЖДІ НЫҒАЙТУ

Осы бағыт бойынша ДББҰ мынадай жұмыс жүргізді:

- ДББҰ-ның корпоративтік сайтын модерациялау және контент-қолдау.
- Бұқаралық ақпарат құралдарымен жұмыс.

***ДББҰ-ның корпоративтік сайтын модерациялау және контент-қолдау***

ДББҰ-ның корпоративтік сайтын жаңғырту бойынша белсенді жұмыс жүргізілді www.nis.edu.kz. Ақпараттық портал ұйымның жаңа символикасына сәйкес орындалды. Оны әзірлеу барысында сайт жасаудың соңғы трендтері ескерілді.

Жаңа сайт ақпарат көзі ретінде ғана емес, сондай-ақ мұғалімдер мен мектеп оқушылары үшін кеңейтілген білім беру порталы ретінде де рөл атқаратыны жаңа сайттың ерекшелігі болып табылды. Сайттың жұмысымен «Виртуалдық мектеп», «Онлайн сабақтар», «Онлайн семинарлар» сияқты жобалар, «Мұғалімдерге» атты бөлім, ДББҰ-ның халықаралық конференциялар сайты, бірыңғай ақпараттық білім беру ортасы, Зияткерлік мектептердің оқушыларын қорытынды атестаттау ықпалдастырылды.

Сайттың жаңа нұсқасы интернет пайдаланушылардың сұрау салуларына сәйкес жетілдірілді. Сайттың жұмыс қуаттылығы мен жылдамдығы ұлғайтылды. Смартфондар, планшеттер және басқа да қазіргі заманғы гаджеттер үшін мобильдік нұсқалар әзірленді. Нашар көретіндер үшін арнайы нұсқа әзірленіп жатыр.



Жетілдірілген ресурстың жұмысы басталған сәттен бастап келушілер саны үш есеге дерлік көбейді. 2013 жылдың басынан бастап веб-ресурсты 1 146 394 адам пайдаланды. «Бірегей пайдаланушы» деп аталатын, күн сайын сайтқа кіретіндер саны 371787 адам болды (7-сурет).

**7-сурет. Сайтқа кірушілік статистикасы**

Google Analytics

Перей

http://nis.edu.kz:
http://nis.edu.kz nis.edu.kz

Аудиторияны шолу

2013 жылғы 1 қаңтар-2013 жылғы 23

Барлық кірушілік
100,00 %

Шолу




**Осы сайтқа кірген адамдар саны: 381 002**

Кіру
1 175 854

Бірегей кірушілер
381 002

Парақшаны қарау
6 813 950

Парақша/кіру
5,79

Кірудің орташа ұзақтығы
00:05:37

Бас тарту көрсеткіштері
28,94 %

Жаңа кірушілік, %
30,63 %




| | Ел немесе өңір | Кіру | Кіру, % |
|---|---|---|---|
| 1. | Kazakhstan | 1 129 667 | 96,( |
| 2. | (not set) | 20 958 | 1,78 % |
| 3. | Russia | 7 766 | 0,66 % |
| 4. | United States | 3 473 | 0,30 % |
| 5. | United Kingdom | 2 752 | 0,23 % |
| 6. | Germany | 1 371 | 0,12 % |
| 7. | Ukraine | 872 | 0,07 % |
| 8. | Turkey | 785 | 0,07 % |
| 9. | Kyrgyzstan | 549 | 0,05 % |

Ашылатын Зияткерлік мектептерге оқушыларды конкурстық іріктеу нәтижелері жарияланған кезде сайтқа кірушілік саны мейлінше көп болады. Зияткерлік мектептерге конкурстық іріктеудің әрбір турының қорытындылары, «Өркен» грантын алушылардың тізімдері, резервтік тізімдер сайтта жарияланады. Бұл фактор шалғайдағы аудандардың тұрғындарының мектепке келмей, сайттан файлдарды жүктеу арқылы өз баллдарын біле алатынымен өте қолайлы болып табылады.

ДББҰ-ның басты сайтының www.nis.edu.kz жұмысымен қатар, ББО, ПШО, ПӨО интернет-ресурстары, сондай-ақ Зияткерлік мектептердің порталдары табысты жұмыс істейді.

БАҚ-мен жұмыс

Ұйымның оң имиджін, іскерлік беделін нығайту, баспасөз өкілдерімен тығыз жұмыс ДББҰ-ның маңызды құрауышы болып табылады. БАҚ жұртшылықты компанияның өзекті оқиғалары мен жобалары туралы ақпараттандыруға белсенді түрде тартылды.

ДББҰ БАҚ-да ДББҰ қызметкерлерінің арнайы сөз сөйлеу графигін әзірледі.

Қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде тәулік бойы хабар тарататын, Kazakh TV (Caspionet) телеарнасымен – «Хабар» агенттігі» АҚ ақпараттық-танымдық телеарнасымен ынтымақтастық туралы уағдаластыққа қол жеткізілді.

Зияткерлік мектептердің шетелдік педагогтарының қатысуымен тележурналдар сериясы дайындалды, онда оқытушылардың Зияткерлік мектептердегі жұмысының призмасы арқылы олардың кәсіптік қасиеттері ашылады. Тележурналдар әрбір 30 минут сайын эфирде қайталанытынымен ерекше болып табылады.

«Білім» телеарнасымен бірлескен жобалар басталды. Олипиадалар лауреаттары мен жеңімпаздары, жас ғалымдар мен Зияткерлік мектептердің инновациялық жобалар авторлары «Тарлан» бағдарламасының кейіпкерлері болды. Балалар жетістіктерінің құпиялары, жарыстарға дайындалуы, интеллектіні жаттықтыруы туралы әңгімеледі. Жалпы, Зияткерлік мектептердің 15-тен астам тәрбиеленушісі хабарларға қатысты. 2013 жылдың соңғы бағдарламаларының бірі Германияда басып шығарылған «Математика және шахматтар» атты бірегей кітап жазған Әсия Ұтжановаға арналды.



Облыстық және республикалық маңызы бар Зияткерлік мектептердің ашылуы БАҚ-да жан-жақты әрі кеңінен жарияланды. Жаңа білім беру объектілерінің іске қосылуы шеңберінде мектеп оқушылары, мұғалімдер мен ата-аналар сұхбат берді. БАҚ арқылы көрермендер Зияткерлік мектептердің ерекшелігі туралы білді, олардың алдында қандай міндеттердің тұрғаны туралы, оқу процесінде қандай инновациялық тәсілдер мен жабдықтардың пайдаланылатыны туралы хабардар болды. Әрбір мектептің түрлі жобалары туралы нақты ақпараттық хабарламалар жыл бойы шығарылып тұрды: Павлодардағы академиялық ескек есу, Шымкенттегі спартакиада, Ақтөбедегі «Ересекке қойылатын 100 сұрақ» жобасы, Оралдағы қолөнер кәсібі және басқалары.

Зияткерлік мектептердің баспасөз хатшылары, сондай-ақ ДББҰ орталықтары мен жеке меншік мекемелерінің жұртшылықпен байланыс жөніндегі мамандары үшін PR менеджмені бойынша семинар өткізілді. «Хабар» телеарнасында, президенттік пулда жұмыс істеген, жетекші медиа жаттықтырушы Ольга Грозной дағдарысты менеджментке, БАҚ-тағы жағымсыз ақпараттық себептерге жедел ден қоюға оқыту өткізіп, баспасз конференцияларын өткізу, сұхбат беру технологиялары, баспасөз релиздерін жазу, әлеуметтік желілерде өзіндік орнын табу бойынша шеберлік сыныптарын өткізді. Барлық қатысушылар семинарға қатысқаны туралы сертификат алды.

Өңірлік журналистердің пулы 50 адамға дейін ұлғайды.

Үкіметтік емес сектормен ынтымақастық жалғасты. Филиалдардың баспасөз хатшылары қоғамдық ұйымдармен, кеңестермен, қайырымдылық қорларымен, демеушілермен, меценаттармен бірлескен жұмыс жүргізді. Жалпы іс-шараларды өткізуге Зияткерлік мектептердің оқушылары мен мұғалімдері тартылды. Әріптестіктің негізгі мақсаты – бұл қоғамға

қызмет ету, мектеп оқушыларына әлеуметтік жауаптылық пен отаншылдық сезімін ұялату. Неғұрлым табысты акциялар өңірлік және орталық БАҚ жарияланды.

БАҚ арасында ДББҰ-ның қызметі туралы озық ақпараттық материалға арналған II Республикалық конкурс өткізілді. Конкурстың негізгі мақсаттары Зияткерлік мектептерге ықыласты қоғамдық пікір қалыптастыру, ұйымның орнықты іскерлік беделін қолдау болды. «Хабар 24» телеарнасының Алматы қ. Зияткерлік мектепке конкурстық іріктеудің басталғаны туралы материал «Озық телевизиялық сюжет» деген номинацияда жеңімпаз болды, «Егемен Қазақстан» газеті «Білім берудегі жоғары сапа және көшбасшылық» атты халықаралық конференция туралы мақала жариялады. Бәсекелесті жарысқа сондай-ақ «Қазақстан» телеарнасы, 7 арна, BNew.kz ақпараттық порталы, Астана радиосы, «Экспресс-К» газеті мен басқалары қосылды.

KAZENERGY журналында «Туған елге тағзым» зерттеу экспедициясы сапарының нәтижелері жарияланды. Сапар қорытындылары бойынша әзірленген ғылыми жұмыстар танымал журнал беттерінде көрініс тапты. Интернет пайдаланушылардың түсініктемелеріне мониторинг жүргізілді. Нәтижелер көрсетіп отырғандай, қоғамда Зияткерлік мектептерге конкурстық іріктеу, мұғалімдерді іріктеу, оқу процесін ұйымдастыру рәсімдері туралы жан-жақты ақпарат жетіспейді.

Баспасөзге жарияланған барлық материалдар жинақталып, мұрағатта сақталады.

***2014 жылға арналған жоспар***

- Зияткерлік мектептердің жас корреспонденттері үшін бірінші Астана медиа-форумын өткізу.
- «Интеллектуал» Зияткерлік мектептер желісі оқушыларының балалар журналын шығару (жұмыс атауы).
- Зияткерлік мектептердің барлық іс-шараларын жан-жақты жариялау.
- Зияткерлік мектептердің қызметі туралы бейне роликтер түсіру.
- ДББҰ қызметі туралы есептік баспасөз конференцияларын өткізу.

# 8-БӨЛІМ.
# БАСҚАРУ ЖӘНЕ МЕНЕДЖМЕНТ

ДББҰ-дағы басқару деңгейі алға қойылған стратегиялық міндеттерге қол жеткізудің маңызды құрамдасы болып табылады. Ұйымдық құрылымды жақсарту, басқару жүйесін диагностикалау шеңберінде ашықтықты арттыру және құқықтық құжаттарды қабылдау ДББҰ-да сапалы басқару жүйесін құрудағы шешуші қадамдардың бірі болды.

ДББҰ-да басқаруды дамытудың оң үрдістерінің арасында мыналар атап көрсетілді: еншілес ұйымдармен ДББҰ-ның өзара іс-қимылының, басқару органдарының өзара іс-қимылының тиімділігін арттыру, еншілес ұйымдарға өкілеттіктер беру.

«Назарбаев Университеті», «Назарбаев Зияткерлік мектептер» және «Назарбаев Қоры» мәртебесі туралы» 2011 жылғы 19 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес **мыналар ДББҰ-ның басқару органдары болып табылады:**

1) «Назарбаев Университеті», «Назарбаев Зияткерлік мектептер» және «Назарбаев Қоры» (бұдан әрі – Жоғары қамқоршылық кеңес) жоғары басқару органы;
2) Қамқоршылық кеңес – басқару органы;
3) Басқарма – атқарушы орган.

2013 жылғы сәуірде Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың қатысуымен Жоғары қамқоршылық кеңестің отырысы өткізілді, онда ДББҰ-ның 2020 жылға дейінгі даму стратегиясы бекітілді, сондай-ақ Қамқоршылық кеңес мүшелерінің құрамы 15 адамға дейін ұлғайтылды. Есепті кезең ішінде Қамқоршылық кеңестің 3 іштей, 5 сырттай отырысы өткізілді.



2013 жылғы желтоқсандағы жағдай бойынша ДББҰ Басқармасының құрамына 9 адам кіреді. Қаралып отырған кезеңде ДББҰ Басқармасы 69 отырыс өткізді. Бүкіл есепті кезең ішінде ДББҰ Басқармасы ДББҰ мен еншілік ұйымдар қызметінің түрлі аспектілеріне қатысты 310 мәселені қарастырды.

***Нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету***
ДББҰ заң қызметінің жұмысы ДББҰ қызметінің барлық салаларында әзірленген материалдарға зияткерлік меншік құқықтарын тіркеуге бағытталған. Ол үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Зияткерлік меншік құқықтары комитетімен, Кітап палатасымен, ISSN сериялық басылымдарды тіркеу жөніндегі халықаралық орталықпен жұмыс ұйымдастырылды.

Бірінші. ДББҰ-ның авторлық құқықтары тіркелді және мынадай объектілерге құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы куәліктер берілді:

- «Қазақстан Республикасы жалпы білім беретін мектептердің мұғалімдерінің педагогикалық шеберліктерін дамыту» жобасы шеңберінде: «Үйлестіру материалдары. 1-4 апта. Бірінші (жетік), екінші (орта) деңгейлер. Бірінші деңгей», «Мұғалімдерді кәсіптік дамыту бағдарламасы. Үшінші деңгей. Мұғалімдерді бағалау қағидаттары», «Бағалау жөніндегі басшылық құралы», «ҚР педагогика қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламасы. Бірінші, екінші, үшінші деңгейлер», «Мұғалімдерге

арналған басшылық құрал. Жаттықтырушыға арналған басшылық құрал. Мектептегі практика кезеңінде орындауға арналған тапсырмалар. Курс алдындағы тапсырманы орындауға арналған нұсқаулық. Бағалау жөніндегі басшылық құрал, Мұғалімдерді бағалау қағидаттары».

- ДББҰ-ның логотипі.
- Зияткерлік мектептер оқушыларының мектеп киімі: мектеп тоқыма көйлегі, кеудеше, кіші, орта және жоғары жастағы ер балалар мен қыз балаларға арналған классикалық үлгідегі мектеп костюмі, спорттық мектеп нысанындағы костюмдердің 2 түрі. Бұл мектеп киімдеріне өндірістік үлгілер алынды.

Екінші. ISSN сериялық басылымдарды тіркеу жөніндегі халықаралық орталықта (ЮНЕСКО, Париж қ., Франция) 2013 жылғы 28 маусымда «Педагогикалық диалог» журналы оған халықаралық нөмір (ISSN 2308 – 7668) беріле отырып, тіркелді.

Үшінші. Қазақстан Республикасының Кітап палатасы халықаралық стандартты кітап нөмірін ISBN берді:

- Критерийлік бағалаудың интеграцияланған моделі;
- Ішкі жиынтық бағалау моделі.

Есепті кезеңде құрылтай құжаттары әзірленіп, әділет органдарында:

- Астана, Шымкент (физика-математика және химия-биология бағыттарында), Тараз, Қызылорда, Павлодар қалаларында ДББҰ-ның 6 филиалы;
- «Білім беру ресурстық орталығы» жеке меншік мекеме есептік тіркеуден өтті.
- Ақтөбе, Атырау, Қараганда, Павлодар, Шымкент (физика-математика және химия-биология бағыттарында), Тараз, Қызылорда қалаларында ДББҰ-ның 8 өкілдігі есептен тіркеуден алынды.



«Назарбаев Зияткерлік мектептері» мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балалардың оқуын төлеу үшін Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің - Елбасының «Өркен» білім беру грантын тағайындау ережесі мен мөлшерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 14 наурыздағы № 317 қаулысына 7 сыныптарға конкурстық іріктеу рәсімін өзгертуге қатысты өзгерістер енгізілді.

ДББҰ қызметінің әртүрлі аспектілерін реттейтін ДББҰ-ның 32 құқықтық актісі бекітілді.

***«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ әріптестері***

ДББҰ қызметі танымал отандық және шетелдік ұйымдармен – білім беру провайдерлерімен тығыз әріптестікте іске асырылады.

36-кестеде ДББҰ-ның әріптестері мен олармен жұмыс істеу бағыттары келтірілген.

## 36-кесте. ДББҰ-ның әріптестері туралы ақпарат

| № | Компанияның аты | Ынтымақтастық бағыты |
|---|---|---|
| | | **2010-нан бастап** |
| **1.** | **«Назарбаев Университеті» ДББҰ, Қазақстан** | • Мұғалімдердің сыни ойлау саласындағы біліктілігін арттыру<br>• Мұғалімдердің біліктілігін арттыру PDP<br>• Білім беру мазмұны мәселелері бойынша<br>• Орта білімдегі зерттеулер мәселелері бойынша<br>• Білім берудегі инновациялар саласындағы мәселелер бойынша |
| **2.** | **Ұлыбританияның Корольдік институты, Royal Institution (RI)** | • Зияткерлік мектептердің 9 – 12-сыныптарының оқушылары үшін элективтік курстар ұйымдастыру |
| **3.** | **University College London (UCL)** | • Назарбаев Университетінің базасында мұғалімдердің біліктілігін арттыру(PDP)<br>• Ағылшын тілі мұғалімдерінің біліктілігін арттыру |
| **4.** | **әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан** | • Оқушыларды жоғары оқу орындарында оқуға даярлау үшін элективті курстарды бірлесіп әзірлеу<br>• Жас және психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, оқушыларды оқытудың жаңа әдістерін, бағыттары мен технологияларын енгізу<br>• Олимпиадаларға бірлесіп дайындау<br>• Ғылыми-практикалық конференцияларды бірлесіп өткізу |
| **5.** | **КембриджДің Халықаралық Емтихан Кеңесі, (CIE) Ұлыбритания** | • Интеграцияланған білім беру бағдарламасының моделін және критерийлік бағалау жүйесін әзірлеу<br>• Пәндер бойынша оқу бағдарламаларын әзірлеу және енгізу<br>• Оқу жоспарларын әзірлеу<br>• Тренинг және мұғалімдерді пәндер бойынша қолдау<br>• «Практиканы іс жүзінде зерттеу» жобасы<br>• Интеграцияланған білім беру бағдарламасын тану және бағалау<br>• Зияткерлік мектептердің қызметін аккредиттеу |
| | | **2011-ден бастап** |
| **6.** | **Пенсильвания Университеті, АҚШ** | • Зияткерлік мектептер басшыларының мектептегі басқару және көшбасшылық мәселелері бойынша біліктілігін арттыру |
| **7.** | **Джонса Хопкинс Университетінің Талантты жастар орталығы, (CTY), АҚШ** | • Зияткерлік мектептердің 7-сыныптарына конкурстық іріктеу кезінде оқушылардың жаратылыстану-математика ғылымдарын зерделеуге қабілеттерін бағалау үшін құралдар мен рәсімдер әзірлеу<br>• Педагогтарды дарынды балаларға сабақ беру әдістемелеріне оқыту<br>• Дарынды балаларды жазғы лагерьлерде оқыту |

| | | |
|---|---|---|
| 8. | **Педагогикалық өлшемдер институты, (Cito) Нидерланды** | • 7, 8, 11 және 12-сыныптар оқушыларының математикадан, қазақ және орыс тілдерінен (екінші тіл ретінде), ағылшын тілінен оқудағы жетістіктерін мониторингілеу<br>• Оқушыларды Зияткерлік мектептердің 7-сыныптарына конкурстық іріктеу жүйесі үшін математикадан, қазақ, орыс және ағылшын тілдерінен тест тапсырмаларын әзірлеу<br>• Тестолог мұғалімдерді оқыту |
| 9. | **Халықаралық Бакалавриат, Женева, Швейцария** | • Негізгі және жоғары мектептерге арналған оқу бағдарламаларын әзірлеу<br>• Оқушылардың жетістіктерін бағалау<br>• Астана қаласының Зияткерлік мектебі мұғалімдерінің біліктілігін арттыру<br>• Астана қаласының Зияткерлік мектебін авторландыру және олардың қызметін бағалау |
| | | **2012-ден бастап** |
| 10. | **PASCO компаниясы, АҚШ** | • Кембридж Университетінің сарапшыларымен бірлесіп Зияткерлік мектептердің мұғалімдерін оқыту бойынша әзірленген біліктілікті арттыру курстарының бағдарламасындағы пәндік құрауыштарды іске асыру мәселелері бойынша |
| 11. | **Teachanywhere, Лондон, Ұлыбритания** | • Шетелдік педагогтар мен жаттықтырушы-консультанттарды іздеу және жалдау жөніндегі қызметтер |
| 12. | **Search Associates, Даллас, Техас, АҚШ** | • Шетелдік педагогтар мен топтар басшыларын (Team leader) іздеу және жалдау жөніндегі қызметтер<br>• Search Associates ресми сайтында ДББҰ-ның тұғырнамасын әзірлеу<br>• Шетелдік педагогтар үшін бос орындардың халықаралық жәрмеңкесін ұйымдастыру<br>• ДББҰ-ға жұмысқа тұрған педагогтарды үздіксіз қолдау |
| 13. | **TIC, Кардиф, Ұлыбритания** | • Шетелдік педагогтар мен топтар басшыларын (Team leader) іздеу және жалдау жөніндегі қызметтер |
| 14. | **International House (IH), Белфаст, Ирландия** | • Білім беру саласындағы консультациялық қызметтер, педагогтарға арналған біліктілікті арттыру курстары |
| 15. | **«High Vill Kazakhstan» ЖШС («Хай Вил Казахстан»)** | • Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы қызметтер |
| 16. | **Palmenia Centre Үздіксіз білім беру орталығы, Хельсинки, Финляндия** | • Бастауыш мектеп мұғалімдерін кәсіби дамыту |
| 17. | **Майкрософт** | • «Инновациялық мектептер», «Болашақты жасай отырып», «IT Академия» жобаларын енгізу үшін бағдарламалық қамтамасыз етілім ұсыну<br>• Педагогтарды ақпараттық-коммуникативтік технологияларға оқыту<br>• Оқушыларды ақпараттық-коммуникативтік технологияларға оқыту<br>• IT-менеджерлерді оқыту |

| | | |
|---|---|---|
| **18.** | **«Өрлеу» БАҰО, Қазақстан** | • Жалпы білім беретін мектептердің педагог қызметкерлерінің ДББҰ әзірлеген Бағдарламалар бойынша біліктілігін арттыру жөнінде жобаны іске асыру<br>• Педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру жүйесінде қосымша білім берудің білім беру бағдарламаларын жетілдіруге бағытталған іс-шаралар өткізу<br>• Кәсіби кадр құрамын дайындауға және қалыптастыруға өзара жәрдем көрсету<br>• Шетелдік әріптестермен халықаралық ынтымақтастықты дамыту |
| **19.** | **Темасек Политехник (Temasek Polytechnic), Сингапур** | • Пән мұғалімдерінің біліктілігін арттыру |
| **20.** | **ММУ Колмогоров атындағы МОҒО, Ресей** | • Мұғалімдердің біліктілігін арттыру<br>• Оқушылар мен мұғалімдерді қашықтықтан оқыту<br>• Іс-шараларды (олимпиадаларды, конкурстарды) бірлесіп өткізу<br>• Оқушыларды халықаралық олимпиадаларға дайындау<br>• Зияткерлік мектептердің 9 – 12-сыныптарының оқушылары үшін элективті курстар ұйымдастыру<br>• Шолу дәрістерін өткізу үшін бейінді пәндердің оқытушыларын жіберу |
| **21.** | **Cambridge University Press (CUP) (Кембридж Университетінің Баспаханасы), Ұлыбритания** | • Бастауыш мектеп үшін оқулықтар мен оқу ресурстарын әзірлеу<br>• Интеграцияланған білім беру бағдарламасына сәйкес бастауыш мектеп үшін әзірлеушілер мен редакторлардың қазақстандық авторларын оқыту |
| | **2013-тен бастап** | |
| **22.** | **Teach Away Inc.** | • Шетелдік педагогтарды іздеу және жалдау жөніндегі қызметтер |
| **23.** | **Capital Education Resourcing: International School Services** | • Шетелдік педагогтарды іздеу және жалдау жөніндегі қызметтер |
| **24.** | **«Болашақ» халықаралық бағдарламалар орталығы, Қазақстан** | • Зияткерлік мектептер педагогтарының ғылыми тағылымдамадан өтуін ұйымдастыру<br>• Зияткерлік мектептерге жұмысқа орналастыру үшін түлектерді іздеу<br>• Бос орындар жәрмеңкелерін ұйымдастыру және шеберлік сабақтарын өткізу |
| **25.** | **Finpeda, Финляндия** | • Зияткерлік мектептердің білім беру ортасын трансформациялау |
| **26.** | **JAMK University of Applied sciences Юваскула қ., Финляндия** | • Пән мұғалімдері үшін біліктілікті арттыру курстары |

Теруге 4.02.2014 берілді. Басуға 6.02.2014 қол қойылды.
Пішімі А4. Қағаз 115 гр. Сандық басылыс.
Шартты б. т. 10,5. Таралымы 15 дана. Тапсырыс № 23

«Педагогикалық шеберлік орталығы» ЖМ типографиясында басылды.
010000, Астана қ., Түркістан көшесі, 2
e-mail: info@cpm.kz, тел.: +7 (7172)-79-96-11

---

Сдано в набор 4.02.2014. Подписано в печать 6.02.2014.
Формат А4. Бумага 115 гр. Печать цифровая.
Усл. печ. л. 10,5. Тираж 15 экз. Заказ № 23

Отпечатано в типографии ЧУ «Центр педагогического мастерства»
010000. г. Астана, ул. Туркестан, 2,
e-mail: info@cpm.kz тел.: +7 (7172) 79-96-11